

БЕКІТЕМІН
УТВЕРЖДАЮ
Мектеп директоры:
Директор школы:
Кудайбергенова К.Д.

Мектепалды 0 сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мәдениет ауылының ЖОББМ»КММ

Сынып/Топ: Мектепалды 0

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.09.- 04.10.2024-2025 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі		Дүйсенбі 30.09.24	Сейсенбі 01.10.24	Сәрсенбі 02.10.24	Бейсенбі 03.10.24	Жұма 04.10.24
14.00 Балаларды қабылдау		«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу		«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. «Ұлттық ойындарды бала тәрбиесінде ұтымды пайдалана білу жолдары» туралы әңгімелесу				
1-апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері», «Үйде жалғыз қалғанда ешкімге есік ашпа»						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҮІӨ уақыты:	14.00-14.30	Дүйсенбі 30.09.24	Сейсенбі 01.10.24	Сәрсенбі 02.10.24	Бейсенбі 03.10.24	Жұма 04.10.24
	14.40-15.10					
	15.20-15.50					
	16.00-16.30					
	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Сурет салу Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру	
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 14.00-14.30						

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: 6 саны және цифры. ҮІӨ міндеті: -6 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге және 1-ден 6-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -салауатты өмір салтына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Дағды: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігіне дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: көрсетілген заттар санының топтарын табуды, логикалық ойлауды; белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтижелер: 5 және 6 сандары мен цифрын; заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Ойындық жағдаят. Педагог алдымен 4 түрлі ертегі	1. Сауат ашу негіздері– тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Қатаң дауыссыз дыбыстар. ҮІӨ міндеттері: -дауыссыздарды қайталау арқылы естерінде сақтату. -суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. -бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу. Дағды: қатаң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: қатаң дауыссыздарда мүлде үн болмайтынын түсінеді. Күтілетін нәтиже: қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады; қатаң дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Артикуляциялық жаттығу жасау.	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: 6 саны және цифры. ҮІӨ міндеті: -1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 6-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекқорлық пен танымдық іс- әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Дағды: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігіне дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: көрсетілген заттар санының топтарын табуды, логикалық ойлауды. Күтілетін нәтижелер: 5 және 6 сандары мен цифрын; заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Педагог мынадай жағдайды ұсынады: жабық қораптан, бұл гараж – бір көлік шықты (шығарады), содан	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: 7 саны және цифры. ҮІӨ міндеттері: -7 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 7-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету, заттарды санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. Дағды: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Ұлттық құндылықтар: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін,киелі сандар қатарымен түсіндіру. Күтілетін нәтижелер: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; заттарды топқа бөлуді, 7сандарын тануды. 6-ға дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: топқа өзімен бірге сикырлы гүл – «жеті	1. Сауат ашу негіздері– тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Үнді дауыссыз дыбыстар. ҮІӨ міндеттері: -дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету. -дауыссыздарды қайталау арқылы естерінде сақтату. -бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Дағды: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажырата білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: үнді дыбыстарда бәсең үн болатынын түсінеді. Күтілетін нәтиже: үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады; үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Бір-біріне жақсы сөздер айтады. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дауыссыз дыбыстар деген не? 2) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді? Артикуляциялық жаттығу жасау.
---	--	--	--	--	--

	кейіпкерлерін тақтаға шығарып қойып, реттік санау жүргізеді. Содан кейін ол тағы бір кейіпкердің топқа жүгіріп кіргенін айтады. Сұрақ қояды: – Қазір қанша ертегі кейіпкерлері бар?(Бес) – 5 қалай шықты? (5 бұл – 4 және тағы 1) Бізге тағы бір кейіпкер топқа келді деп хабарлайды. Сұрақ қояды: – Қазір қанша кейіпкер болды? – 6 қалай шықты? (6 бұл – 5 және тағы 1). 6 цифрымен танысу. 6 цифрын 6 санының таңбасы ретінде белгілейміз. Цифрды көрсету. Педагог 6 цифр туралы өлең оқиды. Бір, екі, үш, Жинап алдық күш. Төрт, бес, алты, Біз жазамыз мықты. Дәптерімізді ашайық, Көрсетілген үлгіге, Әдемі етіп жазайық. Түсіну деңгейі: Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретте неше бала және қандай заттар бейнеленгенін сана. Сонша нүкте сал. Цифрмен сызып қос. – Суретте не бейнеленген? Педагог балалардың назарын 5 доптың қызыл, ал біреуінің түсі басқа екендігіне назар аударады.	«Күрекше», «Ине», «Төбешік», «Түтікше» Дауыссыз дыбыстармен таныстыру. – Үн мен салдырдың дыбысқа қатысуына қарай тілдегі дыбыстар дауысты және дауыссыз болып келеді. Дауыссыз дыбыстар үш топқа бөлінеді. Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: п, к, қ, т, с, ф, ч, ц, ш, щ, һ. Бұл дыбыстарды айтқанда нелер кедергі жасады? Иә, дұрыс айтасыңдар (ерін, тіс, тіл). Бұл дыбыстарды қандай дауыспен айттыңдар (тез және қысқа) Дауыссыз дыбыстардың ішкі сапасы таза салдырдан тұрады. Салдыр өкпеден шыққан ауаның сөйлеу мүшелерінің біріне соқтығысып, кедергіге ұшырауынан пайда болады. «Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны. Педагог дыбыстарды айтады: п, а, к, қ, о, т, с, ә, ф, і, ш, щ, һ, ц. Балалар дауысты дыбысқа қызыл, дауыссыз дыбыстарға көк фишканы көтереді. Түсіну деңгейі: «Кім көп сөз ойлайды» дидактикалық ойыны	кейін – екінші, үшінші ... бесінші. – Балалар педагогпен бірге санайды. – Қанша көлік шықты? (Бес). Тағы бір машинені шығарады. – Барлығы қанша машина шықты? (Алты. Бұл 5 және тағы 1). Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Жолдағы түрлі түсті көліктердің саны қанша болса, пирамиданың сонша сақинасын боя. Көліктердің саны 6 болуы үшін тағы бір көлікті бастырып сыз және боя. Тағы бір дөңгелек пен пирамиданың сақинасын боя. Көлік тақырыбына суретпен жұмыс жалғастырылады. – Суретте қанша боялған машина бар? (Бес) Қанша машинені бояу керек? (Бір). Барлығы қанша боялған машина болады? (Алты. Бұл – 5 және тағы 1.) Бұл іс-әрекетінде пирамида және дөңгелектермен бірқатар тапсырмалар басталады. Пирамида 10 сақинадан тұрады. Балалар қанша санды үйренсе, сонша дөңгелекті бояйды. Дөңгелекпен жұмыс келесідей жүргізіледі. Педагог: Қанша дөңгелек боялған? (5). 6 болу үшін тағы қанша бояу керек? (Бір).	күлтелі гүлдер» әкелгенін хабарлайды. – Қалай ойлайсыңдар, неліктен гүлді бұлай атаймыз? Гүлдің күлтелерін санаймыз! Балалар оны хормен санап шығады. Оның әрбір күлтесіне 1-ден 7-ге дейінгі цифрды жазуға болады. Педагог 7 цифрды бейнеленген карточканы көрсетеді. Бұл цифр туралы өлең шумақтарын оқиды: Жалғыз аяқ көсеу де, Ұқсас екен жетеуге. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Боялған неше тәтті нан болса, сонша дөңгелек пен пирамиданың сақинасын боя. Тәтті нан бәріне жете ме? Тағы біреуін боя. Қанша болды? Тағы бір дөңгелек пен пирамиданың сақинасын боя. Балалар суреттерді анықтап қарайды. – Суретте бейнеленген отбасында қанша адам бар? (Жеті). Отбасы мерекеге дайындалуда. – Тәрелкеде қанша түрлі түсті дәмді тәтті нан бар, сана. (Алты) Барлығына тәтті нан жеткілікті ме? Педагог ең алдымен дөңгелектерді боялған дәмді тәттілердің санына (6) сәйкес бояуды ұсынады. 7-еу болу үшін тағы неше дөңгелек боялуы керек? (Бір). Одан кейін балалар	«Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау. «Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. «Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау. «Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны – Балалар, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Педагог балаларға көмек ретінде тақтаға дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй. Мысалы: «л»– Ләззат, лақ, лаула, люк, лақтыр, лағыл, Ләйлә; «м» – мақта, малта, маймыл, малақай; «н»– нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз, нақышына келтір; «р» – рауғаш, Рауан, Раушан, риза; «у» – уылдырық, уақ. Түсіну деңгейі: «Дыбыс бер» дидактикалық ойыны – Мен сендерге сөздер айтамын, сол сөздердің басында дауыссыз
--	--	---	--	--	---

	Барлығы қанша доп? (Алты). Әрі қарай, балалар суреттегі заттардың санын санайды және атайды. Педагог ұяшықтарға сонша нүктелер салып, цифрмен сызып қосуын сұрайды. 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Цифр бейнесімен танысу алдыңғы іс-әрекетіне ұқсас жүргізіледі. Ауада 6 цифрын «жаз»: алдымен үлкен сол жақ жарты шеңбер сыз, дөңгелекте, содан кейін кіші сопақша сыз. Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі. Үлестірмелі материалдан №6 парақты пайдаланып пазлдарды құрастырып, 6 цифрының бейнесін жасайды. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін педагог заттармен қимыл-қозғалыс жасауды ұсынады. Ұсақ заттарды бүктеуге арналған тапсырмалар (түймелер, текшелер, мозайка бөлшектер, ұсақ жапсырмалар). 6 цифрының контуры бойынша (А5 парағында басылған цифр контуры). Содан кейін ол цифр көрмесін ұйымдастырады. Сергіту сәті. 5 рет секіру, 6 рет шапалақтау, әр аяқпен 5	– К дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. – Кітап, кілем, кім, кілт, киіз. – Т дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер. – Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, тіс. «Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дауысты дыбысты естігенде бір рет шапалақ ұрасыңдар да, ал дауыссыз дыбыстарды естігенде жұдырықпен партаны ұрасыңдар. Педагог сөздегі дыбыстарды жеке-жеке, дауысты дыбыстарды созып оқиды. Мысалы: сағат, автобус, тарақ, факел, ожау, қайрақ, орындық, күшік, үкі, чупа-чупс, қобыз, шар, шахмат, өшіргіш, щетка, ит, ірімшік, әтеш, ыдыс, тау, киіз, циркуль. «Сөзге дауыссыз дыбысты қос» дидактикалық жаттығуы – Мен қандай да бір сөздің басын айтамын, ал сендер түсіп қалған дауыссыз дыбысты жалғап, толық сөзді айтуларың керек. Мысалы: қа..., ша..., авто..., тара..., үті..., шахма...,	Түсіну деңгейі: 2-тапсырма. Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Педагог 6 цифры бар карточканы көрсетеді. Цифр бейнеленген суреттермен жұмыс алдыңғы өткізілген сабақтарға ұқсас. Ауада 6 цифрын «жаз»: алдымен үлкен сол жақ жарты доғалды сыз, дөңгелекте, содан соң кішкене сопақша сыз. Содан кейін суреттегі жолдың үстінен қарындашпен бастырып сыз. Сергіту сәті. 5 рет секіру, 6 рет шапалақтау, әр аяқпен 5 рет таптау, 6 рет досыңмен алақан беттестіру. Балалар қимылдарды педагогтің айтуына сәйкес орындайды. «Дұрыс көрсет» ойын жаттығуы. Педагог балаларға 1-ден 6-ға дейінгі цифрлар бейнеленген жеке карточкалар жиынтығын таратады. Содан кейін ұяшықты нүктелермен толтырады. Балалар тиісті карточканы көрсетіп, цифрды атайды. Санау материалымен жұмыс. Педагог балаларға түрлі түсті шеңберлер жиынтығын таратады. 6 шеңберді қолданамыз. Әрі қарай, тақтаға шеңберлер тізбегін орналастырады,	жетінші тәтті нанды бояйды. Түсіну деңгейі: 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Балалар өз бетінше орындайды. Педагог балалардың дұрыс отыруына, қолын дұрыс орналастыруына, қарындашты қалай ұстайтынына назар аударады. Цифрдың бейнесімен жұмыс өткен сабақтағыдай жүргізіледі. Ауада 7 санын «жаз», содан соң цифрдың үстінен саусағыңмен жүргізіп, оны ермексаздан жасайды. Сергіту сәті. 7 рет секіру, 7 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 7 рет көршіңмен алақан соғыстыру. Балалардың қимыл-қозғалыстары педагогтің басшылығымен жасалады. Ойындық жаттығу. «Цифрды жина». Педагог балаларға жеке пазл жинағын таратады (№ 6, № 7 парақ). Балалар 7 цифрын құрастырады. 7 цифрына ұқсайтын заттардың атауын атайды. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін «Жолмен жүріп кел» – № 4 парақ. Балалар оң қолымен және	дыбыстан басталатын сөздерді естісеңдер, менің соңымнан сол дыбысты қайталайсыңдар. – Үй, алма, анар, тат, оқ, ру, бау, сағат, арқан, тарақ, жаңғақ, нан, доп, тор, ми, сый, тый, аң, оң, шаш, тас, ата, әже, тәте, пысық, тышқан, ат т.б. «Сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан) т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттердегі заттарды ата. Дауыссыз дыбыстан аяқталатын суреттерді көк дөңгелекпен, дауысты дыбыспен аяқталатын суреттерді қызыл дөңгелекпен қос. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. Қолдану деңгейі: Сергіту сәті: Қол ұстасып достасып, Жүгіреміз жұптасып. Достығымыз жарассын, Бәрі бізге қарасын. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс)
--	--	---	---	---	---

	реттен топылдату, 6 рет досыңмен алақан беттестіру. Балалар қимылдарды педагогтің айтуына сәйкес орындайды. «Дұрыс көрсет» ойын жаттығуы. (Нүктелер түріндегі сан және санның моделін, цифр сәйкестігі). Педагог балаларға әр үстелге бірден алтыға дейінгі нүктеден тұратын текше таратады. Педагогте дәл сондай текше және суреттер бар. Ол заттардың саны бар (1-6) суреттерді көрсетеді текшенің қажетті жағын және кесілген материалдан жасалған карточкадағы цифрды көрсетуді сұрайды. Әрі қарай жұмысты топтық түрде ұйымдастыруға болады. Балалар нүктелерден алынған цифрдың моделін және қажетті цифрды көрсете отырып, текшемен жұмыс істеп үйренеді. Қолдану деңгейі: 3-тапсырма. 5 және 6 цифрларын тауып, қоршап сыз. Оларды боя. 4-тапсырма. Паровозда қандай цифрлар көрсетілген? Жетпей тұрған вагондардың суретін сал. Вагондармен жұмыс балаларға белгілі болғандықтан, педагог әр пойызға паровоздағы көрсетілген цифрларға сәйкес жетпей тұрған	пла..., өте..., күші..., пыша..., қаламса., қайра..., қамы., қайы... т.б. Қолдану деңгейі: Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суретке қара. Дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата. 2. Дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата. Дауысты дыбыстан басталатын сөздің суретін белгіле. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. Сергіту сәті Түлкі жүрер сыландап, Кенет түлкі кідіріп, Құйрығымен бұлғандап. Кетіп қалды жүгіріп. Кутыңдайды қулана, Кенет түлкі кідіріп, Айналаға көз сала. Кетіп барады қыдырып. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 4. Нүктелерді бастыр, жалғастыр. 5. Суреттегідей сал. Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш	балалар оны қайталайды. Шеңберлерді санайды. Бұл жаттығу 3-тапсырманы өз бетінше орындауға дайындық болады. Қолдану деңгейі: 3-тапсырма. Моншақтарды тізу ретін ата. Оларды боя. Әр түстен қанша моншақтан бар, сана. Ұяшықтарға нүктелер сал. Педагог моншақтардың тізбегін атауды, бояуды, моншақтарын әр түсін санауды, ұяшыққа нүктелер салуды ұсынады. 4-тапсырма. Сана. Цифрды қоршап сыз. Түсініктеме берумен орындалады. Санауды хормен ұйымдастыруға болады. – Суретте қанша қарындаш бар? (бес). Бес цифрын тауып, қоршап сызады. Педагог іс-әрекетіне қорытынды жасайды. Балаларды ынталандырады. Іс-әрекетінің соңында мәшинені «гаражға қоюға» болады, оны санау арқылы жүргізуге болады. Педагог балалардың қандай сандарды білетінін еске түсіруді ұсынады. Белгілі бір цифры бар заттардың бейнеленген карточкалары және сәйкес цифрды табуды ұсынады. Сондай-ақ, іс-әрекетінде оқып танысқан цифрды пазл арқылы құрастыруды	сол қолымен цифр жиектерін сызып жүргізеді. Қолдану деңгейі: 3-тапсырма. 6 және 7 цифрларын тауып, қоршап сыз. Оларды боя. Санау материалдарымен жұмыс. Педагог балаларға түрлі түсті геометриялық фигуралардың жиынын таратады (7 дана). Балалар педагогке ілесіп фигуралар бірізділігін сақтап орналастырады, оларды санайды. Олардың реттілігін атап көрсетеді, мысалы: дөңгелек, дөңгелек, үшбұрыш... Бұл жаттығу өз бетімен 4-тапсырманы орындауға дайындық болып табылады. 4-тапсырма. Фигуралар тізбегін боя. Фигуралардың тізбегін жалғастыр. Өзің бір заңдылық ойлап тауып, оларды боя. Өзің тізбек ойлап тауып, суретін сал. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін педагог ұсақ заттармен жұмыс істеуді ұсынады. Ұсақ заттардан (түймелер, текшелер, мозаика бөлшектері, ұсақ жапсырмалардан) 7 санын құрастырады. А5 парағында басылған	3. Штрихта. 4. Бастыр. Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортанғы саусақпен ұстайды. Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында. «Бәрінен де мен күшті», –Деп айтады оң қол. «Неге сен? Ал мен ше!» –Деп келіспейді сол қол. Екі қолдың күштерін, Кәне, сынап көрейік. Оңға солға тартайық, Дастастырып қайтайық. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.
--	---	--	--	---	---

	вагондардың суретін салуды тапсырады. Балалар цифрды атайды, оларға қанша вагон жетіспейтінін айтады. Суретін салады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Санақ материалымен жұмыс. Педагог кері санауды ұсынады – модель мен цифрға сәйкес заттардың қажетті цифрын орналастыр. Педагог жұмысты қорытындылайды, балаларды жұмысқа ынталандырады. Ертегі кейіпкерлерімен кері санау тәртібінде қоштасуды ұсынады. Алтыншы, бесінші, төртінші... кейіпкерлер үйлеріне оралады. Балалар ертегі кейіпкерлерін кері санайды және олармен қоштасады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	саусақпен – басбармақ, сұқ саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында. Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді. Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Қатаң дауыссыз дыбыстарды айтқанда созуға, дауысты көтеруге, әуенін өзгертуге бола ма? – Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	ұсынуға болады (№ 5, № 6 парақтар). Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	санның контурын жиектеп сызады. Содан кейін сандар көрмесі ұйымдастырылады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	– Не ұнады, қандай ойын қызықты болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша					

1 үзіліс – 14.30 – 14.40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Жүгіруге арналған ойын. Сюжеті-рөлдік ойын: «Өрт сөндіруші»

Басты міндеттері: Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, сюжетіне байланысты топтарға бөлініп, ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру. Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары, олардың күтпеген жағдай туғанда қажеттілігі жайында түсінігін молайту. Балалардың сөйлеу тілін дамыту.



Жүгіруге арналған ойын.

Сюжеті-рөлдік ойын: «Өрт сөндіруші»

Міндеттері: Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, сюжетіне байланысты топтарға бөлініп, ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру. Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары, олардың күтпеген жағдай туғанда қажеттілігі жайында түсінігін молайту. Балалардың сөйлеу тілін дамыту.

Дағды: Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.

Жағдаят: Дабыл бойынша шақыру;

Жағдай болған жерді қарап, сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу;

Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану;

Жазғырылғандарды құтқару. Алғашы медициналық көмек көрсету;

Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу;

Тәрбиешінің іс-әрекеті: ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп, арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды, жедел жәрдемді шақырады.

Балалардың іс-әректі: Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай болған жерде жанатын қызыл отшаларды бақылап, желі бойынша, қандай сақтау қызметінің жұмыс атқаратынын қадағалайды.

ТЖМ әр түрлі жағдайда, әр уақытта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді, адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді.

Арнайы техника жүргізушісі зардап шеккендері тамақ киімен қамтамасыз етеді. Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды. Жедел жәрдем науқастың шақыру бойынша қызмет көрсетеді.

Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотоға түсіреді.

Есіне сақта! Өрт сөндіруші әлемдегі ең қиын мамандықтардың бірі. Бұл салада қызмет ету үшін үлкен жүрек керек. Тілсіз жау салғырттықты кешірмейді. Оқыс жағдай кезінде жылдам шешім қабылдап, табандылық таныту маңызды.

Оттың пайдасы мен зияны туралы қорыту;

1. Сіріңке мен оттықпен ойнамауымыз керек.

Олар өртке әкеліп соқтыруы мүмкін.

2. Газ плитасына жақындамау керек.

3. Газ плитасы жанып тұрған кезде асханада жалғыз қалмау.

4. Разеткаға жақындама, оған әрбір заттарды тықпа, әйтпесе тоқ ұрады.

5. Аулада от жақпа ол өртке әкеліп соғуы мүмкін.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 14.40 – 15.10

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Шаштараз.(Өлең) ҮІӨ міндеттері: балалардың ойлау қабілетін дамыту; балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дағды: таза, ұқыпты жүре білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: өлең мазмұнын, таза, ұқыпты жүруді әдетке айналдыру. Күтілетін нәтиже: -өлеңді жатқа айтады, жұмбақтың шешуінің түбірлес сөздерін табады; -өлең сөздерінің ішінен түбірлес сөздерді табады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз? Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтындаршы? Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер? Өздерің таза жүресіңдер ме? Түсіну деңгейі: Түбірлес сөздер деп түбірі бір сөздерді айтамыз. Мысалы: талап – талапты, талапсыз;өсір – өсіру, өсірмеу; өнер – өнерлі, өнерпаз; бақыт бақытты, бақытсыз; ар –арлы, арсыз,кітап – кітапхана, кітапша, ойын – ойыншы,	2.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. ҮІӨ тақырыбы: Оттың пайдасы мен зияны. ҮІӨ міндеттері: -оттың пайдасы мен зияны туралы білімдерін кеңейту; Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережесімен таныстыру. -өз іс-әрекетін қорытындылау, шешім шығару, логикалық пікір айту дағдыларын дамыту; -өрт сөндірушілер қызметін құрметтеуге, қырағы, ұқыпты болуға тәрбиелеу. Дағды: Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастыру, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру, өз өмірлері үшін жауапты екенін ұғындыру, ажырата білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Балаларға жақсы мен жаман қасиеттерді ажырата білуге, әдепті және байыпты сөйлеуге, ұқыптылыққа, тазалыққа үлкеннің айтқанын тыңдай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Өрт пен ойнамауды, өрт шығаратын заттарды үлкендердің рұқсатынсыз ұстамауды игерді.Өрттің	2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Бір аптада.(Әдібай Табылдың өлеңі) ҮІӨ міндеттері: -ойын өлеңді жаттауға дағдыландыру; -есте сақтау қабілетін жетілдіру; -жағымды мінез-құлық қалыптастыру. Дағды: Апта –уақыттың өлшем бірлігі деген түсінік қалыптастыру. Ай – уақыт аралығы және уақыттың өлшем бірлігі деген түсінік енгізу,біріктіруге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: аптада жеті күн бар екендігін білетін болады. Күтілетін нәтиже: аптаға, демалыс күндеріне жұмысты қалай жоспарлауға болатынын түсінеді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: – Бүгінгі аспан ашық, күн жылы, көңіл күйіміз көтеріңкі, тамаша! Мен бәріне сәттілік тілеймін! «Ыстық лебіз» әдісі Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтады. – Бір аптада неше күн бар? Балабақшаға неше күн келесің? Неше күн демаламыз?	2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Ең тәтті дүние.(Ертегі) (Қ.Мырза Әли.) ҮІӨ міндеттері: әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту; -дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту; -хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу. Дағды: дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алуға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: хайуанаттарға қамқорлық көрсету керек екенін түсінеді. Күтілетін нәтиже: -әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады; -дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Балалар, дыбыстар –дауысты дыбыс және дауыссыз дыбыс болып екіге бөлінеді. Өліпбиде 42 дыбыс болса, соның 27-сі – дауыссыз дыбыстар. Дауыссыз дыбыстарды атапайтайық. Дауыссыз дыбыстар кеудемізден сығылып, кедергіге ұшырап шығып жатыр. Дауыссыз	2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Менің ойыншықтарым. (Мұзафар Әлімбаевтың өлеңі) ҮІӨ міндеттері: -өлең жаттауда логикалық екпінді қолдануға баулу; -сөздік қорын байыту; -ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. Дағды: Әр баланың ұлдар мен қыздардың өздерінің ойыншықтарын білуі тиіс, сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Сурет бойынша әңгіме айтуға білу. Күтілетін нәтиже: Тақпақты мәнерлеп жаттау тәсілін игерілуі; Сурет бойынша әңгіме құрастыра алуды меңгерілуі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Шаттық шеңберін құру. Ойыншықпен ойнаймыз, Шынығамыз, өсеміз. Жылдан-жылға бәріміз Үлкен болып келеміз. – Балалар, балабақшада, үйде немен ойнайсыңдар? – Тобымызда қандай ойыншықтар бар? Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?» (баланың ойлау қабілетін дамыту).
---	---	--	---	---	---

	ойыншық, ойна, бала – балақай, балалық, балақан, бота – ботақан, ботагөз. Балалар, енді түбірлес сөздер құрастырып көріңдер. Балалар, мен жұмбақ жасырамын, тапқан жауаптарыңа түбірлес сөздер құрастырып беріңдер. Жұмбақтар шешу: Ертемен күнде сен, Қолыңды сүйкесең, Кетіп кір, ласың, Тап-таза боласың. Бұл не? (Сабын) Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүйеді қолын да, Сүртеді жанын да. Бұл не? (Сүлгі) Қолдану деңгейі: Демонстрациялық материал. Балалар, мен Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Шаштараз» өлеңін оқып беремін. Сендер суретке қарап жаттап алуға және өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға тырысыңдар. Шаштараз. Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз. Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім, Соны ұнатпас шаштараз. Ал ұқыпты баланы	алдын алып не істеу керектігін игерді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: жұмбақ жасырады: Шашты ашуын ысылдап, қызыл тілі жалаңдап. (Өрт) – Бүгін біз сендермен және Келтауысармен бірге, оттың пайдасы мен зияны, өрттен қалай қорғану керектігімен, өрт сөндірушілердің еңбегімен танысамыз. Оттың пайдасы: • Жылуды сақтауға көмектеседі. • Тағам дайындаймыз. • Зауыттарда оттың көмегімен металды, шыныны балқытады. • От – символ, мәңгілік алау арқылы ардагерлерді еске аламыз. • Олимпиада алауын спортшылар алып жүгіреді. Түсіну деңгейі: Оттың зияны: • Абайсыз әрекет өртке әкеледі. • Өрттен адамдар көп зардап шегеді. • Отты дұрыстап өшірмесең, ормандағы ағаштар өртеніп кетеді. • Аңдар, құстар зиян шегеді. Интербелсенді тақтадан «От – дос, от – жау» слайдтарын қарау. Қандай	– Бүгін ақын Әдібай Табылдының «Бір аптада» деген санамақ өлеңімен танысамыз (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: <i>қыратта</i> – ауылдың сыртында <i>клуб</i> – кино, мультфильм көретін орын Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Санамақ қалай аталады? Саған ұнады ма? – Апта күндерін атайық. Аптаның әр күнінде немен айналысамыз? – Демалыс күндерін қалай өткізесің? Түсіну деңгейі: Сергіту сәті Аптаның бірінші күні – дүйсенбі, Екінші күні – сейсенбі, Үшінші күн – сәрсенбі, Төртінші күн – бейсенбі, Бесінші күн – жұма, Алтыншы күн – сенбі, Жетінші күн – жексенбі. Педагог «Бір аптада» санамағын эмоциямен 2-3 рет қайталап оқиды, бірге жаттайды. Педагог өлеңнің басын оқып, балалар жалғастыратын жаттату тәсілін пайдаланады. Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Суреттерді қара. Бір аптада неше күн бар?	дыбыстар қатаң, ұяң, үнді болып үшке бөлінеді. Мысалы: Қ, К, П дыбыстары – қатаң дауыссыз дыбыстар. Айтылған кезде қатты естіледі. В, Г дыбыстары – ұяң дауыссыз дыбыстар, жай естіледі. М, Л дыбыстары – үнді дауыссыз дыбыстар, созылып естіледі. Түсіну деңгейі: Қ.Мырза Әлидің «Ең тәтті дүние» әңгімесін мәнерлеп оқиды. Ең тәтті дүние. Хайуанаттар бағының хайуандары түскі асқа жиналды. Дастарқан басында Қоян, Ешкі, Борсық және оларға қонаққа келген Аю отырды. Дәмді тағамдар туралы әңгіме басталды. Ең дәмді тағам сәбіз ғой, шіркін! – деді Қоян. Мә-ә, мә-ә, – деді Ешкі. – Сәбіз, әрине, жақсы, бірақ, орамжапыраққа жетпейді. Тапқан екенсіңдер тәттіні! – деп Аю гүр ете түсті. – Сәбіз бен орамжапырақ та сөз болыппа! Дүниедегі ең дәмді нәрсе – бал! Үндемей қалған Борсық қана болатын. Ол бір есінеп алдыда: Дүниедегі ең тәтті нәрсе – ұйқы! – деді. Әңгіме де нелер жайлы айтылған? Тілдік бейнелілігімен жұмыс:	Шарты: қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады. Слайд арқылы ойыншық түрлері көрсетіледі. Балалар ойыншықтарды ажыратып, атын атайды. Үлкен, кішілігін салыстырады. – Бүгін біз ойыншық туралы әңгімелесеміз. Ол үшін ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Менің ойыншықтарым» өлеңін тыңдап көріңдер. Педагог өлеңді оқиды (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Түсіну деңгейі: Сөздік жұмысы: құлын – жылқының жас төлі құлыншақ – кішкентай құлын ұрыншақ – бір жерін жарақаттап алу Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең ұнады ма? Авторы кім? – Өлеңде қандай ойыншықтар туралы сөз болады? – Сенде қандай ойыншықтар бар? – Саған қандай ойыншық ұнайды?
--	--	--	--	--	--

	Өте жақсы көреді. Шашын сәндеп алады, Жұпар сеуіп береді. Сөздік жұмыс: Араз – қарсы мағынасында; Жұпар – әтір, иіс судың иісі. Сергіту сәті: Қанатымды жазамын, Жоғары-төмен қағамын. Биік көкке айналып, Жұлдыздай жылдам ағамын.	өрт қауіпсіздігі ережелерін білеміз? Өрттің алдын алу үшін: 1. Ешқашан сіріңкемен және оттықпен ойнамауға болмайды. 2. Газ плитасын немесе пешті өз бетімен жағуға болмайды. 3. Токқа қосулы үтіккі немесе шөйнекті қараусыз қалдырмау керек. 4. Орманда от жағуға болмайды. 5. Бензинмен немесе тез тұтануы мүмкін басқа сұйықтықтармен ойнама. «Иә, бұл менмін, иә, бұл менмін, бұлар – менің достарым» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Қолдану деңгейі: – Мен сендерге заттарды көрсетемін, ал сендер олар қай мамандыққа жататынын табыңдар. (Өрт сөндіргіш баллон, қасқа, противогаз, су құйғыш, бетперде). Балалар бұл өртсөндіргіш мамандығына тиесілі екенін табады. «Күштілер, ептілер, батылдар» ойыны. Дабылға тез жететін, Тайсалмайтын батыл кім, Жалынға сүңгіп кететін. Жасқанбайтын батыр кім? (Өрт сөндіруші) Сергіту сәті. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу)	Балалар аптаның әр күнінде не істегенін айт. 2. Әр дөңгелектегі алманы сана. Тиісті цифрмен сызып қос. 3. Жұмбақты шеш. Бір ұяда жеті жұмыртқа. (Апта күндері) 4. Құстарды санап, санын айт. Үзік сызықтарды бастырып сыз. Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. Қолдану деңгейі: Дидактикалық ойын: «Апта күндері» (баланың ойлау қабілетін дамыту). Шарты: тақтаға апта күндерінің суреті ілінеді. Осылардың ішінен демалыс күндерін табады. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Бүгін не туралы әңгімеледік? Өлең қалай аталады? – Сен апта күндерін қалай өткізесің? Қай күндері демаламыз? Балаларды мадақтайды.	Хайуанаттар – животные, ешкі – коза, қоян – заяц, аю – медведь. Бірге қайталайық . Педагог борсық деген жыртқыш жануар екенін айтып өтеді. Хайуанаттар қайда кездесті? Олар не жайлы әңгіме айтты? Қоян үшін не тәтті екен? Ешкі үшін не тәтті екен? Аю үшін не тәтті екен? Ал борсық үшін не тәтті екен? Балалар әңгімеде жанурлар нені ұнатса, сол тәтті екен. Әңгіме мазмұны сендерге ұнадыма? Қолдану деңгейі: Дидактикалық ойын: «Тандап ал да, атын айт». Ойын шарты: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді. Жаңылтпаш жаттау: Міндеті: Жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады. Қай тай лақтай? Қай лақ бармақтай? Сергіту сәті: (Сергіту жаттығуларын А.Меңжанованың «Қайда екен?» өлеңімен жасатуға болады). Қайда екен?	– Мынау – құлыншақ. Ол жылқының төлі. Құлынды еркелетіп, құлыншақ деп атаған. Құлыншақтың түсі қандай? – Сен құлыншақты қайдан көрдің? Құлыншақты сипаттап бер. «Белсенді суреттер» ойыны. Балаға бір ойыншықтың суреті көрсетіледі. Ол суреттегі ойыншықты ым-ишара, пантомима әдісімен бейнелейді. Қалған балалар жасырынған бейнені табады. Сергіту сәті: Мен құлыншақ, құлынмын, Ақын болсаң, жырыңмын, Батыр болсаң, тұлпармын, Негізі сол сырымның. Қолдану деңгейі: Педагог «Менің ойыншықтарым» өлеңін екінші қайтара оқиды. Мнемокестедегі суреттерді атайды. – Мнемокестедегі суреттер арқылы тапқакты жаттаймыз. Балалармен қайталап, өлеңді бірге жаттайды. 2-3 балаға өлеңді жатқа айтуды ұсынады. Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Суретте не бейнеленген? Әр вагонда қандай ойыншықтар бар? Суреттегі өзіңе ұнаған ойыншықты сипатта. 2. Не артық? Белгіле.
--	--	---	---	--	---

		Үлестірмелі материалдармен жұмыс. 1. Көлтауысарға оттың пайдасы мен зиянын түсіндір. Оттың зиянын көрсететін суреттерді қызыл қарындашпен, пайдасын көрсететін суреттерді көк қарындашпен белгіле. 2. Өрттің табиғатқа келтіретін зияны туралы әңгімеле. Өрттің шығу себептерін айт. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.		Қайда екен қолымыз, Оңымыз бен солымыз. Білеміз бе оны біз? Міне, оң мен солымыз, Міне, алақай, қолымыз. Қол соғайық: бір, екі. Ал санайық: бір, екі. Топылдатып билейтін, Аяғымыз қайда екен?	Балалар тапсырма бойынша артық зат – кітапты тауып, белгілейді. 3. Үлкен және кіші доптың суретін аяқтап сал. Боя. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетті пысықтау. – Саған бүгін қандай ойыншық ұнады? Балаларды мадақтау. 
--	--	---	--	---	--

2 үзіліс – 15.10 – 15.20

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар. Дыбыстық есту арқылы ойын: «Менімен қайтала» Мақсаты: Балаларды «а», «у» дыбыстарын сөздерде, буындарда таза, анық айтуға үйрету: гу, му, ну, ух, Шарты: - Сендерде қандай ойыншықтар бар екенін көрейік: тауық, қаз, балапан, бұзау, Балалар карточкалардағы суреттерге қарап нелер бар екенін атай отыра олардың қалай дыбыс білдіретіндерін айтады. Маса өлеңі- зу-зу-зу Қоңыз өлеңі- жу-жу-жу Даулапаз өлеңі- бум-бум-бум Пойыз өлеңі- чух-чух-чух Сиыр өлеңі - му-му-му Көкек өлеңі- ку-ку-ку	Ойын: «Сыпайы сөздер дүкені» Мақсаты: белгілі бір жағдайда сыпайы сөздерді қолдана білуді қалыптастыру. Шарты: Дүкендегі сөрелерге «сыпайы сөздер» орналастырылған: алғыс айту (рахмет, алғыс білдіремін), өтініштер (өтінемін, мархабат), сәлемдесу (сәлеметсіз бе, қайырлы күн, қайырлы таң), кешірім сұрау (кешіріңіз, гафу етіңіз, өкінішті), жылы сөздер (құрметті ана, әке, анашым, әжетайым). Педагог жағдаяттарды сипаттайды, ал балалар сөреге кезек-кезек келіп, сатушыдан өзіне қажетті сөздерді «сатып алады» және жағдаяттарды талдай отырып, оларды қолданады. Жағдаят: Анаң дүкеннен дәмді алма әкелді. Сен алмалардың дәмін татып көргің келді, бірақ анаң түскі	Артикуляциялық жаттығулар «Тіс щеткасымен ойын» жаттығу. Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.
--	--	---

Құбыр (дудочка- ду-ду-ду) өлеңі-ыр-ыр-ыр (Музыкалық құбыр) Жел өлеңі- у-у-у-у		асқа дейін күтуің керек деді. Сен анаңнан оны қалай сұрайсың?			
3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 15.20 – 15.50					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Жидектер. ҮІӨ міндеттері: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту;диалогке қатысуға үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру; сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту. Дағды: Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: жаңа сөздерін сөйлем құруда қолданады. Күтілетін нәтиже: жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырады, диалогке қатысады;	3.Сурет салу- шығармашылық,коммуник ативтік, ойын әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Жаңбырлы күн. (Акварель бояу) ҮІӨ міндеттері: мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Дағды: өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алуға, еркін жұмыстануға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: қағаз бетінде атаулы суретті дұрыс орналастырып қолдана алады, жұмысты орындау барысында қойылған талаптарды дұрыс сақтайды. Күтілетін нәтиже: жаңбырдың түрлері және оны қағаз бетінде түсіру	3. Сауат ашу негіздері- тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Ұяң дауыссыз дыбыстар. ҮІӨ міндеттері: -дауыссыздарды қайталану арқылы естерінде сақтату. -суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. -еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Дағды: Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді. Күтілетін нәтиже: ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады; ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.	3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Ойнайық та ойлайық. ҮІӨ міндеттері: меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру; қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дағды: сөздерді сөз тіркестерімен айтуға, сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді; ұжымдық ойында бір-біріне көмектесу керек екенін түсінеді.	3.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым- қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. ҮІӨ тақырыбы: Ең жақын адамдар. ҮІӨ міндеттері: -отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту. Отбасы мүшелері – бірге тұратын адамдар екені туралы түсінік беру; -балаларды өз отбасы туралы сауатты әңгімелеуге баулу, балалардың айланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; -жақын адамдарға қамқорлық жасауға деген ықыласты тәрбиелеу, отбасына деген оң көзқарас қалыптастыру. Дағды: отбасындағы өзара сыйластық қарым -қатынас дағдыларын дамыту. Ұлттық құндылықтар: отбасындағы үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже:


	қарапайым сұрақтарды түсінеді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?». Ойынның міндеті: зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру. Ойынның шарты: сөйлемді тыңдап, қатесін түзету. Алма, алмұрт, өрік – көгөніс. Дұрыс емес, алма, алмұрт, өрік – жеміс. т.б Түсіну деңгейі: Дидактикалық ойын: «Күз сыйы». Себетте жемістер, көгөністер және жидектер бар. <i>Педагог жемістер мен көгөністерді бір-бірілеп алып қайталау, жидектермен таныстырады.</i> Мынау қандай жеміс? Ол – өрік. Өрік дәмді. Мынау қандай көгөніс? Ол – қияр. Қиярда пайдалы дәрумендер көп. т.б Мынау – қарақат. Мынау не? Мынау – қарақат. Қарақат дәмді, пайдалы. Қарақат қандай? Қарақат дәмді, пайдалы. Қарақат кішкентай, түсі қара. Қарақат қандай? Қарақат кішкентай, түсі қара. Мынау – құлпынай, қ-құ-ұ-л-пы-най. Мынау не?	ерекшеліктерін игере отырып, губкамен немесе қылқаламмен қағаз бетіне жаңбыр тамшыларын салады; табиғат құбылыстары жайлы түсініктері кеңейіп, жаңбырлы күннің ерекшеліктерін біледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Губкамен жұмыс жасауға, яғни бір бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы тамшы бейнесін түсіреді. Қылқаламмен сүйкей жағып, дақтар түсіру тәсілімен де орындап, қағаз бетіне біркелкі шашырата салуларын көрсетеді. Түсіну деңгейі: –Менің жұмбағымның шешуін тауып көріңдер. Тырс-тырс тамады, Тереземді қағады. <i>(Жаңбыр).</i> Бүгін күн қандай? Ашық па? Бұлтты ма? Жаңбыр жауып тұр ма? Тақтадағы суретке мұқият қараңдаршы, бұл не? Түсі қандай? – Жаңбыр жауғанда қандай дыбыс естіледі? Кәне, тыңдап көрейік. Педагог үстел үстіне саусақтарымен тысырлатып жаңбыр дыбысын бейнелейді. Ой, жаңбыр құйып жауып кетті.	Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Артығын тап» ойынын ұйымдастыру арқылы бастайды. Педагог сөздерді барынша жылдам оқиды. Қарға, қамыс, қалам, қамшы, тамшы. (тамшы) Орындық, орман, ожау, олақ, шолақ. (шолақ) Дарига, Дархан, Орхан, Дина, Диана. (Орхан) Сандық, сағат, сақал, мақал, сағыз, соғыс. (мақал) Бөтелке, балға, бал, мал, бала, қала. (мал) Балалар сөздердің ішінен артық сөзді шатаспай, жылдам табулары керек. Балалар сөздің бірінші дыбысы бойынша артық сөздерді табады. Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау. «Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. «Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау. Түсіну деңгейі: Дауыссыз дыбыстармен жұмыс.	Күтілетін нәтиже: берілген тақырыптар бойынша сөздер біледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: «Қызық екен» ойыныБалалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады. Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай. Тапсырма. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата? Күз айларын ата? Күз туралы тақпақ оқы? Сурет бойынша сөйлем құра. Көгөністер. Қандай көгөністерді білесің? Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) <i>қима суреттерден көрсету.</i> Сурет бойынша сөйлем құра Түсіну деңгейі: Жемістер. Қандай жемістерді білесің? Артығын тап? (Алма, өрік, алмұрт, құлынай). Жемістер туралы жұмбақтар айтыңдар? Сурет бойынша сөйлем құра. Жидектер. Қандай жидектерді білесің?	Өз отбасылары туралы әңгімелеп айтуды; Отбасындағы үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болу керектігін; Отбасы мүшелері туралы тақпақ, өлең айтуды біледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Менің анам қандай?» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Ең жақын адамдар деген кімдер? Балалардың жауабы тыңдалады. Педагог «Бақытты балалар» деген сөздің мағынасын ашуды ұсынады. – Бақытты бала өз отбасында, ең жақын адамдарымен бірге тұратын бала, қамқорлық пен махаббатқа толы ортада өскен бала. Отбасы дегеніміз – бір шаңырақта тұратын туыс адамдар. Отбасында атасы, апасы, анасы, әкесі және балалар болады. Отбасы мүшелері бір-біріне қамқорлық жасайды, түсінеді, бір-бірін сыйлайды, жақсы көреді, жылы сөйлеседі. Отбасы қандай болу керек? – Отбасы тату болу керек. Әр отбасы мүшесі кішіпейіл, ізетті болу керек. Бір-біріне көмектесу керек. Сонда бәрі бақытты болады. Түсіну деңгейі:
--	--	--	---	---	---

	Мынау – құлпынай. Құлпынай дәмді, пайдалы. Құлпынай қандай? Құлпынай дәмді, пайдалы. Мынау – таңқурай. Мынау не? Мынау – таңқурай. Таңқурай дәмді, пайдалы. Таңқурай қандай? Таңқурай дәмді, пайдалы. Мыналар – жи-дек-тер. <i>Жидектер дәмді, пайдалы.</i> Қолдану деңгейі: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ- қ-қ- қа-ра-қ-қат. Ұ-ұ-ұ- құ-ұ-л-пы-най Ң-ң-ң-таң-ң-ку-рай. «Дүкен» ойыны. Балалармен кима материалдарды колданып, сұрақ-жауап әдісі арқылыдиалог құру. Жидектер, жемістер, көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Бала дүкенге келеді. Сәлеметсіз бе! Сәлеметсіз бе! Маған кияр қарақат беріңізші. Алыңыз. Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Бала көгөністі, жемісті, жидекті сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс, жеміс, жидек екенін табады. Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»	Қолдану деңгейі: Жаңбыр жаумас бұрын, алдымен аспанда не пайда болады? – Олай болса қағаз бетіне алдымен бұлтты салып аламыз. Бұлт қоюланғанда түсі сұр болады. Енді жаңбыр тамшыларын қағазға былай түсіреміз (салу тәсілін көрсетеді). Үзік сызықтарды қылқаламның ұшымен сүйкей жағу тәсілімен немесе губканың бір бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы тамшы бейнесін түсіреді. Қылқаламмен сүйкей жағып, дақтар түсіру тәсілімен де орындауға болады. Қағаз бетіне біркелкі шашырата салуларын қадағалайды. Жұмыстарына басшылық жасайды, аяқтаған жұмыстарын ауызша бағалайды. Музыка әуенімен «Жаңбыр тамшыларын тосамыз» деген қимылды ойын ойнатады. Үйретілген жаңа әдістермен сурет салғызып, алған білімдері мен іскерліктерін бекітеді. Мұнда дақтарды біркелкі түсіруге дағдыландыру қажет. Балаларға берілетін қағаздың төменгі бөлігінде сәбіз, қызылша т.б.	Педагог дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суреттерін тақтаға іледі: балға, вагон, гүл, ғарыш, доп, жүзім, зырылдауық. Атайды, сөздің бірінші дыбысын ерекше етіп айтады. – Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: б, в, г, ғ, д, ж, з. Дауыссыз дыбыстарды айтқанда көмейде кедергіге ұшырамаған ауа ауыз қуысына күшті қарқынмен келеді. Ауыз тар ашылғандықтан, көмей арқылы келген қарқында ауа әртүрлі артикулярлық мүшелермен соқтығысады. «Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны – Б дыбысынан басталатын сөздер ойландар. – Бақа, бақыт, бал, би, Берік, бор, балық, бас, батыр, быламық, ботқа. – Г дыбысынан басталатын сөз ойландар. – Гүл, гитара, гамаж, галстук, газ, газель, гауһар, газет. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды. «Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге сөздер айтамын, дауысты дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, сол дыбысты	Аудармасын тап? ягоды – ... (жидектер), смородина – ... (қарақат), клубника – ... (құлпынай), малина – ... (таңқурай). Сурет бойынша сөйлем құра. Ойын соңында ұпайларын санап жеңімпазды анықтайды. Қолдану деңгейі: Суреттермен жұмыс. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрамыз, Айналаны шоламыз. Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желге ырғалып шайқалған.	– Балалар, бүгін тобымызда Ер Төстік досымыз «Менің отбасым» атты фотокөрме ұйымдастырыпты. Әр бала фотосурет бойынша өз отбасы әңгімелеу керек. Педагогтің көмегімен отбасы мүшелері туралы, олардың аты-жөндерін атап, отбасымен бірге қай жерде суретке түскені туралы әңгімелейді. Педагог өлең оқиды: *Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар. Әкемнің әкесі – Ақ басты атам бар. *Ұлдардың үлкені – Бір туған ағам бар. Қыздардың үлкені – Бір туған әпкем бар. *Әкемнің шешесі – Ақ шашты әжем бар. Ұлдардың кішісі – Бір туған інім бар. *Қыздардың кішісі – Бір туған қарындас, Әпкеге сіңлі бар. Өлеңде айтылған әр отбасы мүшесіне анықтама беріледі, мысалы, аға – ұлдың үлкені, әпке – қыздың үлкені, іні – ұлдың кішісі, сіңлі – қыздың кішісі, қарындас – бірге туған кіші қыздың ағасына туыстық қатынасы жағынан аталуы. Қолдану деңгейі: Педагог балаларға осы өлеңге «Өз жақыныңды тап» ойынын ойнатады.
--	--	--	--	--	--

	Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады? Жидектер. Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады? Жемістер. Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады? Көгөністер. Сергіту сәті: Бұлт қабағын түйіп ап, Бүркеп алды аспанды. Тырс-тырс тырсылдап, Жаңбыр жауа бастады. Күнге қолды созамыз, Күннен жылу аламыз. Бойымызға таратып, Біз көңілді боламыз. Сөздік ойын: «Мен қай жидекті көрсеттім?». <i>Педагог себеттен жидектерді алып көрсетеді, балалар атын атайды.</i>	көгөністер салынған немесе қиып жапсырылған. Көгөністердің шөлін қандыру үшін, нөсер жаңбыр жауғызуымыз керек деген тапсырма беріледі. Көркем сөз оқу. Көптілділік компонент бойынша жауын – дождь – rain, бұлт – туча (облака) – cloud ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөлу керек. Сергіту сәті. Жауын-жауын жауады, Бәрін суға малады. Біз қарындаш аламыз, Тамшыларды саламыз.	менің артымнан қайталайсыңдар. – Парта, алма, орман, балық, вагон, үстел, сәбіз, ысқырық, тарақ, доп, жалау, арқар, от, шырша, ірімшік, таға, домбыра, гүл, алмұрт, бөтенке. «Сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: үстел ...(биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ...(доп), ала ...(жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл) т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттерге қара. Ата. Дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суретін белгіле. Өз таңдауыңды түсіндір. 2. [Ғ] дыбысы кездесетін заттардың суретін бір-бірімен қос. Ғ дыбысы қандай дыбыс? Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. Қолдану деңгейі: Сергіту сәті: Кәне, енді тұрайық, Паровоз боп ойнайық, Бір қатарды құрайық. Вагондарды жалғайық. Белімізден ұстасып,	«Кім қалай жақын?» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Интербелсенді тақтамен жұмыс. Отбасы мүшелері бір-біріне қамқорлық жасап жатқаны бейнеленген. Педагогтің көмегімен сурет бойынша отбасы туралы әңгіме құрайды. «Бес саусақ» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Педагог баланың нағашы туыстары жайлы өлең оқиды: Жиенге керек нағашы Мен үшін биік бағасы. Анашым аумай қалған ғой Жүздері жылы, қарашы! (Д. Маликова) Педагог балалармен өлең жолдарын талдайды. Нағашы немесе нағашы жұрт – туыстық атау. Шешесінің туыстары балаларына нағашы болады. Әже төркіні немересіне түп нағашы делінеді. Педагог балалармен нағашылары туралы әңгімелеседі. Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Үлестірмелі материалдармен жұмыс 1. Ер Төстікті отбасы мүшелерімен таныстыр. Кімнің кімнен үлкен екенін ажырат. Ең үлкені мен ең кішкентайын тап. Қорша.
--	--	--	--	---

			Сапар шегіп алысқа, Алға бағыт бұрайық. Алға қарай зулайық. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 4. Үзік сызықтарды бастыр. 5. Бастыр. Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында. Айдын шалқар көлдерде, Балықтар өмір сүреді. Шолпылдатып құйрығын, Өрі-бері жүзеді. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін		2. Өз отбасыңда сенің міндетің не? Суретте көрсетілген іс-әрекеттердің қайсысын орындайсың? Белгіле. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.
--	--	--	--	--	---

			еңбектену керектігін айтады. – Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.		
Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру 3 үзіліс – 15.50 – 16.00 Балалардың дербес іс-әрекеті Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу. Аз қимылды ойын: «Түйілген орамал» Басты міндеттері: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, жүгіріп жүргенде қосымша жаттығулар орындауға үйрету.					
			Аз қимылды ойын: «Түйілген орамал» Ойын міндеттері: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, жүгіріп жүргенде қосымша жаттығулар орындауға үйрету. Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, жүгіру дағдыларын дамыту. Керекті құралдар: ортасынан түйілген орамал және ысқырық. Мазмұны. Шеттері белгіленген ойын алаңында ойыншылар өз беттерімен жаттығулар жасап, бірін-бірі қуалап, жүгіріп ойнап жүреді. Балалардың қалауымен араларынан бір ойын жүргізушіні сайлайды. Ол қолына түйілген орамалды алып, алыста тұрған бір балаға лақтырып жіберіп: «Бір, екі, үш!», - деп санап, сол ойыншыны қуа жөнеледі. Қашып келе жатқан бала ойын жүргізуші қасына жақындап қалғанда, қолындағы орамалын басқа ойыншыға лақтырып, ойынды әрі қарай жалғастыра береді. Ойын берілген уақыт арасында жүргізіліп, кімдер орамалды аз уақытта көп рет бір-біріне лақтырғанын, қай қуғыншының орамалды тез ұстап алғанын атап өтеді. Ойынның ережесі. 1. Алаңның шетінен шығып кеткен ойыншы ойыннан шығып тұрады. 2. Орамалды лақтырғанда баланың атын атап лақтыру керек. 3. Орамалды қағып ала алмай қалған бала орамалды басқа балаға береді. 4. Қашып келе жатқан баланы ойын жүргізуші қуып жетсе, ол орамалды бере салуы керек. Әдістемелік нұсқаулар. Ойыншылар орамалды ұстамаған күннің өзінде жүгіріп, бірін-бірі қуалап ойнап жүрулері керек. Ол үшін орамал тек жүгіріп келе жатқан ойыншыға беріледі деп айтып қою қажет. Орамалдың орнына басқа зат алуға болады, бірақ ол лақтырғанда ойыншылардың бір жерін ауыртып,		



жараламайтындай болғаны дұрыс.

Ойынның ұзақтығын сабаққа не басқа арнаулы уақытқа байланысты өзгертіп отыруға болады.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Балалар өздерінің шамаларына қарай керегінше жүгіріп жаттығуларды да еріктерімен жасайды. Жаттығу мен тынығуды өздері білгенінше орындап тұруға дағдыланады.

Жүгіріп жүріп айналаны тез бағдарлап, өз қимылын соған байланысты сәйкестендіріп тұрады.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті	уақыты: 16.00 – 16.30
-----------------------------------	-----------------------

**Білім беру ұйымының
кестесі бойынша
ҰІӨ(ұйымдастырылғ
ан іс-әрекет)**

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.

ҰІӘ тақырыбы:

Доппен ойнап, көңіліңді
көтер!

ҮІӘ міндеттері:

допты асыра лақтыру,
кедергілерден еңбектеп өту
жаттығулары кеңістік пен
ондағы заттарды бағдарлай
білу дағдыларын дамыту.

Дағды: Қол мен аяқты
үйлесімді қозғай білу
шеберліктерін
(машықтарын) жетілдіру,
қол бұлшық еттерін,
шыдамдылық пен ептілік
дағдыларын

4. Музыка- шығармашы әрекет.

ҰІӘ тақырыбы:

Күзгі серуен.

ҮІТ міндеттері: әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау; музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту;

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.

ҰІӘ тақырыбы:

Біз әртүрліміз.

ҮІД міндеттері: кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Биіктігі 20 см кедергілерден секіріп өту

Дағды: Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір

4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет.

ҰІӘ тақырыбы:

Күзгі серуен.

ҮІД міндеттері: әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау; музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.

ҰІӘ тақырыбы:

Зейінді боламыз.

ҮЙ міндеттері: денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау
Дағды: зейін қойып тыңдай білу және жаттығуды көрсетуін мұқиятқарап, еске сақтап алу қабілеттерін дамыту. Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру.

	қалыптастыруды жалғастыру . Ұлттық құндылықтар: спорттың пайдасын; ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын қалай дамыту керектігін; салауатты өмір сүру үшін не істеу қажеттігін. Күтілетін нәтиже: -допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алуды, 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп, түзу бағытта еңбектеп жүруді; -допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алу, жоғарыға лақтырған допты саусақтарды ашып, допты қағып алу машықтарын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Тізбекке бір-бірден тұрады. Доппен түзету жаттығуларын орындайды: доп ұстап жүру (доп оң қолда), аяқтың ұшымен жүру – допты бастан жоғары көтеріп жүру, өкшемен жүру –допты алдыда ұстау. Тізбекке екі-екіден тұру. Доппен жалпы дамыту жаттығуларын орындау (№2). Арақашықтықтарын сақтау. Бастапқы қалыпты сақтай білу машықтары мен допты	қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау. Дағды: Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Халық музыкасына деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлттық сезімін ояту. Күтілетін нәтиже: дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды, музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту; музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Марш» (Е. Андосов). Марш екпінімен тізені көтере адымдай басуды, бірге қимылдауды үйрету. Педагог балалармен күзгі серуен туралы әңгіме өткізеді. Музыка тыңдау: «Қазан» (П. Чайковский). Балаларға музыканы тыңдатып, күздің қандай құбылыстарын елестете алғанын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Түсіну деңгейі: <i>Ән айту:</i> «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет).	қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын бекіту. Ұлттық құндылықтар: саусақтарымен допты қалай ширақ домалату және гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып қалай еңбектеу керектігін. Күтілетін нәтиже: -жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен жүруді, гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып еңбектеуді, бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүруді; -жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруді, бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Сиқырлы шумақ» тренинг-ойыны. Қазір біз өзіміз туралы білеміз. Менің қолымда бір шумақ жіп бар. Мен саусағымды жіппен бір рет орап, сендердің біреуіңе жіпті лақтырып, сонан соң сұрақ қоямын. Сол бала жіпті қағып алып, бір саусағын орап, келесі балаға шумақты лақтырып, сұрақ қояды.	Дағды: Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Халық музыкасына деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлттық сезімін ояту. Күтілетін нәтиже: дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды, музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту; музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Марш» (Е. Андосов). Марш екпінімен тізені көтере адымдай басуды, бірге қимылдауды үйрету. Педагог балалармен күзгі серуен туралы әңгіме өткізеді. Музыка тыңдау: «Қазан» (П. Чайковский). Балаларға музыканы тыңдатып, күздің қандай құбылыстарын елестете алғанын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Түсіну деңгейі: <i>Ән айту:</i> «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет). Педагог әнді орындайды. Әннің мазмұнына көңіл бөліп, күз көріністерін	Ұлттық құндылықтар: екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен қалай өту, допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне қалай лақтыру және допты ашылғансаусақтарымен қалай қағып алу керектігін. Күтілетін нәтиже: -қысқа секіртпемен секіруді, бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне допты лақтыруды, екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өтуді, «Ғажайып кемпірқосақ» жаттығуын; -күнделікті өмірде кеңістікті бағдарлай алу, екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту машықтарын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Саусақ гимнастикасы Халің қалай? Хал мынандай? (Саусақтарды жұмып, бас бармақты жоғары көтеру). Қалай жүзесің? Мынандай! (Қалай жүзетіндерін қимылмен көрсетеді). Қалай жүгіресің? Мынандай! (Қалай жүгіретіндерін қимылмен көрсетеді). Қалай алысты көресің?
--	--	---	---	--	---

	жергетүсірмеулерін қадағалау. Түсіну деңгейі: «Бір орында тұрып секіру» Қолды әртүрлі қалыпта қозғалтып секіруге жаттықтыру. Қол мен аяқты музыка ырғағымен үйлесімді қозғай білу (20 рет). Музыканы мұқият тыңдайды, тізелерін сәл бүгіп, ырғақпен және жеңіл секіруге тырысады. Қолды иыққа қойып, желкеге қойып секіреді. Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Шеңбер» (4 рет) Ойын бойы жұптарын ауыстырмаған ойыншыларды мадақтайды. Ойыншылар екі-екіден құрсау ішіне кіріп, үлкен шеңбер құрып тұрады. Ойыншылардың біреуі осы үлкен шеңбердің ортасында тұрады. Ол белгі бойынша құрсау ішінде тұрған бір баланың орнын тартып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала ортаға тұрып, ойын қайтадан жалғасады.	Педагог әнді орындайды. Әннің мазмұнына көңіл бөліп, күз көріністерін елестету, шумағын жәй, сабырмен орындау. Үйренген «Балдырғандар әні» әнін (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Билеп үйренейік» жинағынан). Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, еске сақтауға үйрету. Қолдану деңгейі: Ойындар, хороводтар: Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева). Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өндеген Б. Дәлденбай). Балаларды музыкалық ұрмалы аспаптарында әуен ырғағымен еркін ойнауға үйретуді жалғастыру.	Енді қолдарыңды жоғары көтеріп, саусақтарыңдағы жіпті шығарыңдар. Түсіну деңгейі: Тізбекке бір-бірден тұрады. Доппен түзету жаттығуларын орындайды: доп ұстап жүру (доп оң қолда), аяқтың ұшымен жүру – допты бастан жоғары көтеріп жүру, өкшемен жүру – допты алдыда ұстау. Тізбекке екі-екіден тұру. Доппен жалпы дамыту жаттығуларын орындау (№2). Арақашықтықтарын сақтау. Бастапқы қалыпты сақтай білу машықтары мен допты жерге түсірмеулерін қадағалау. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату (4 рет) Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру. Саусақтарымен допты ширақ домалатады. Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен торғайлар» (4 рет) . «Торғайлар» орындықта, гимнастикалық қабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым-ишарамен көрсетіп отырады. Белгі бойынша «мысық» келіп, «торғайларды» қуады. Олар бағыттарын өзгертіп қашады. Ұсталғандар ойыннан шығады.	елестету, шумағын жәй, сабырмен орындау. Үйренген «Балдырғандар әні» әнін (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Билеп үйренейік» жинағынан). Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, еске сақтауға үйрету. Қолдану деңгейі: Ойындар, хороводтар: Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева). Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өндеген Б. Дәлденбай). Балаларды музыкалық ұрмалы аспаптарында әуен ырғағымен еркін ойнауға үйретуді жалғастыру.	Былай! (Қолдарын мандайға қойып, алысқа қарайды). Түсіну деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқырға қақпан» (4 рет). Шеңберде қол ұстасып тұрады. Бұл – аңшылардың қақпанын құруы. Белгі бойынша «аңшылар» қолдарын көтереді, «қасқырлар» әртүрлі бағытта еңбектеп жүреді. «Аңшылар»: <i>«Кәне, кәне, халайық, Қасқыр қақпан құрайық. Кәне, қақпан берік бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр!»</i> деген тапқалы хормен айтып, қолдарын түсіреді. Қақпан ішінде қалып қойған «қасқырлар» ойыннан шығады. Қолдану деңгейі: «Ғажайып кемпірқосақ» Көздерін жұмып жатып, терең, бірқалыпты тыныс алады. Ғажайып кемпірқосақты көз алдына елестетеді. «Бірінші түс – көгілдір. Көгілдір түс су сияқты. Су түскендей сергіп қаласың. Өзімізді сутүскендей сезінейік. Келесі түс – сары. Сары түс күн сияқты бізді жылытады, қуаныш сыйлайды, ол үлпілдеген балапан сияқты. Егер көңілсіз болсаң, осы түске қараңдар.
--	---	---	---	---	---

			«Мен осындаймын, біз осындаймыз» ойын-жаттығуы. Шеңбер бойына тұрады. Балалардың біреуі ортағы шығып: «Мен сұлумын!» – деп айтады. Қалған балалар қимылмен «Біз сұлумыз!» – деп хормен айтады. Осыдан кейін келесі бала басқа сөздерді айтады		Көңілдерін көтереді. Жасыл түс көгөрай шалғынның түсі, жаз мезгілінің белгісі. Жасыл тұсадамның көңіл күйін көтереді. Олай болса осы түстерге көбірек қарандар. Су сияқты салмақты, күн сияқты көңілді, жаз сияқты мейірімді болайық.
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 16.30					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 16.30	Ата-анаға кеңес: Әңгімелесу: «Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!» тақырыбында кеңес беру. Балалардың жеке ерекшеліктері туралы «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	Ата-анаға кеңес: Сұхбаттасу. «Менің сүйікті кітабым» тақырыбында балаларға қандай кітаптар оқуға болатыны жөнінде кеңес беру. Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру.	Ата-анаға кеңес: Әңгімелесу: «Менің отбасым» тақырыбында кеңес беру. Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Ата-анаға кеңес: Қауіпсіздік кеңес: «Тұмаудан сақтау жолдары» үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес: Әңгімелесу: «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, (өз жұмысына) сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт. Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы.

Мектепалды 0 сыныбының тәрбиешісі: Байзулгарипова Г.С.
Крискович А.С.

БЕКІТЕМІН
УТВЕРЖДАЮ

Мектеп директоры:

Директор школы:

Кудайбергенова К.Д.

Мектепалды 0 сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мәдениет ауылының ЖОББМ»КММ

Сынып/Топ: Мектепалды 0

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 07.10.- 11.10.2024-2025 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі		Дүйсенбі 07.10.24	Сейсенбі 08.10.24	Сәрсенбі 09.10.24	Бейсенбі 10.10.24	Жұма 11.10.24
14.00 Балаларды қабылдау		«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу		«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. «Ұлттық ойындарды бала тәрбиесінде ұтымды пайдалана білу жолдары» туралы әңгімелесу				
2-апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері», «Егер сау болғың келсе»						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҮІӘ уақыты:	14.00-14.30	Дүйсенбі 07.10.24	Сейсенбі 08.10.24	Сәрсенбі 09.10.24	Бейсенбі 10.10.24	Жұма 11.10.24
	14.40-15.10					
	15.20-15.50					
	16.00-16.30					
	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу	

			Музыка			Дене шынықтыру
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 14.00-14.30						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: 7 саны және цифрды. ҮІӨ міндеті: -1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекқорлық пен танымдық іс-әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Дағды: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігіне дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: салауатты өмір салтына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу; белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтижелер: 6 және 7 сандары мен цифрын; заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	1. Сауат ашу негіздері– тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Біз нені үйрендік,нені білдік? ҮІӨ міндеттері: -дауыссыз дыбыстарды есте сақтауға жаттығулар жасату, дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. -дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. -ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу. Дағды: сөз ішінен берілген дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады. сөздің дыбыстардан тұратынын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі:	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: 8 саны және цифрды. ҮІӨ міндеті: -8 саны және цифрдымен таныстыру. 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. Дағды: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігіне дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: еңбекқорлық пен танымдық іс- әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтижелер: 7 және 8 сандары мен цифрын; заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: 8 саны және цифрды. ҮІӨ міндеттері: -1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1- ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. Дағды: 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету, заттарды санау дағдыларын жетілдіру; Ұлттық құндылықтар: логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтижелер: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; заттарды топқа бөлуді,8 сандарын тануды.	1. Сауат ашу негіздері– тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Буын ҮІӨ міндеттері: -сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету. -сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту. -ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу. Дағды: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сөздерді буынға бөледі; сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Балабақша – базарлы үй, Ауылдағы ажарлы үй. Шаттығы бар шуақты үй, Өз үйіміз сияқты. (Ә. Қонарбаев) Өткен тақырыптарды қайталау.	

	Білу деңгейі: Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым (№1 парақ) бүгін белгілі ертегідегі гномдардың балаларға ұйымдастырылған іс-әрекетіне келгенін хабарлайды (үлестірімелі материал №11 парақ). Ол ертегінің қалай аталатынын еске түсіруді сұрайды. Гномдарды сана. Гномдарды киылған фигураларымен жұмыс істеуге болады және оларды жүйелеп орналастыру керек. Содан кейін әр гномға алма (бөлінген санау материалы, № 2, 3 парақтар) таратуды ұсынуға болады. Қанша алма қажет болады? (Жеті). Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретте қанша жануар мен қандай заттар бейнеленгенін сана. Сонша нүкте сал. Цифрмен сызып қос. Балалар суретпен танысады. Педагог суретте не болып жатқанын сұрайды. Содан кейін сұрақтарға жауап беруді ұсынады. – Суретте не бейнеленген? Өрісте қанша жануар жайылып жүр? Далада қандай гүлдер өседі? Олардың саны қанша? Енді өрістегі жылқыларды (қойларды) сана. Аспанда қанша бұлт бар? Қанша көбелек ұшып жүр?	«Артығын тап» ойынын ойнатады. 1. Жол, жаға, жастық, қастық. (<i>қастық</i>) 2. Кэмпит, киік, керует, төрлет. (<i>төрлет</i>) 3. Шана, шаңғы, шалма, қалма. (<i>қалма</i>) 4. Сурет, сәбіз, сағыз, қоңыз. (<i>қоңыз</i>) 5. Домбыра, долана, дорба, арба. (<i>арба</i>) Балалар сөздегі бірінші дыбыс арқылы артық сөзді табады. Өткен тақырыптарды қайталау. Түсіну деңгейі: «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. – Балалар, біз өткен іс-әрекетімізде дауысты, дауыссыз дыбыстар болып, бөлінетінін білдік. Сол дауысты, дауыссыз дыбыстарға жаттығулар жасайық. Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат», «Саңырауқұлақ», «Алтыбақан» «Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз дауысты дыбыстан басталса, қызыл түсті дөңгелекті, дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті көрсетеді.	Білу деңгейі: Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым (№1 парақ) бүгінгі іс-әрекетінде дүкен ойынын ойнайтынын хабарлайды. Балаларға дүкенге азық-түлікке баруды ұсынады. Педагог алма бейнеленген карточкаларды пайдаланады (№2, №3 парақтар). – Алма сатып аламыз. Себетте олардың саны қанша? (Жеті). Тағы біреуін қос, олардың саны қанша болды? (Сегіз). Цифр салынған карточканы іздеумен отырады. Әрі қарай, балаларға, мысалы, 8 алмұртты санау ұсынылады. 8 цифрмен танысу. 8 цифрын 8 санының таңбасы ретінде белгілейміз. Цифрларды көрсету. Педагог 8 цифрын көрсетіп, өлең оқиды. <i>Мынау жатқан қайшы, Ал «сегіз» цифр қайсы? Оның екі көзі, «Сегізіңнің» өзі.</i> Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Сөреде қанша өнім болса, себеттерге сонша таяқшаның суретін сал. Балалар суретпен танысады. Педагог суретте не болып жатқанын айтып беруді сұрайды. Содан	8-ге дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым (№1 парақ) бүгінгі іс-әрекетінде балалардың саяхатқа шығатынын хабарлайды. Саяхаттау үшін қандай заттар қажет, олар немен тасымалданатыны туралы әңгіме жүргізеді. Жұмбақтың не екенін білу үшін: <i>Күмеді оны аталар, Ағалар мен апалар, Әжелер мен әпкелер. Ол өйткені жұмысқа Таңда, түсте апарар, Кешке сосын ап келер.</i> Дереккөз https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&category_id=2&tag_id=3123 – Автобуспен саяхатқа шығайық. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суреттегі түрлі түсті шабадандарды сана. Тағы бір шабаданды боя. Қанша болды? Тағы бір дөңгелек пен пирамиданың сақинасын боя. Балалар суретпен танысады. – Қанша шабадан түрлі түске боялған? (Жеті). Тағы біреуін бояйық. Қанша болады? (Сегіз).	«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дауысты дыбыстар деген не? 2) Дауыссыз дыбыстар деген не? 3) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді? Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат», «Саңырауқұлақ», «Алтыбақан» Ғажайып сәт. – Бүгін бізге Айгүл өзімен бірге суреттер ала келіпті. (<i>Педагог суреттерді тақтаға іледі: лақ, қасқыр, бағдаршам</i>). Суреттен не көріп тұрсыңдар? Ал енді осы сөздерді сендерден алыста тұрған сияқты созып, айғайлап айтып көріңдер. <i>Балалар сөздерді айғайлап, созып айтады: лақ, қасқыр, бағ-дар-шам.</i> Сөздерді қайталатқызады және буынға бөлдіртіп айтқызады. – Дауысты дыбыстар буын құрайды. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Сөздерді созып, дауыстап айтқанда, сөздің қанша буынның тұратынын білуге болады. – Буын – сөйлеу мүшелерінің тұтастай қимылынан пайда болған бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та,
--	--	--	--	--	--

	Содан кейін балалар ұяшықтарға сонша нүкте салады және карточкаларды цифрмен сызып қосады. Түсіну деңгейі: «Математикалық домино» дидактикалық ойыны. Педагог жұптық жұмысты ұйымдастырып, кейіннен тексеру жүргізеді (үлестірмелі материал, № 8, 9 парақтар). 2-тапсырма. Көжекке 7 цифры және жеті нүктесі бар торкөздермен жетуге көмектес. Торкөздерді боя. «Ең мұқият кім?» ойыны түрінде ұйымдастырылады. Педагог ойын шартын айтып түсіндіреді: қоян сәбізге жетуі керек. Бірақ ол тек 7 цифры мен 7 нүктесі бар ұяшықтармен ғана қозғала алады. Мұқият болу керек және тек осы ұяшықтарды бояу керек. Сәбізге кім бірінші жетеді? Сергіту сәті. 7 рет секіру, 7 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 7 рет көршіңмен алақан соғыстыру. Балалардың қимыл-қозғалыстары педагог басшылығымен жасалады. Ойындық жаттығу «Сандарды жина». Педагог балаларға жеке пазл жинағын таратады. (№5, №6, №7 парақтар). Балалар 1-ден 7-ге дейінгі сандарды құрастырады. Қолдану деңгейі:	Қолдану деңгейі: «Белгі бер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға (б) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (б) дыбысын естігенде, қол шапалақтап дыбыс береулері керек. Сол сияқты басқа в, г, ғ, д, ж, з дыбыстарымен ойнатылады. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттердегі заттарды ата. Әр сөздің бірінші дабысын ата. Егер сөз дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл қарындашпен, дауысты дыбыстан басталса, көк қарындашпен боя. 2. Суреттерді ата. Суреттердің атауы дауысты дыбыспен аяқталса, қызыл қоржынмен, дауыссыз дыбыспен аяқталса, көк қоржынмен қос. 3. Суреттерге қара. Дауысты дыбыстардан басталатын заттың суретін қорша. Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз бір демалайық.	кейін сұрақтарға жауап беруді ұсынады: – Сөреде қанша қорап айран бар? Оларды себетке «сал» – сонша таяқшалардың суретін сал. Сол сияқты ойын басқа тауарлармен де жүзеге асырылады. Түсіну деңгейі: 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексازдан жаса. Педагог тапсырманың мұқият орындауына, балалардың отыру калпына, қарындашты дұрыс ұстауына назар аударады. Ауада 8 санын «жаз»: қолымызды ажыратпай ирек жасаймыз, содан кейін жұмыс дәптерде орындалады. Цифрдың үстінен саусағымен жүргізіп, оны ермексازдан жасайды. Қозғалмалы доп ойыны «Атап көр, құр қалма!». Балалардың үстелдерінде 1-ден 8-ге дейінгі цифрлары бар карточкалар қойылады. Әр бала екі карточкадан бөліп алады. Педагог 1-ден 8-ге дейінгі цифрларды еркін тәртіпте көрсетеді. Мұндай цифрдың суреті салынған карточкасы бар балалар тұрып, цифрды атайды. 3-тапсырма. 8 цифрын тауып, қоршап сыз. Оны бояйды.	Шеңберлер және пирамидамен жұмыс алдыңғы ұйымдастырылған іс-әрекетке ұқсас орындалады. Қорытындыда балалар: сегіз саны болу үшін жетіге біреуін қосу керек. Түсіну деңгейі: 2-тапсырма. Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Ауада 8 санын «жаз», содан кейін дәптердегі жұмысты орында. Жұмыс үшін педагог қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін «Жолмен жүр» жаттығуын қолданады (үлестірмелі материал, № 4 парақ). Сергіту сәті. 8 рет секіру, 8 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 6 рет көршіңмен алақан соғыстыру. Балалардың қимыл-қозғалыстары педагогтің басшылығымен орындалады. Кесінді, қиық материалмен жұмыс. «Ойлан, тап» ойыны. Педагог геометриялық фигуралар мен оларға ұқсас заттардың (олардың суреттерінің) жиынтығын дайындайды. Ол геометриялық фигураларды көрсетеді, ал балалар қандай затқа ұқсайтынын айтуы керек. Мысалы, сары шеңберді көрсетеді және бұл шеңбердің неге	төңірегіне дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды. Сөзде қанша буын бар екенін білу үшін, алақандарымызбен шапалақтаймыз. Педагог қолын шапалақтау арқылы лақ сөзін буынға бөледі, «лақ» деп бір рет шапалақтап, «лақ» сөзі бір буыннан тұратындығын түсіндіреді. Педагог балаларға «қасқыр» сөзін буынға бөлдіреді. «Қас-қыр» сөзін екі рет шапалақтап айтады. «Қасқыр» сөзі неше буыннан тұрады? – Екі буыннан тұрады. – Иә, екі буыннан тұрады екен, өйткені «қасқыр» сөзінде созылып айтылатын екі дауысты дыбыс бар. Түсіну деңгейі: Педагог балаларға «бағ-дар-шам» сөзін буынға бөлдіреді. Осы сөзде үш дауысты дыбыс бар екенін анықтатып, сондықтан бұл сөз үш буыннан тұратындығын түсіндіреді. Буынға тән негізгі белгілері: 1) Дауыссыз дыбыс буын болмайды. 2) Дауысты дыбыстың өзі де буын бола алады (а-та, а-па) 3) Бір буында бір ғана дауысты дыбыс болады.
--	--	--	---	---	--

	3-тапсырма. Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Ауада 7 санын «жаз»: солдан оңға қарай сызық сыз, содан кейін көлбеу таяқшаны жоғарыдан төменге қарай қиғаш етіп сыз. Қысқа, көлденең сызық жүргіз. Содан кейін дәптермен жұмыс. Педагог балалардың дұрыс отыруына және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады. Қиық материалмен жұмыс. Педагог балаларға 1-ден 7-ге дейінгі нүктелері бар шаршылар жиынтығын таратады (№ 10 парақ). Цифры бар карточканы көрсетеді, балалар қажетті нүктелер санын табады. Содан кейін кері нұсқа ұсынылады: педагог нүктелер санын көрсетеді – балалар цифр бейнеленген карточканы көрсетеді. Балалар тағы да гномдарды санап, олармен қоштасады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті	Жұмыс дәптерімен жұмыс (<i>графикалық жұмыс</i>) 5. Суретті бастыр. Педагог Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Жеке жұмыс жүргізеді. Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында. Қолымызды қайшы етіп, Қағаздарды қиямыз. Қиып-қиып аламыз, Біз көңілді баламыз. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	Ол алдыңғы сабақтарға ұқсас орындалады, балалар санды тауып, бояйды. Сергіту сәті. 8 рет секіру, 8 рет қол соғу, 8 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 8 рет көршіңмен алақан соғыстыру. Балалардың қимыл-қозғалыстары педагог басшылығымен жасалады. Қолдану деңгейі: Кесінді қиық материалдармен жұмыс. Педагог балаларға 1-ден 8-ге дейінгі нүктелері бар шаршылар жиынтығын таратады (№10 парақ). 1-ден 8-ге дейінгі нүктелері бар карточкаларды жүйелі түрде орналастыруды ұсынады. Содан кейін балалар цифры бар карточканы, нүктелері бар карточкаларды көрсетеді. «Ойлан, тап!» дидактикалық ойыны. Педагог заттардың әртүрлі қасиеттері болуы мүмкін екендігі туралы әңгіме жүргізеді. Ол қандай зат туралы сөйлесетінін табуға ұсынады: бұл шарға ұқсас зат, ол тығыз, онымен ойнауға болады. Бұл – доп. Затты қалай ойланып табуға болады? Қандай сөздер көмектесті? 4-тапсырма. Заттардың түсі, пішіні және өлшемінен басқа да	ұқсайтынын сұрайды. Балалар фигураны атайды және сары шеңбер, мысалы, құймаққа, күнге, тәрелкеге ұқсатады, содан кейін педагог үлкен қызыл шеңберді көрсетеді. Балалар қиялдайды: алма, қызанақ. Үлестірмелі материалдар (№ 12,13,14 парақтар) қолданылады. Қолдану деңгейі: 3-тапсырма. Пішінін өзгерт. Түсін өзгерт. Балалар суреттерді қарап, орындалуына түсініктеме береді. Мысалы: сары шаршының суреті салынған, пішінді өзгертіп, сары шеңбер саламын. 4-тапсырма. Әр топтың заттары қандай белгілері бойынша жинақталған? Бұл заттарды қайда қою керек? Сызып қос. Әр топтың заттарын белгілеріне қарай қалай жинақтағанын түсіндіріп, берілген заттарды сызып қосады. Ойын жаттығуы, «Ретімен тұр». Педагог балалар тобына 1-ден 8-ге дейінгі цифрды бар карточкаларды таратады және ретімен сапқа тұруды ұсынады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын	4) Сөздің құрамында қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Буынды қол шапалақтау арқылы көрсетуге үйрету. – Балалар, мен сендерге бір, екі, үш буынды сөздерді айтамын, сендер менімен бірге шапалақтау арқылы буынға бөліп, қайталап отырыңдар. Бір буынды сөздер: ақ, ат, бақ, бас, доп, тас, топ т.б. Екі буынды сөздер: ал-ғыс, а-дал, а-дым, а-зат, ай-бын, ай-на, жа-зық, жаң-быр т.б. Үш буынды сөздер: а-за-мат, бал-мұз-дақ, бас-пал-дақ, кө-гіл-дір, сыр-ға-нақ т.б. Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз біледі?» Шарты: әр балаға түрлі түсті қаламдары немесе санамақтар, бос стақан беріледі. Сөз айтқан бала, сөзді буынға бөліп, айтқан әр сөзіне бір қаламнан стақанға салып отыруы керек. Бір сөз екі рет қайталауға болмайды. Ойлаған сөздерін буынға бөлгізу. «Сөз жарыс» дидактикалық ойыны – Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет.
--	---	---	--	---	--

	боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.		қасиеттері болады. Мына заттардың қасиеттерін ата. Досыңмен ойна. Қасиеттерін ата, бірақ заттарды атама. Балалар арналған суреттерді қарастырады және заттарды жұмбақтап жасырып достарымен ойнайды. Педагог іс-әрекетінің басында алма жинаған себетке оралады. Біз алманы үйге әкелдік, оларды шығарып, хормен санаймыз. Педагог іс-әрекетін қорытындылайды, балаларды жасалған жұмыстарына алғыс айтып мадақтайды, өз жұмыстарын бағалауды сұрайды.	«Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады. Қолдану деңгейі: Сергіту сәті Кірпі орманды Тікенекті инесімен Аралайды, кезеді. Жемістерді тереді. Қара тұмсық мұрыны Жинап алып азығын, Иісті жақсы сезеді. Әне, кірпі келеді. Жұмыс дәптерімен жұмыс <i>(графикалық жұмыс)</i> 4. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, жұмыс дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортанғы саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады
--	---	--	---	--	--

					(көрсетеді). Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында. Саусақтар шықты қыдырып, Балетке келді жүгіріп. Залдың шамы сөнеді, Бишілер билеп береді. Балет қандай тамаша! Қол соғайық таласа. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Буында неше дауысты дыбыс болады?
Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша 1 үзіліс – 14.30-14.40 Балалардың дербес іс-әрекеті Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады. Аз қимылды ұлттық ойыны: «Таудан тауға» Басты міндеттері: Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту; Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту; Бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, ззара көмектестікке тәрбиелеу.					



Аз қимылды ойыны: «Таудан тауға»

Ойынның міндеттері: Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;

Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;

Бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, ззара көмектестікке тәрбиелеу.

Дағды: Балаларға ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын қалыптастыру, қимыл қозғалысын жылдамдыққа дағдыландыру.

Ұлттық құндылық: қимыл-қозғалыс дағдылары мен ептілігінің дамуы, қимыл-қозғалыс мәдениетін меңгеру.

Ойын іс әрекеті: Тақияны тез көршісіне кигізу.

Әдістемелік нұсқаулар.

Ойыншылар жанындағы көршісінің басына қолы жететіндей болып, шеңбер құрып отырады. Барлығы баскиімсіз отырады, тек жүргізушінің басында ғана тақия бар. Жүргізуші келесі сөздерді айтады: «Таудан тауға ! Таудан тауға!». Осыдан кейін басынан тақияны алып, оны оң жағындағы көршісінің басына кигізеді. Ал тақия кигізілген ойыншы дәл сол сөздермен солай келесі көршіге кигізеді. Тақия жүргізуші басын жауып «Таудың басына! Таудың басына!» сөздерін айтқанша шеңбер бойымен жүре береді. Сол кезде тақиябасында қалған ойыншы қандай да бір тапсырманы орындайды.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.

Ұсыныс: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін...

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті	уақыты: 14.40-15.10
-----------------------------------	---------------------

**Білім беру ұйымының
кестесі бойынша
ҮІӨ
(ұйымдастырылған
іс-әрекет)**

2.Сөйлеуді дамыту-
коммуникативтік, ойын,
танымдық іс-әрекеті.

ҮІӨ тақырыбы:
Әжесін қайсысы жақсы
көреді? (Әңгіме)

ҮІӨ міндеттері: балаларды
әңгімені толық тыңдап,
мазмұнын айтуға үйрету;
-мақал-мәтел, жаңылтпаш
жаттату арқылы сөздік
қорларын дамыту;
-отбасындағы үлкен
кісілерді құрметтеп,
сыйлауға тәрбиелеу.

Дағды: дәрігердің айтқан
ақыл кеңесін, дауысты –

2.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.

ҮІӘ тақырыбы:
Дәрілік өсімдіктер.

ҮІӘ міндеттері:
-өз жерінде өсетін дәрілік өсімдіктермен таныстыру.
Дәрілік өсімдіктерді емдеуге қолданудың қарапайым тәсілдерімен таныстыру;
-өсімдіктер туралы білімдерін әрі қарай дамыту;

2. Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.

ҮІӘ тақырыбы:
Еріншек егінші мен еңбекқор құмырскалар (Өтебай Тұрманжановтың әңгімесі)

ҮІӘ міндеттері:
-шығарма мазмұнын қайталап айтуға дағдыландыру;
-кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету;
-еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.

2. Сөйлеуді дамыту-
коммуникативтік, ойын,
танымдық іс-әрекеті.

ҮІӘ тақырыбы:
Үлгілі бала.

ҮІӘ міндеттері:
-сөздердің лексикалық
мағынасы мен мәнін түсіну,
мағынасы бойынша
жақын/қарама-қарсы
сөздерді сөйлегенде қолдану
-берілген кіріспесі бойынша
әңгіме мазмұнын болжау
-өз тәжірибесі негізінде
әңгіме құрастыру

Дағды: Суретке қарап
сөйлем, әңгіме құрап айта

2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.

ҮІӘ тақырыбы: Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі) танысу.

ҮІӘ міндеттері:

- шығарма мазмұнын қайталап айтуға дағдыландыру;
- кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету;
- еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.

Дағды: Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш

	дауыссыз дыбыстарды ажырата алуға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін. Күтілетін нәтиже: әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады; дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Балалар, кімнің анасы немесе әкесі дәрігер? Егер сен ауырып қалсаң, анаң емдейді ме? Балалар, «дәрігерлерді ақ халатты абзал жандар», – деп айтады. Көптеген кісілердің өміріне араша түсетін мамандар. Дәрігерлер туралы М.Төрежанов ағаларың да әңгіме жазған. Ол кісінің балаларға арналған қызықты әңгімелері көп. Атап айтатын болсақ, "Ана алғысы", "Үш дос", "Адал дос", "Біз де ойнаймыз", "Шие тергенде" деген әңгімелері бар. Дәрігер туралы "Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқып беремін: Түсіну деңгейі: Әжесін қайсысы жақсы көреді?	–өсімдіктерді қорғауға деген тілектерін арттыру. Дағды: Балалардың қоршаған ортаны өсімдіктерді қорғап оларды аялауға тәрбиелеу; ажырата білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Табиғат бір - бірімен өзара тығыз байланысты болады екенін білу.Қоршаған ортаның фаунасы мен флорасын аялап, қорғауы керек. Күтілетін нәтиже: Емдік өсімдіктердің түрлері мен қасиеті туралы білді. Өсімдіктерден дәрілер жасау жолдары туралы білді. Өсімдіктердің адам ағзасына пайдасы туралы меңгерді. Дәріханадағы дәрілер мен өсімдіктен жасалған дәрілердің айырмашылығын меңгерді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Проблемалық жағдаят. – Өсімдіктер болмаса, жерде тіршілік бола ма? (Балалардың жауаптары). – Табиғатта дәрілік өсімдіктер көп өседі. Тек оларды танып, пайдалана білу керек. Ерте заманда адамдар барлық жануарлардың өздерін өсімдіктермен емдейтінін байқады. Соларға еліктеп,	Дағды: Өз ойларын толық жеткізе білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Сөздік қорларына мән беріп, сауатты сөйлеуге, тілге деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Құмырсқаның еңбекқор екенін түсінеді. Күтілетін нәтиже: ертегінің мазмұнын дұрыс түсіне біледі; сұраққа жауап беруді және еңбекшіл болуды үйренді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Шаттық шеңберін құру. Алқаптан бидайды Қоймаға ел жинайды. Тырнасы тізілген, Ұнатам күзді мен. Педагог жұмбақ жасырады. Екі басы, жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай. Ол не? (<i>Құмырсқа</i>) – Құмырсқа кіп-кішкентай жәндік, үйір болып, бірігіп тіршілік етеді, тынбай жұмыс жасайды. – Бүгін біз осы құмырсқа туралы Өтебай Тұрманжановтың «Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа» әңгімесімен танысамыз. Түсіну деңгейі: Сөздік жұмысы: <i>қауыз</i> – бидай дәнінің босап қалған сырты	алады. Қарама-қарсы сөздерді қолдана алуға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Көркем шығармаларға деген қызығушылықты арттыру; Жолдастарын сөзін бөлмей тыңдай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Педагог балаларды ортаға, шаттық шеңберіне шақырады. Балалар педагогпен бірге өлең жолдарын қайталайды. Мен үлгілі баламын, Айтқан тілді аламын. «Жина,- десе, - ойыншықты», Өзім жинап қоямын. Ініме де көмекке Бірінші боп барамын. Төсекті өзім жинаймын, Үлкендерді сыйлаймын. Айтқан тілді аламын, Мен үлгілі баламын. – Балалар, үлгілі деп қандай баланы айтамыз? – Біздің арамызда үлгілі бала бар ма? – Кімнің үлгілі бала болғысы келеді? – Ол үшін не істеу керек? – Өздерің үлгі алатын аға, әпкелерің бар ма? – Олардың қандай қасиетін үлгі тұтуға болады?	сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Ұлттық құндылықтар: ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі; ертегінің мазмұнын түсінеді; мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Шаттық шеңберін құру. Адал жақсы ниетпен, Бар адамға бақ тілеп, Жарып шыққан жүректен Сөздің бәрі – ақ тілек. – Балалар, бір-бірімізге ыстық лебізімізді білдірейік. – Достарыңнан жақсы тілек, ыстық лебіз естіп, көңіл күйің көтерілді ме? – Балалар, ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? – Қандай ертегі білесіңдер? Есімізге түсірейік. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады. Паналайды үңгірді, Іздемейді тасаны. (<i>Аю</i>)
--	---	--	---	--	--

	Қанат пен Болат әжесінің жанында ойнап отыр. Бір кезде Қанат әжесін құшақтап: Әжем менікі, мен әжемді жақсы көремін, – деді. Болат Қанаттан қалыспай әжесінің екінші жағына шығып: Әже сенікі емес, әжем менікі, мен жақсы көремін. Мен сен сияқты әжемнің басынқатырмаймын, – деп таласты. Әже немерелерінің таласына риза болып отырады. Бір кезде қарттың көзі бұлдырап, қысылып, диванға қисая кетті. Қанаттың зәресі ұшып, бақырып жылап жіберді. Болат абыржымай, үлкен кісіше телефонға барып, жедел жәрдем шақырды. Ақ халатты дәрігеркеліп, әжесіне ине шаншып, дәрі берді. Әжесі басын көтеріп, дәрігерге алғыс айтты. Дәрігер Болат пен Қанаттан: Телефонмен жедел жәрдем шақырған қайсыларың? – деп сұрады. Болат: Менмін, – деді. Ақылды бала екенсің. Әжеңді жақсы көреді екенсің, – деді дәрігер. Қолдану деңгейі: Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата». Ойын шарты: Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз	адамдар да өсімдіктердің қасиетін біліп, зерттей бастады. Ертеден халық емшілері дәрілік өсімдіктермен адамдарды түрлі аурулардан емдеді. Олар «Шөптер», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғи дәрумендер» деген кітаптар жазып қалдырды. Бұл кітаптардың атауларына қарап олардың мазмұнын болжауға болады. Заманауи дәріханаларда әртүрлі кептірілген өсімдік, тұнба, дәрі және шөптен жасалған сусындарды сатып алуға болады. Дәріханадағы дәрілік өсімдіктерді көрдіңдер ме? Қайсыларыңды аналарың дәрілік шөптермен емдеді? Қандай аурулардан? (Балалардың жауаптары). – Біздің жерімізде дәрілік өсімдіктер көп өседі. Бүгін солардың біразымен танысамыз. Біздің достарымыз Желаяқ пен Саккұлақ дәрілік өсімдіктер өсетін жерлерді көрсетеді. 1-слайд. Жолжелкен. Біздің жерімізде көп өседі. Ол қан тоқтатады, микробтарды өлтіреді. 2-слайд. Жалбыз. Оның жапырақтарын қайнатып, суық тиген кезде ішеді. Бақбақ. Оны ұйқысыздық ауруын емдеуге қолданады.	<i>илеу</i> – құмырсқаның баспанасы Сұрақ-жауап: – Әңгіме қалай аталады? Авторы кім? – Жалқау егінші егінді қайда егіпті? Содан кейін не істеп жүріпті? – Еңбекқор құмырсқалар жерге түскен дәндерді қайда әкетті? – Жалқау егінші оларға не айтты? Дидактикалық ойын: «Суреттер сөйлейді» Тақтаға дақылдардың суреттері ілінеді. Балалар көзін жұмған кезде бір суретті алып тастайды. Қай суреттің жоқ екенін табады. Сергіту сәті Қырға шықсаң өрлеп, Мұның аты – еңбек. Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек. Педагог әңгімені екінші рет қайталап оқиды. – Әңгіме қалай аяқталды? Жалқау егінші: «Жарайды, жинап алған екенсіңдер. Ендігі жылы тұқым керек болса, келіп алармын», – деп, атына мініп, шу деп жүріп кетіпті. Балаларға 1-2 рет қайталатады. Қолдану деңгейі: Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Сурет бойынша әңгімеле. Торғай не істеді?	Балалар достарының арасынан үлгілі балаға лайықтыларды атайды. Көңілді ырғақты әуен Сылдырмақ Түсіну деңгейі: Педагог: Үлгілі бала жан-жақты болуы керек. Таза жүріп, ұқыпты болғанымен, ойыншығын жинамаса немесе анасына көмектеспесе, ол бала үлгілі балаға жатпайды. Үлгілі баланың сабақ үлгерімі жақсы, ұқыпты, кішіпейіл, досына да көмек бере біледі. Мен сендерге «Нағыз дос» деп аталатын әңгіме айтып беремін. Мұқият тыңдаңдар. Нағыз дос Ерлан мен Дидар жақын достар, олар көрші тұрады, ата-аналары да бір-бірін жақсы таниды. Екеуі кішкентай кездерінен бірге ойнайды, бірге серуендейді. Бірде серуеннен келе жатқан екеуінің алдынан үлкен ит шығып, Ерланға бас салды. Педагог: - Балалар Ерлан мен Дидардың оқиғасын өз ойларыңмен жалғастырыңдар, әрі қарай не болды деп ойлайсыңдар? Оқиға немен аяқталуы мүмкін? - Дидардың орнында болсаң, сен не істер едің?	– Балалар, мен сендерге аю туралы қызықты ертегі оқып берейін. Ертегі «Шаруа мен аю» деп аталады. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Балаларға ертегіні толық оқып беру (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). – Қызылша жер астында жатады, жапырағы жердің бетіне шығады. Ал бидайдың дәні масақта болады. Сабағын жемейді. Бидайдан нан түрлері дайындалады. Түсіну деңгейі: Сөздік жұмысы: <i>шаруа</i> – жерді баптап, күтіп, егін өсіретін еңбекқор адам <i>соқа</i> – жер қазатын құрал <i>орман маңы</i> – орманға жақын жер Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Ертегі қалай аталады? Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Шаруаға не келді? Аю шаруаны қалай қорқытты? – Олар қалай келісті? Шаруа не екті? – Аюға қай жағын берді? Келесі жылы шаруа не екті? – Аю не нәрсені білмеді? Сергіту сәті Ертегі желісі бойынша іс-әрекетті қимылмен жасау. – Шаруа бірінші не екті? Қалай екті?
--	--	---	--	---	--

	дыбыс кездессе, тыныш отырады. Мақал-мәтелдерді қайталау. 1.Анаға бала алтыннан да қымбат. 2.Жаны саудың – тәні сау. 3.Ата – балаға сыншы. 4.Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ. Тіл жаттықтыру жұмыс: жаңылтпашты қайталатады. Шеше, неше кесе сынды кеше?	3-слайд. Итмұрын. Оның жемістерін суық тигенде қайнатып ішуге болады. Адамдар итмұрынды «өмір жемісі» деп атаған, құрамында аскорбин қышқылы, Е, В, К дәрумендері бар. Түсіну деңгейі: Балаларды гербарийлер папкалары қойылған үстелге шақырады (жолжелкен, итмұрын, бақбақ, жалбыз), өсімдіктердің жапырақ, сабақ және тамырының орналасу ретіне назар аударып, салыстырып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. «Гүлді кім бірінші салады?» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Педагог балаларға қалаған дәрілік қасиеттері бар өсімдіктердің суретін салуға ұсыныс береді. Балалар үлгілерге қарап, гүлдер, өсімдіктер суреттерін салады. Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Қолдану деңгейі: Үлестірмелі материалдармен жұмыс: 1. Желаяқ пен Саққұлақ орманға серуенге шықты. Олар жолда қандай дәрілік өсімдіктерді көрді? Шартты белгіні пайдаланып, сызықпен екеуінің жолын көрсет.	Құмырсқалар не істеп жүр? 2. Ұйқасын тап. Бәрі бірдей жұмысқа Шығатындар (құмырсқа) 3. Үзік сызық бойымен бастырып, суретті аяқта. 4. Мақалды жаттап ал. Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтайды. – Неге егіншіні еріншек, құмырсқаларды еңбекқор дейміз? – Әңгімеден қандай әсер алдың? Балаларды мадақтау. Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқалар (әңгіме) Бір егінші ойға егін егіп тастапты да, өзі қыдырып жүре беріпті. Қыр қызығы басылған соң, қыс қамы ойына түседі. – Бидайым пісіп тұрған шығар, жинап ала қояйын, – деп ойдағы егініне келеді. Келсе, алақандай аз мөлдектің әр басында бір торғай қонақтап отыр. Торғайдың шоқып, желдің шайқап төккен дәндерін еңбекқор құмырсқалар жинап үлгерген екен. Бидайының басында бос қалған қауыздан басқа түк	Қолдану деңгейі: идатикалық ойын: «Қарама-қарсы сөзді айт». <i>Ойынның шарты:</i> Педагог допты кез келген балаға лақтырып, бір сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөзге қарама-қарсы сөз айтып, допты кері лақтыруы керек. Мысалы: Жина - шаш Ақылды - ақымақ Ұзын - қысқа Тәртіпті - тәртіпсіз Ұқыпты - ұқыпсыз Пысық - жалқау Жаман - жақсы Ыстық - суық Жат - тұр Қатты - жұмсақ Сергіту жаттығуы: Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Біз үлгілі баламыз, Гүл-гүл жайнап жанамыз. Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз. Әліппе-дәптермен жұмыс: 2-тапсырма. Суретке қарап әңгіме құра, қай баладан үлгі алуға болады? Үйге келген соң аналары не істейді деп ойлайсың? Қайсысының анасы қандай көңіл күйде болады? Сөздік жұмыс: Мұнтаздай – кіршіксіз, тап-таза. 3-тапсырма. Мақалдардың мағынасын	(Қимылмен көрсетеді) – Аю қалай жүріп келді? (Қимылмен көрсетеді) – Келесі жылы шаруа не екті? Бидайы қалай өсті? (Қимылмен көрсетеді) – Шаруа қызылшаны қалай жинады? (Қимылмен көрсетеді) Педагог ертегіні екінші қайтара оқиды. Педагог ертегінің басын айтады, балалар Қолдану деңгейі: Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Суретте қай ертегі бейнеленген? Шаруа аюға не айтып тұр? Ойынды білдір. Ертегі арқылы қандай ой түйдің? Ертегі қалай аяқталады? Ертегідегі адам мен аюдың іс-әрекетін салыстыр. 2. Суреттегі заттарды ата. Шаруаның құралын қоршап сыз. 3. Жұмбақты шеш. Тігіп алып көк шатыр, Қызыл күрең доп жатыр. (Қызылша) Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтайды.
--	--	---	--	---	--

		2 . Жұмбақты шеш. Қандай дәрілік өсімдік туралы айтылған? Жол жиегінде өсетін, Жапырағы жалпақ, Жараны жазбақ. Ол не? (Жолжелкен) Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.	те жоқ. Еңбекқор құмырсқалар қыс қамын ойлап, өзінің илеуіне ең соңғы тапқан дәндерін асыға тартып бара жатыр. Сонда жалқау егінші әлгі құмырсқаларға қарап: – Жарайды, азаматтар, жинап алған екенсіңдер. Ендігі жылы тұқым керек болса, келіп алармын, – деп атына мініпті де, шу деп жүріп кетіпті.	түсініп ал: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Жақсы болу өз қолыңда. Атадан жақсы ұл туса, Елдің қамын жейді. Атадан жаман ұл туса, Елдің малын жейді. Педагог мақалдың мағынасын сұрайды, түсіндіреді. Балаларға қайталата отырып жаттады. Ойын-жаттығу: «Мен орындай аламын».	
--	--	--	---	---	--

2 үзіліс – 15.10 – 15.20

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар. Дыбыстық есту арқылы ойын: Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Міндеттері: -балалардың сөздік қорын молайту; -үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру; -балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу; -заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінің қандай екенін қайталату; -үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту; Дағды: балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту, үйренген дыбыстарды дұрыс айтуға, артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру;	Тыныс алу қабілетін дамытуға арналған тыныс жаттығулар «Кімнің кемесі қатты гүлдейді?» Мақсаты: ауа тіл ортасынан шығу керек. Дайындық: шыныдан жасалған түтікшелер биіктігі 7-8 см. Ені 1-1,5 см. Ойын барысы: Әр балаға логопед түтікшені үлестіреді. -Балалар, менің түтікшем қалай гүлдейді, мен үрлеп тұрмын, қалай, кеме сияқты ма? Ал, сенікі ше? Әдістемелік нұсқау: ауаны дұрыс шығару үшін тіл ұшы түтікшенің ауыз жағына тиіп тұру керек, түтікше иекке тиіп тұрады. «Құс ұшты» Мақсаты: ұзақ еркін тыныс алу. Дайындық: Жұқа қағаздан құстарды қиып алу, оларды бояу. Ойын барысы: екі үстел үстіне төрт құсты қоямыз. Төрт бала шақырылады, әр құстың қасына отырады. Логопед құстар құстар ұш дегенде, балалар үрлейді. Әдістемелік нұсқау: балалар үрлегенде ұртына ауаны жинамау керек. «Көбелек ұш» Мақсаты: ұзақ еркін тыныс алу. Дайындық: жіпке тізілген көбелектерді баның алдына қоямыз. Ойын барысы: Бала орындықта отырып, көбелектерді ұзақ үрлейді. «Суға сүңгуіштер» Мақсаты: баланың ауызбен дем алып, мұрынмен ауаны шығаруы керек.
--	---



Дайындық: Суда шомылып жүрген балаларды бейленейтін суреттер.
Ойын барысы: Бала екі қолын екі жаққа созады, ауызбен дем алады. Бала отырады, мұрыннан ауаны шағарады.
Әдістемелік нұсқаулық: 2-3 реттен артық жасауға болмайды.

«Ойыншық»

Мақсаты: баланың мұрынмен дем алып ауыздан ауаны шығару керек.
Ойын барысы: Ойыншықты үрлеп мұрынмен дем алады, ауыздан шығарады.

«Өлең айтамыз»

Мақсаты: ауа ұзақ еркін шығуы керек.

Дайындық: ойыншық, әуен аспаптар.

Ойын барысы: Аспаптарды үрлеп а-а-а-у-у-у деп қайталайды.

«Шар»

Мақсаты: ауаны ауыздан ұзақ шығару.

Дайындық: шардың суреті, шарлар.

Ойын барысы: Шарды үрлейміз, ұртымызға ауа толтырамыз, шар босап кетті, ауаны жай, баяу ауыздан шығарамыз.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 15.20– 15.50

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Неше?Санау. ҮІӨ міндеттері: санамақтар жаттау, тура және керісанау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. Дағды: сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.	3.Мүсіндеу - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Көгөністер. Саңырауқұлақтар. ҮІӨ міндеттері: геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз, т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру. Дағды: өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай	3. Сауат ашу негіздері- тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Дыбыстар әлемі. ҮІӨ міндеттері: -дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. -тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру. -достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Дағды: Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру.	3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Апта күндері. ҮІӨ міндеттері: апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету; жаңа сөздердегі қазақ тілінетән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту. артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту.	3.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. ҮІӨ тақырыбы: Өсімдіктердің көбеюі ҮІӨ міндеттері: -өсімдіктердің өсу, даму сатыларымен таныстыру. Тәжірибе жасап, одан қорытынды шығара білуге үйрету, өсімдіктің жемісі, тұқымы туралы түсініктерін қалыптастыру; -тәжірибе жасауға деген қызығушылықтарын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін дамыту;
---	---	---	---	---	--

	Ұлттық құндылықтар: санамақтар айтады, сұрақтарға жауап береді. Күтілетін нәтиже: онға дейін тура және кері санайды, санға сәйкес суретті көрсетеді; сұрақтарды түсінеді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» Жемістер, көгөністер, жидектерді үш себетке бөліп салу, атау, сипаттау. Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар қазақ тіліне аударады. Фрукты – ... (жемістер). Овощи – ... (көгөністер). Ягоды – ... (жидектер). Түсіну деңгейі: Постердің көмегімен ойыншықтарды санау. Бір ит, екі мысық, үш доп, төрт аю, бес ұшақ. Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?». Бірден онға дейін сандарды ретімен кою, санау. 2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1 Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру». Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары турасанау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту). Санамақ жаттау.	алуға, еркін жұмыстануға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: әртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып көгөністерді мүсіндейді; әртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып саңырауқұлақты мүсіндейді; заттық мүсіндеу дегеннің не екенін; саңырауқұлақтың әртүрлі болатынын; домалақтау, жалпақтау, есу тәсілдерін; саңырауқұлақтың пішінін келтіруде мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Кім не біледі?» дидактикалық ойынын ұйымдастыру. Кім тез жәнәкөп ұпай жинаса, сол бала жеңімпаз атанады. – Қандай көгөністі білесіңдер? Көгөністер қайда өседі? Көгөністің пайдасын айт, т.б. – Балалар, бізге орманнан қоян сиқырлы қап беріп жіберіпті. Кәне, ішінашып көрейікші. Балалар қап ішіндегі көгөністерді алып, оның	Ұлттық құндылықтар: дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. Тыйым сөздерді сөз барысында қолданады. Күтілетін нәтиже: дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады; дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Не қалай дыбыстайды?» ойыны арқылы бастайды. Балаларға сұрақтар қойылады, балалар жауап беріп, әр құстың даусын салады. 1. Өтеш қалай дыбыстайды? – ... 2. Қарға қалай дыбыстайды? – ... 3. Бұлбұл қалай дыбыстайды? – ... 4. Аққу қалай дыбыстайды? 5. Торғай қалай дыбыстайды? – ... Түсіну деңгейі: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат», «Саңырауқұлақ», «Алтыбақан» Құстардың суреттерін тақтаға іледі. – Балалар, қандай құстарды білесіңдер? – Қарға, тоқылдақ т.б.	Дағды: апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айтуға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Сандар жайлы түсініктерін дамыту, ойлау қабілеттерін, тілін, сөздік қорын дамыту. Балаларды тапқырлыққа, ізденпаздылыққа, бір біріне көмек беруге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: апта күндерінің қазақша айтады; қойылған сұрақты түсінеді, апта күндерін ретімен қолданады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Дидактикалық ойын: «Көршісін тап?» Шарты: бірден онға дейін сандарды ретсіз кою, балалар сандарды дұрыс қойып тура жәнәкөрі санайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Түсіну деңгейі: Тақпақ «Апта күндері». Апта деген атайдың Жеті бірдей ұлы бар. Біріншісі – дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі, Үшіншісі – сәрсенбі, Төртіншісі – бейсенбі, Бесіншісі – жұма, Алтыншысы – сенбі, Жетіншісі – жексенбі.	– өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу. Дағды: Өсімдіктердің өсіп-жетілу жолдарымен, өсіру тәсілдері жолдарымен жәнә оларды күтіп-баптау түрлерімен танысу арқылы күтім жасауды дағдыға айналдыру. Ұлттық құндылықтар: Өсімдіктер дүниесін қорғауға тәрбиелеу. Көкті жұлмау. Күтілетін нәтиже: Өсімдіктердің көбею жолдарын білу тиіс; өсімдіктерді күтіп, баптау; өсімдіктерді гүлзарларға отырғызу, оларды суару. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Педагог жұмбақ жасырады. – Қолы жоқ, аяғы жоқ – қозғалады, аузы жоқ – тыныс алады, қоректенеді. – Бұл – өсімдік. – Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай? – Адамдар өсімдіктерді азық ретінде, құрылыс материалы ретінде қолданады, қағаз алады. Ол ауаны тазартады. Біз тәжірибе жасап көрдік. – Өсімдіктер қалай көбейеді? – Өсімдіктер тұқым арқылы көбейеді. – Өсімдік өсу үшін не керек? – Өсімдік өсу үшін су, ауа, жарық, жылу керек.
--	---	---	--	---	--

	Бақшада жақсы аға Ойыншық береді. Бір балық, Екі шелек, Үш үйрек, Төрт түлкі,Бес бүркіт. Қолдану деңгейі: Ойын жаттығуы: асықпен орындалады. Педагог қандай бір санды айтады, балалар сонша асықты санап алады да, «неше?» сұрағына жауап береді. Сергіту сәті. Бір, екі, үш, Біз жинаймыз күш. Төрт, бес, Үлкен болып өс! Алты, жеті, Қолымыз еденге жетті. Сегіз, тоғыз, он, Орындарына қон.	пішінін, түрін, түсін зерттеп көреді. Балалар, мына суреттен не көріп тұрсындар? Саңырауқұлақтар бір- біріне ұқсай ма? Иә, саңырауқұлақтың бойлары, түстері әртүрлі екен. Осы саңырауқұлақтар туралы не білеміз? Қандай ертегі білесіңдер? Балалар,саңырауқұлақ туралы тақпақ, ертегі біледі екенбіз. Енді осы саңырауқұлақтарды ермексазбен мүсіндеп көрейікші. Түсіну деңгейі: Қызғылт сары түсті ермексазды алып,жұмсартып конус тәріздіпішінге келтіреміз.Жасыл түсті ермексазды жіңішкелеп есу арқылы жапырақтарын жасаймыз. –Енді,қызылшаны мүсіндейміз. Ол үшін алақанға қызыл түсті ермексазды салып жұмсартып, содан соң домалақтаймыз. Ұш жағын шымшып созу арқылы жіңішкертеміз. Жасыл түсті ермексаздан есіп жіңішке сабағын дайындап, біріктіреміз. Қолдану деңгейі: Саңырауқұлақты мүсіндеу жолдарын көрсету, түсіндіру: Алдымен бір кесек ермексазды алақанның	– Мен сендерге құстарға байланысты тақпақ үзінділерін оқимын. Ал сендер не туралы айтылғанын және қандай дыбыстан басталып, қай дыбыстың қайталанып тұрғанын табуларың керек. Қайталанып тұрған дыбыстың дауысты ма, дауыссыз ба дыбыстардың қайсысына жататынын анықтау. Аққу – құстың төресі, Ақ мамықтай денесі. – Өлең не туралы және қай дыбыс көп қайталанып тұр? – Дұрыс, [а] дыбысы. – [А] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта. – Дауысты дыбыс. – Дауысты дыбысты қалай белгілейміз? – Қызыл түспен. Педагог тақпақ оқиды. Әтеш әнге басады, Әтеш ұйқы ашады. – [Ә] дыбысының қандай дыбысқа жататынын анықта. – Дауысты дыбыс. – Дауысты дыбысты қалай белгілейміз? – Қызыл түспен. Га-га-га қыста тоңбайды, Га-га-га талға қонбайды. – [Г] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер. – Дауыссыз дыбыс.	Педагог апта күндерін қайталауды ұсынады. Аптада неше күн? Бүгін аптаның қай күні? Аптаның бірінші күні? Екінші күні? т.б. Қолдану деңгейі: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі Ә-ә-ә- сээр-сенбі Ұ-ұ-ұ- жұұ-ма Сөйлемдерді тыңда. Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет. Балалар дүйсенбіде доп ойнады. Сейсенбі күні серуенге шықты. Сәрсенбіде сурет салды. Бейсенбіде би билеп, ән салды. Жұмада жидек терді. Сенбіде кино көрді. Жексенбіде үйлерінде демалды. Балалар осылай бір аптаны өткізді. Педагог сөйлемдерді оқиды, мазмұнын түсіндіреді. Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: <i>дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі,жұма, сенбі, жексенбі.</i> Сергіту сәті: Таңертең тұрамын, Қолымды жуамын. Тісімді тазалап, Бетімді жуамын. Шашымды тараймын, Киімімді киемін,	Интербелсенді тақтадан Көлтауысардың сұрағы: «Өсімдіктердің өсіп-өнуіне судың қандай қатысы бар?» Жауап: «Сусыз өімдік өспейді. Өсімдік су арқылы топырақтағы қоректік заттардың бойына сіңіреді». Түсіну деңгейі: Балаларға екіге бөлінген алма мен алмұрт ұсынылады. Олардың қандай ұқсастығы мен айырмашылығын табады. Олардың пішіндері, дәмі, түсі, иісі әртүрлі. Олардың ұқсастығы: екеуі де жеміс, ортасында тұқымы бар, қатты жеміске жатады. – Егер осы бөліктерді қағаз сүрткішке қойсақ не болады? – Қағазда судың ізі қалады. Қандай қорытынды жасауға болады? – Екеуі де шырынды жеміске жатады. (Көгөністердің тұқымын бақылау ұсынылады). – Олардың тұқымы қандай? – Тұқымдары әртүрлі. Бірінің сырты қатты қабықтан тұрады, енді бірі жұмсақ. – Біз тамаққа қандай бөлігін пайдаланамыз? – Тұқымынан тазартып, жұмсақ бөлігін пайдаланамыз. (Тұқымды лупамен қарау ұсынылады). – Тұқымдар әртүрлі. Барлық тұқым бірдей ме?
--	---	--	--	---	---

		арасына салып жұмсартамыз.Созу тәсілі арқылы саңырауқұлақтың аяғын жасап, сопақша пішінге келтіреміз. Қызыл түсті ермексазды домалақтап алып, тақтайша үстіне қойып, алақанмен басып жалпақтаймыз. Ақ түсті ермексаздан бірнеше кіші домалақ пішіндер жасаймыз. Саңырауқұлақтың қалпағын аяғына орналастырамыз. Ақ түсті ермексаздармен саңырауқұлақтың қалпағын безендіреміз. Енді қиярды мүсіндеуге кірісейік. Ол үшін жасыл түсті ермексазды алып жұмсартып, есу арқылы сопақша пішінге келтіреміз. Шымшу арқылыбүршіктерін жасаймыз. Тағы бір кішкене бөлігін алып есіп, қиярдың сабағын орналастырамыз. Сергіту сәті: Көгөністер бейнеленген суреттерді балаларға үлестіріп береді. Әуен ырғағымен балалар билейді,айналады, музыка тоқтағандаолар бірігіп, «салат» болады.	– Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз? – Көк түспен. Қарға-қарға қарғалар, Қар үстінде жорғалар. – Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр? – [Қ] дыбысының Қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер. – Дауыссыз дыбыс. – Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз? – Көк түспен. Кекілік-ау, кекілік, Кетіп қалма секіріп. Қолдану деңгейі: [К] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер. – Дауыссыз дыбыс. – Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз? – Көк түспен. Ителгі алмас күшті аңды, Ителгі аулар тышқанды. – Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? – [И] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер. – Дауысты дыбыс. – Дауысты дыбысты қалай белгілейміз? – Қызыл түспен. Сауысқан-ау, сауысқан, Сақтанасың дауыстан. – Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр?	Бақшама барамын.	Тұқымдарды ортасынан бөліп көріңдер. – Кейбір тұқымдар ортасынан жарылады. Ал қызанақтың тұқымы бөлуге келмейді. Ол ұсақ және жұмсақ. Сыртқы қабығы ішіндегі тұқымды кеуіп кетуден сақтайды. Тұқым өсіп-өну үшін қандай жағдай керек? – Алдымен оларға жұмсақ, құнарлы топырақ керек. Содан соң жарық, жылу, ауа, су керек. Ал сендер қалай күтулерің керек? Қолдану деңгейі: – Өнген өсімдікті су құйып, топырағын қопсытып, арам шөптерден тазартып отыру керек. Өсімдік әрі қарай қалай дамиды? – Өсімдікте гүл пайда болады. Гүлдің ортасындағы түйіннен жеміс пайда болады. Педагог әңгіме оқып береді. – Маржан апасына бақшаға көкөністер көшеттерін отырғызуға көмектеспекші болды. Апасы жерге дөңдер септі, бетін топырақпен жапты, Маржан оларды суқұйғышпен суарды. Ал бір өсімдікті тамырымен жерге екті. Апасы Маржанға бұл өсімдік тәтті болып өсетінін айтты. Маржан көз алдына елестетті, иісі аңқыған, өзі тәтті, қып-қызыл. Ол қандай өсімдік? – Құлпынай.
--	--	---	--	-------------------------	---

			– [С] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер. – Дауыссыз дыбыс. Тырау, тырау, тырналар, Тамаша әнін тыңдап ал. – Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? – [Т] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер. – Дауыссыз дыбыс. Шаңқ, шаңқ етіп шағала, Шабақ ілер жағада. – Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? [Ш] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер. (Қатаң дауыссыз дыбыс). Лашын көкте самғайды, Лашын көкті шарлайды. – Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? [Л] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер. (Дауыссыз дыбыс) Саусақ жаттығуы Қолымызды қайшы етіп, Қағаздарды қиямыз. Қиып-қиып аламыз, Біз көңілді баламыз. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.		«Өздерің табыңдар» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Балалар, Асан мен Үсен неге айтысты? (Балалардың жауаптары). Сергіту сәті. «Өсімдік қайда жасырынды?» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу) Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Көлтауысардың пайымдауы: Өсімдіктер тамыр, тұқым және табиғи тәсілдер арқылы көбейеді. 1. Суретте қандай өсімдік бейнеленген? Сурет бойынша өсімдіктің өсу ретін цифрмен белгілеп көрсет. Көлтауысарға түсіндір. 2. Өсімдік өсу үшін не қажет? Сызықпен қос. Өңгімеле.
--	--	--	---	--	---

Балалардың дербес іс-әрекеті
Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.
Экологиялық тәрбие. Эмоционалды әрекет.
Экологиялық ойын: Ойын арқылы балаларды табиғатпен таныстырады.

Басты міндеттері: Балалардың жылдамдығын жетілдіру, есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.



Ойын міндеттері: Балалардың жылдамдығын жетілдіру, есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсараты.
Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.

Ойын шарты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.

Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендендер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті	уақыты: 16.00– 16.30
-----------------------------------	----------------------

4. Дене шынықтыру - ойын
 әрекеті, қимыл белсенділігі.
ҮІӨ тақырыбы:
 Бірінші бол!
ҮІӨ міндеттері: бір сызық
 бойына қойылған заттар
 арасында оң және сол
 аяқпен секіру. Сапқа тұрып,
 допты екі қолмен бастан
 асыра бір – біріне лақтыру
Дағды: Зал кеңістігін
 бағдарлап, сапқа және сапқа
 қайта тұруға жаттықтыруды
 жалғастыру. Биікзаттың
 үстінде статикалық тепе-
 тендіктерін сақтай білу
 шеберліктерін
 (машықтарын) жетілдіру әрі
 дағдыландыру.

4. Музыка-
шығармашылық ойын
әрекет.

ҮІӘ тақырыбы:
Күз – жомарт.

ҮІӘ міндеттері:
күйші Тәттімбет
шығармашылығы-мен
таныстыру;
музыкалық шығармаға
өзінің қатынасын білдіру,
оның мазмұны мен
сипаты туралы пікірін
айтуға үйрету;
әннің сипатын қабылдау,
дауысын дұрыс келтіріп
орындау, ырғақтық
бейнесі мен динамикасын
дәл беру, әннің кіріспесін,

4. Дене шынықтыру -
ойын әрекеті, қимыл
белсенділігі.
ҮІӘ тақырыбы:
Командалық
эстафеталар(таза ауада)
ҮІӘ міндеттері:
гимнастикалық орындық
үстінде тепе-теңдікті сақтап
жүруге үйрету. Допты
жоғары лақтырып, екі
колмен қағып алуға
жаттықтыру. Доппен
жасалатын тепе – теңдік
сақтау және секіру
жаттығулары.
Дағды: тізбекпен жүруді,
жүгіру дағдыларын,
командамен жұмыс істеу

4. Музыка-
шығармашылық ойын
әрекет.

ҮІӘ тақырыбы:
Күз – жомарт.

ҮІӘ міндеттері:
күйші Тәттімбет
шығармашылығы-мен
таныстыру;
музыкалық шығармаға
өзінің қатынасын білдіру,
оның мазмұны мен сипаты
туралы пікірін айтуға
үйрету;
әннің сипатын қабылдау,
дауысын дұрыс келтіріп
орындау, ырғақтық бейнесі
мен динамикасын дәл беру,
әннің кіріспесін, басын,

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.

ҮІӨ тақырыбы:
Ерекше сабақтар.

ҮІӨ міндеттері:
гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглилердің арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету.

Дағды: Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын)

	Ұлттық құндылықтар: қолды еркін қозғап, бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді және достық, сыйластық секілді адамгершілік қасиеттерді. Күтілетін нәтиже: жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді; қысқа секіртпемен секіруді; гимнастикалық орындық үстінде белгі бойынша көзді жұмып, бір аяқты көтеріп тұруды; биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру және шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді денсапаларын дамыту керектігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Жинақылыққа тәрбиелеу: Тізбекке бір-бірден тұрады. «Шашырап жүру» ойын-жаттығуы: Жүру, зал ішінде аяқтың ұшымен жүгіру, тізбекке, сапқа тұру. Екі-екіден тізбекке тұрады. Гимнастикалық орындық үстінде ЖДЖ орындау (№1). Педагогтің нұсқауын дәлорындауға тырысады. Әр жаттығудың бастапқы қалыптарын сақтап орындайды.	басын, қайырмасын ажыратуға дамыту. Дағды: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Эстетикалық тәрбие беру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Күтілетін нәтиже: күйді тыңдайды, ажыратады, әндерді орындайды, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгертеді; күй жанрының ерекшеліктерін, музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Жеңіл би» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды. Орындарында тұрып серіппе жасап, шеңбердің ортасына жиналып, қолдарын шапалақтайды да, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды. Түсіну деңгейі: <i>Музыка тыңдау:</i> «Саржайлау»	дағдыларын, секіру кезінде дұрыс итерілуді, кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық құндылықтар: тізбекпен жүруді, жүгіру дағдыларын, командамен жұмыс істеу дағдыларын, секіру кезінде дұрыс итерілуді, кеңістікті бағдарлау дағдыларын. Күтілетін нәтиже: алыстан көре алмаудың алдын алу. Тізбекпен бірінің іші мен бірінің арқасының арасына допты қыстырып жүру; эстафеталарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі, командалармен қимыл кезінде тепе-теңдік сақтай білудің маңызы мен жауапкершілігі, өз әрекеттерін басқа ойыншылардың әрекеттерімен үйлестіру, жолақтан-жолаққа секіре білу. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Алыстан көре алмаудың алдын алу жаттығуларын орындау. «Көз – саяхатшы»: Бастапқы қалып – еркін тұру. Атаған заттарын бастарын қозғалтпай, тек көзбен табу. «Оңға көз тастау, солға көз тастау»: Оң қолмен иектен ұстап, басын «бекіту».	қайырмасын ажыратуға дамыту. Дағды: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Эстетикалық тәрбие беру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Күтілетін нәтиже: күйді тыңдайды, ажыратады, әндерді орындайды, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгертеді; күй жанрының ерекшеліктерін, музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Жеңіл би» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды. Орындарында тұрып серіппе жасап, шеңбердің ортасына жиналып, қолдарын шапалақтайды да, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды. Түсіну деңгейі: <i>Музыка тыңдау:</i> «Саржайлау»	қалыптастыруға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: зал кеңістігін бағдарлап, сапқа қайта тұру. Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу, биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін. Күтілетін нәтиже: белгіленген жерден шұңқырға секіруді; бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді; допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алуды; допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қалай қағып алу керектігін және жаттығуларды педагогтің нұсқауы бойынша орындау қажеттігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: «Денсаулық сабағы». Орындықтарды өз еріктерімен таңдайды. ЖДЖ-ны гимнастикалық орындық үстінде орындайды, сонымен қатар тепе-теңдікке арналған жаттығуларды да орындайды. Бес-бестен звеноларға бөлініп, орындық жанына келіп тұрады. Кешенді орындау барысында бастапқы қалыпты дұрыс ұстап,
--	---	---	---	--	---

	Түсіну деңгейі: Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату (3рет): Зейіндерін дамыту. Тепе-теңдік: орындық үстінде белгі бойынша көзді жұмып, бір аяқпен тұру. Статикалықтепе-теңдікті сақтап, жаттығуды алдыға еңкеймей орындайды. Көшбасшы болуға талпынғыш қасиеттерін дамыту. «Бірінші бол!» ойын-жаттығуы: жүргізушіні ауыстырып отырып, баяу жүгіру. Қолды кеуде тұсына дейін алға әкеліп, сонансоң шынтақтарын артқа жібереді. Педагогтің бұйрығы бойынша есімі аталған бала жүргізуші болып, жүгіру бағытын өзгертеді. Шапшаңдықты дамытамыз. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту. Жаттығуды дұрыс орындауларын қадағалау. Бастапқы қалып: секіртпені артында ұстап тұрады. Сонан кейін алдыға лақтырып, секіруді бастайды. Секіртпемен еркін секіреді. Қол мен аяқты үйлестіріп қозғауға тырысады.	(Тәттімбет). Күй өнері туралы түсінік беру. Күй – халық музыкасы. Балаларға жұмбақ жасырып, тапқырлықтарын сынайды. Ұзын мойын, екі ішек. Қатар-қатар тепкішек. Басып қалсаң бір-бірлеп, Күй шығады күмбірлеп. <i>(Домбыра)</i> Күйді домбыра аспабында орындайды. Күй тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдай отырып балалардың көз алдына не елестете алғанын сұрақ-жауап арқылы талдау жасау. Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерін көрсету. Қолдану деңгейі: Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет). Өткен оқу қызметінде үйренген әнді әрі қарай жалғастыру. Күз көріністерін елестете отырып әнді баяу, сазды етіп орындау. Таныс «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» «Билеп үйренейік» жинағынан). Би элементтерін еске сақтауға, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.	Ойыншықты сол көзін жапқанда, оң көзімен көре алмайтындай болуы керек. Сол ойыншыққа 7 секунд қарайды, сосын ендігі 7 секундта алдыға қарап тұрады. Жаттығуды 3 рет қайталайды. Сосын ойыншықты оң қолына алып, керісінше қайталайды. «Айдаһар» (3рет). Балалар бір тізбекке тұра қалады. Бұл – «айдаһар». Балалар арқасымен, кеудесімен допты қысып тұрады.Белгі бойынша «айдаһарлар» мәреге қарай бет алады. Түсіну деңгейі: Жолақтарға аттап секіру» (3 рет). Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару. Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. «Жүрдек пойыз» (6 рет). Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып жүгіру.Әр команданың алдында 6 метр жерде конустар орналастырылған. Бірінші ойыншы жүгіріп барып, конусты айналып өтіп, орнына қайтып келеді. Оған екінші ойыншы жармасады.Енді олар конуска дейін бірге жүгіріп кетеді. Конусты айналып	(Тәттімбет). Күй өнері туралы түсінік беру. Күй – халық музыкасы. Балаларға жұмбақ жасырып, тапқырлықтарын сынайды. Ұзын мойын, екі ішек. Қатар-қатар тепкішек. Басып қалсаң бір-бірлеп, Күй шығады күмбірлеп. <i>(Домбыра)</i> Күйді домбыра аспабында орындайды. Күй тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдай отырып балалардың көз алдына не елестете алғанын сұрақ-жауап арқылы талдау жасау. Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерін көрсету. Қолдану деңгейі: Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет). Өткен оқу қызметінде үйренген әнді әрі қарай жалғастыру. Күз көріністерін елестете отырып әнді баяу, сазды етіп орындау. Таныс «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» «Билеп үйренейік» жинағынан). Би элементтерін еске сақтауға, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.	педагогтің нұсқауларын дұрыс орындайды. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату: Тепе-теңдік: гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен тұру; педагогтің белгісі бойынша көздерін жұму. Статикалық тепе-теңдіктерін сақтап, денелерін алға еңкейтпеуге тырысады. Түсіну деңгейі: «Геометрия сабағы» Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету (таспадан жасалған геометриялық фигуралар). Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту және жерге түскенде тепе-теңдіктерін сақтай білуге үйрету. Таспадан жерге геометриялық фигураларды қалай жасау керектігін көрсету. Фигураның дәл ортасына секіріп түсуге тырысады. «Бағдарлау сабағы» (2 минут) Екпіндерін өзгертпей, бірақ бағыттарын өзгертіп жүгірту. Қол мен аяқты үйлесімді қозғауларына назар аударту: қолдарын алдыға, жоғары кеуде тұсына дейін көтереді, сонансоң шынтақтарын артқа жібереді; жерге аяқтарының басымен басып, қысқа адымдайды.
--	--	---	---	---	---

	Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тығылмақ» (3 рет). Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Көзі байланған жүргізуші ортада тұрады. Педагогтің белгісі бойынша балаларды тауып ұстауға тырысады, ал балалар зал ішінде әртүрлі бағытта ақырын қозғалып жүреді.	Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, ән мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету.	өтіп орындарына қайтып келгенде оларға үшінші ойыншы жабысады ... Жүгіріс кезінде шашырап кетпей, бірінші болып бітірген команда жеңіске жетеді. «Өткел» Әр командаға құрсау «қайық» беріледі. Командалар бір «жағадан» екіншісіне «қайықпен» өтуі керек. Қолдану деңгейі: «Құрсаудан өту» (3 рет). Бір-бірінен 3 м, 5 м арақашақтықта құрсаулар орналастырылған. Бірінші құрсауды жоғары көтеріп, өзіне кигізіп, жерге қою, ал екінші құрсаудың ішінетұрып, оны жерден жоғары көтеріп, басынан асырып, шығарып, жерге қою. Әр команданың алғашқы ойыншылары бірінші құрсауға жүгіріп келеді. Оны жоғары көтеріп, өзіне кигізеді. Аяғын бүгіп, отырыңқырап барып жерге қояды да, екінші құрсауға қарай барады. Ал екінші құрсауға өздері ішіне тұрып, оны жерден жоғары көтеріп, басынанасырып, шығарып, жерге қояды да, конусты айналып жүгіріп келіп, өз орнына тұра қалады. Сол сәтте екінші ойыншы жүгіріп, тапсырманы орындауға кіріседі.	Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, ән мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету.	Қолдану деңгейі: «Әртүрлі білімдер сабағы» Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін» Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағыпалады. Допты жоғары лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын еркінұстайды. Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді ақырын айтады. Саусақ гимнастикасы: «Сәлем! Сәлем! Сәлем! Сәлеметсің бе!» деген сөздерді әндетіп, бас бармақтарының ұштарын барлық саусақтарының ұштарына тигізіп шығады. Алдымен оң қол саусақтарын, сонан соң сол қол саусақтарымен орындайды.
--	---	---	--	---	--

			Ойынды бірінші аяқтаған команда жеңіске жетеді. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мүсін». Балалар залда шашырап жүреді. «Токта!» деп белгі берілгенде, олар бір мүсінге ұқсап, «қатып қалады». Ең әдемі, қызықты «мүсіндерді» атап өту керек.		
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 16.30					
Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 16.30	Ата-анаға кеңес: Әңгімелесу: «Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!» тақырыбында кеңес беру. Балалардың жеке ерекшеліктері туралы «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	Ата-анаға кеңес: Сұхбаттасу. «Егер сау болғың келсе» («Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!») -Таңертеңгілік жаттығу не үшін қажет? -Таңертең тұрғанда не істейміз? -Омыртқаның қисаюы деген не? -Омыртқа қисаймау үшін не істеу керек? -Жалпақтабан деген не? -Омыртқа қисаюынан және жалпантандылықтан қандай жаттығу көмектеседі? -Таңертең тұрған кезде не істейміз? Адам табиғаттың бір бөлігі, сондықтан да өз өмірінде белгілі бір тәртіп сақтап, арнайы бір өмір салтына бейімделуі керек. Адамның бұл тәртібі күн тәртібі деп аталады. - Күн тәртібін сақтайтын балалар ақылды,	Ата-анаға кеңес: Әңгімелесу: («Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!») тақырыбында кеңес беру. Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа. Мынау – балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басынды сыртқа шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды. Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, тоқ қосқышқа жанасуға болмайды. Мынау – үтік. Оның шнурынан тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады. Плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар – ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап не шүберек керек. Мынау – дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз	Ата-анаға кеңес: Қауіпсіздік кеңес: «Тұмаудан сақтау жолдары» үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замансыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес: Әңгімелесу: «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, (өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт. Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы.

		сымбатты, дені сау болып өседі. Ұйқыға уақытында жатып, ерте ояну керек. Тазалық ережелерін сақтау керек. Уақытында тамақтану қажет. Денсаулықты сақтау үшін күн тәртібін орындау қажет.	ешбір дәріні ішпе! Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің? Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің?		
--	--	---	---	--	--

Мектепалды 0 сыныбының тәрбиешісі: Байзулгарипова Г.С.
Крискович А.С.

БЕКІТЕМІН
УТВЕРЖДАЮ

Мектеп директоры:
Директор школы:

Кудайбергенова К.Д.

Мектепалды 0 сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мәдениет ауылының ЖОББМ»КММ

Сынып/Топ: Мектепалды 0

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 14,10.- 18,10.2024-2025 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі		Дүйсенбі 14.10.24	Сейсенбі 15.10.24	Сәрсенбі 16.10.24	Бейсенбі 17.10.24	Жұма 18.10.24
Балаларды қабылдау		«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту,музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу		«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту,музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. «Ұлттық ойындарды бала тәрбиесінде ұтымды пайдалана білу жолдары» туралы әңгімелесу				
3-апта дәйексөзі:«Отанды сүю – отбасынан басталады!» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері», «Егер сау болғың келсе»						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҮІӘ уақыты:	14.00-14.30 14.40-15.10	Дүйсенбі 14.10.24	Сейсенбі 15.10.24	Сәрсенбі 16.10.24	Бейсенбі 17.10.24	Жұма 18.10.24

	15.20-15.50 16.00-16.30	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Жапсыру Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 14,00-14,30						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: 9 саны және цифрды. ҮІӨ міндеті: -9 саны және цифрмен таныстыру. 1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Дағды: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Ұлттық құндылықтар: салауатты өмір салтына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу; белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтижелер: 9 сандарын айтуды; заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; заттарды топқа бөлуді, 9сандарын тануды.	1. Сауат ашу негіздері– тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз. ҮІӨ міндеттері: -сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру. -суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. -бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. Дағды: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады; сөздерді буынға бөледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Жалпы атауын айт» ойынымен бастайды. – Балалар, мен сөздер айтамын, сендер мүдірместен және тез жалпы атауын атауларың керек.	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: 9 саны және цифрды. ҮІӨ міндеті: -1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге, салыстыруға; геометриялық фигураларды атай білуге, тізбектерді орнатуға үйрету, санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. -табандылыққа тәрбиелеу. Дағды: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Ұлттық құндылықтар: еңбекқорлық пен танымдық іс- әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтижелер: 9 сандарын айтуды; заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; заттарды топқа бөлуді, 9сандарын тануды. 8 санына дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: 0 саны және цифрды. ҮІӨ міндеттері: -0 саны және цифрмен таныстыру; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. Дағды: Оқушылардың ой – қиялын, математикалық тілін, дүниетанымын дамыту. Логикалық ойын ұштау. Саусақтың ұсақ моторикасын жетілдіру. Ұлттық құндылықтар: балалардың зейінін, сөйлеу және дәптерде бағдарлау қабілетін дамыту. Күтілетін нәтижелер: 0 саны жәнецифрын (бос жиын көрсеткіші туралы түсінік); 0 цифрын жазу туралы түсінікті; 0 цифрын тану, бос жиынтықты сол цифрмен белгілеуді.	1. Сауат ашу негіздері– тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Ойнай отырып оқимыз. ҮІӨ міндеттері: -сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру. -дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту. -шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу. Дағды: Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: жұмбақтарды шешеді, сөздерді буынға бөледі. Буындардан сөз құрайды; бір буында бір дауысты дыбыс болатынын; сөздерді буынға бөлу. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. Өткен тақырыптарды қайталау.	

	8 санына дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Сан мен цифрды байланыстыр» ойын-жаттығуы. Педагог 7, 8 цифрын көрсетеді. Заттардың қажетті санын көрсететін суреттерді табуды ұсынады. Балалар санды цифрмен байланыстыруды үйренеді. Үлестірмелі материалдың № 2,3 парақтарын пайдаланады. Киімнің суреті бар карточкалар көрсетіледі. Киімді сөреге (7, 8 зат) бүктеп салып, оларды санауды ұсынады. Одан соң балалар санды тоғызға дейін толықтырады. Тоғыз саны қалай шыққанын айтып түсіндіреді. (9 бұл – 8 тағы 1). Педагог 7, 8, 9 сандары туралы өлең оқиды. <i>Жалғыз аяқ көсеуде, Ұқсас екен жетеуге. Мынау жатқан қайшы, Ал «Сегіз» сан қайсы? Оның екі көзі, «Сегізіннің» өзі. Акробат қыз мықты, Сахнаға шықты. Бүктеліп белі қайысты, «Тоғыз» болып майысты.</i> Елубай Отарұлы – Бүгін біз қандай жаңа сан туралы білетін боламыз? (9) Түсіну деңгейі: Дәптермен жұмыс.	1. Үтік, ... (<i>тұрмыстық құралдар</i>) 2. Анар, Жанар, Фаридә – ... (<i>адам есімдері</i>) 3. Тақия, орамал, тымақ – ... (<i>баскиім</i>) 4. Етік, бөтеңке, кроссовки – ... (<i>аяқкиім</i>) 5. Дәптер, өшіргіш, сызғыш – ... (<i>мектеп құралдары</i>) Балаларды мақтап, мадақтау. Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. – Сөздерді созып, дауыстап айтқанда, сөздің қанша буынның тұратынын білуге болады. Буын – бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та, төңірегіне дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды. Педагог сызғыштың суретін көрсетіп, осы сөзді буынға бөліреді. – Сыз-ғыш – екі буын. – Балалар, сендер сөзді тіктөртбұрышпен белгілейтінімізді білесіңдер. Сөзді буынға бөлу үшін, осы тіктөртбұрышты сызықшалармен бөлеміз. Буындардың жазылуын сызба түрінде былай көрсетеді (тақтаға сызып көрсетеді немесе сызбасын іледі): сыз-ғыш.	Білу деңгейі: Ойын жаттығуы: «Цифрларды тауып, ретімен қой». Ойын басталмас бұрын педагог бөлменің әр тұсына 1-ден 9-ға дейінгі цифры бар карточкаларды орналастырады. Балалар барлық цифрларды тауып, оларды дұрыс ретпен орналастырып, үстелге қою керек. (2-3 рет). Үлестірмелі материалмен жұмыс. Ол пазлдары бар №8, №9 парақ беттеріндегі карточкаларды таратады, жұбын табуды – сан және цифрдан жұп жасауды сұрайды. Үлестірмелі материалмен жұмыс. (№ 20, 21 парақ) Педагог 9 баланы сырғанаққа кезекке тұрғызады. Балалар ретімен санап, сырғанаулары керек: бірінші, екінші,... – Балалар сырғанақта ойнап, қарындары ашты. Дүкенге барайық. Түсіну деңгейі: Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Себеттегі көгөністерді сана. Сонша дөңгелек пен пирамиданың сақиналарын боя. Себетке тағы бір көгөністің суретін сал. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя. Себеттегі көгөністерді санауды, көгөніс санына байланысты дөңгелектер мен пирамида сақиналарын бояуды ұсынады.	Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Сандық саусақтар» ойын жаттығуы. Бұл ойын үшін әр қолда саусақ үлгісі және карточкаларда 1-ден 9-ға дейінгі сандар болуы керек. Баладан қолындағы саусақтарын көрсетуін сұрап, содан кейін көрсетілген саусақтарға сәйкес келетін карточкадағы санды көрсетуді сұрау керек. Алдыңғы, кейінгі санды атауды сұрау керек. Педагог бұтақтағы жапырақтарды санауды ұсынады. – Қанша жапырақ? (5). Педагог цифры бар карточканы алып, оны тақтаға қояды. Жел соғып, бір жапырақ жерге түсті. Ағаш бұтағында жапырақтардың саны қазір қанша? (4). Мұндай карточканы цифрмен тауып, оны тақтаға ілу сұралады. Содан кейін жел одан да қатты соғып, тағы 1 жапырақ жерге түсті. Қанша жапырақ қалды? (3). 3 цифры бар осындай карточканы тауып, оны тақтаға ілу сұралады. Жағдайды сипаттау жалғастырылады. – Бұтақта бір жапырақ бар. Жел соғып, ол ұшып кетті. Қазір қанша жапырақ бар? Балалар, кім біледі? – Нөл дейді. Бұл сан нөл деп аталады. Ол – 0	«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау. «Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. «Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау. – Балалар, «Болады, болмайды» дидактикалық ойынын ойнаймыз. Мен сендерге өлең жолдарын оқимын. Мен өлеңдегі сөйлемді бастаймын, ал сендер «болады» немесе «болмайды» деп сөйлемді аяқтайсыңдар. Күйші болуға ... (<i>болады</i>), Биші болуға ... (<i>болады</i>), Ерке болуға ... (<i>болмайды</i>). Серке болуға ... (<i>болмайды</i>), Пысық болуға ... (<i>болады</i>). Кішік болуға ... (<i>болады</i>), Әкім болуға ... (<i>болады</i>). Ақын болуға ... (<i>болады</i>), Маман болуға ... (<i>болады</i>). Жаман болуға ... (<i>болмайды</i>), Айтпақшы, Жаман болуға ... (<i>болмайды</i>). (Қадыр Мырза Әли) – Жарайсыңдар, балалар, сендер ненің болатынын,
--	--	--	---	--	---

	1-тапсырма. Қанша түсті футболка бар? Сана. Сонша дөңгелекті боя. Тағы бір футболканы боя. Қанша болды? Тағы бір дөңгелекті боя. Қанша шалбар бар? Шалбарларды футболкалармен жұптастырып, сызып қос. Қайсысы көп? Суреттегі киім-кешекті санауға ұсынады. – Қанша футболка бар? Сана, сонша дөңгелекті боя. Тағы бір футболканы боя. Саны қанша болды? Тағы бір дөңгелекті боя. Балалар дөңгелектерді бояйды. 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексازдан жаса. Цифрлардың кескінін есте сақтай отырып, тапсырманы орындамас бұрын, QR код арқылы жүктелген анимацияны көрсетуге болады, онда цифрды таңбалаудың тәртібі туралы бейне көрсетілген. Цифрлардың суреттерімен және олардың таңбалануымен танысу керек. Балалар цифрды саусақпен сурет бетінде жүргізіп, содан кейін ауада саусақпен салып үйренеді. Жұмысты топтық түрде ұйымдастыруға болады. Ермексازдан мүсін жасап және ол жұмыстардың көрмесін ұйымдастыруға болады. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін «Жолдармен	Педагог суреттерді көрсетіп, осы сөздерді буынға бөлдіреді. ө-шір-гіш кі-тап Тіктөртбұрыш сөзді білдіреді, ал сөзде неше буын болса, төртбұрышты сонша бөлікке жоғарғы жағын сәл шығарып бөлеміз. Түсіну деңгейі: Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру». Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (<i>a-za</i>) – Қыз құлағындағы әшекей ... (<i>сыр-za</i>) – Ат тұяғындағы темір ... (<i>та-za</i>) – Қап-қара құс ... (<i>қар-za</i>) – Шегені қағатын ... (<i>бал-za</i>) – Ең үздік баға ... (<i>бес</i>) – Білім алатын құрал ... (<i>кі-тап</i>) – Дәптерге жазатын ... (<i>қа-лам-сап</i>). Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс жасайды. Қолдану деңгейі: Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Сөздерді буынға бөліп айт.	– Себетке тағы бір көгөністің суретін сал. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя. 9 цифрын қалай шығарғаныңды айт. 2-тапсырма. Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Балаларға цифрмен жолақтың үстінен «жүріп өту» керек. Педагог алдыңғы іс-әрекетінде мүсінделген цифрларды (немесе карточканың үлестірмелі материалынан сандарды) көрсетеді және оларды ретпен 1 ден 9 қоюды сұрайды. Кері тәртіппен айту керек. Сергіту сәті. Педагог балаларға нұсқау береді: 8 рет секір, 9 рет шапалақта, әр аяқпен 7 рет бір орында тұрып қадам бас, қасыңдағы досыңмен 6 рет алақан соқ. Қолдану деңгейі: 3-тапсырма. Фигуралардың тізбегін боя. Педагог фигуралардың атауларын алдын ала қайталайды. Үшбұрыш, шаршы, шеңбер. Ол фигуралар қатарынан заңдылық үлгісін табуды сұрайды. Балалар фигураларды бояуды жалғастырады. Педагог фигураларды таратады (3 данадан дөңгелек, үшбұрыш, шаршы) және өз заңдылық үлгісімен тізбек жасауды сұрайды. Ойын-сергіту сәті. «Сандық жүгірткі» бұл	цифрымен таңбаланады. 0 саны бар карточканы көрсетеді. Түсіну деңгейі: Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретке қара. Не болғанын айт. Не өзгерді? Тиісті цифрмен сызып қос. Педагог суреттерді қарастыруды ұсынады. – Алдымен не болғанын айт. – Суреттердің әрқайсысында не өзгерді? – Қажетті цифрмен қос. Үлестірмелі материалмен жұмыс (№8, №9 парақ беттеріндегі үлестірмелі материалдарды пайдаланады). Цифрды заттардың санымен сәйкестендіру. Қолдану деңгейі: 2-тапсырма. Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Балалар цифрды саусақпен сурет бетімен жүргізіп сызады. Ауада 0 санын «жаз»: сопақша таңбалайды. Жұмысты топтық түрде ұйымдастыруға болады. Педагог балалардың отыру қалпына назар аударады. Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі. 3-тапсырма. 0 цифрын тауып, қоршап сыз. Оны боя. «Цифрды есте сақта» ойын жаттығуы. Балаларды бірнеше секунд ішінде карточкалардағы 1-ден 9-ға дейінгі цифрларды	ненің болмайтынын жақсы біледі екенсіңдер. Түсіну деңгейі: «Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады. Буынға бөлуге болатын сөздер: <i>күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман.</i> Ғажайып сәт. Педагог топқа қоржын алып кіреді. – Балалар, бізге Жұмбақбай ата бір қоржын жұмбақтар беріп жіберіпті. Жұмбақбай атаның шарты бойынша жұмбақ жауаптарын буынға бөліп айтуымыз керек. Жұмбақтар Кір қоқысты сүймейді, Сыртқа қуып сүйейді. (<i>Сы-пыр-ғыш</i>) Жіп-жіңішке денесі, Ортасында шегесі. (<i>Қа-рын-даш</i>) Екі аяқты бірізді, Адам мініп жүргізді. (<i>Бе-ло-си-пед</i>) Екі басты айдаһар, Бәрін қырып жояды. Екі аяқпен жер тіреп, Қағазды жеп қояды. (<i>Қай-шы</i>) Шайнасаң жағың талады, Тісіңнің кірін алады. (<i>Са-ғыз</i>) Қабат-қабат қаттама, Ақылың болса аттама. (<i>Ki-man</i>) Балалар жұмбақтарды шешеді. Педагог суреттерін тақтаға іледі. Балалар сызба
--	--	--	---	---	--

	жүр» жаттығуы қолданылады (№4-парақ). Сергіту сәті. «Шашыраңқы сандар» дидактикалық қимыл-қозғалыс ойыны. Педагог ойын шарттарын түсіндіреді: тоғыз бала 1-ден 9-ға дейінгі цифрды таңдап алады. Әрқайсысы бір-бірден алуы тиіс. «Тірі» шартты дабыл белгісі бойынша цифрлар бөлмеде жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылы бойынша барлық цифрлар солдан оңға қарай бірден тоғызға дейін сапқа тұрады. Содан кейін әр санға жеке тапсырма беріледі: оның цифр көрсеткішіне қарай, сонша рет алға қадам жасау және т.б. Қолдану деңгейі: 3-тапсырма. Суреттен 9 цифрын тауып, қоршап сыз. Оны боя. Ойын жаттығуы «Цифрларды жина». Үлестірмелі материалдардағы 5, 6, 7 парақ беттері. Тапсырма-жұптық жарыс: цифр-пазлдардан құрастырып жина. 4-тапсырма. Текшелерді ретімен қос. Қандай цифры бар текше басқаларынан өзгеше? Неліктен? – Қай цифры бар текше басқалардан ерекшеленеді? Неліктен? (Өлшемі мен түсі басқа, 4 цифрының таңбалануымен.)	2. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. Сергіту сәті Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 4. Штрихта. 5. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында. Қолды алға созамыз, Алақанды бұрамыз. Алақанның сыртымен Шапалақты ұрамыз. Педагог ҰІӨ-ті қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Тапсырмаларды орындау барысында қиналған	ойынға 1-ден 9-ға дейінгі цифрлардың суреті салынған карточкалар қажет. Карточкаларды еденге кездейсоқ ретпен орналастыр. Балалардан карточкалар бойымен жүгіріп, цифрларды өсу ретімен атауын сұра. Егер бала қателессе, онда кері оралып, қайтадан бастайды. 4-тапсырма. Кірпіге алмаағашқа 9 цифры және 9 нүктесі бар торкөздермен жетуге көмектес. Торкөздерді боя. – Балалар, кірпіге алмаағашына жетуіне көмектесіңдер. Лабиринттегі ұяшықтарды нүктелер саны 9 нүктесі және 9 цифры бар ұяшықтарды боя. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	қарау керек. Содан кейін карточкаларды жасырып, балалардан мүмкіндігінше көп цифрларды есіне түсіріп, атауын сұрау керек. Кім көбірек есте сақтап айтса, сол жеңгені. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	бойынша сөздерді буынға бөледі. Қолдану деңгейі: «Жоғалған буын» дидактикалық ойыны Шарты: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те-(<i>геш</i>), те-(<i>рек</i>), те-(<i>мір</i>), те-(<i>тік</i>). ор-(<i>та</i>), ор-(<i>ман</i>), о-(<i>рақ</i>). өр-(<i>мек</i>), өр-(<i>кеш</i>), өр-(<i>ле</i>), өр-(<i>мек-ші</i>) «Буынды қос» дидактикалық ойыны – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы: (<i>ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла</i>). Ойынды өзгертуге болады. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. 2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді екі буынды сөзді үш буынды сөзді сәйкестендір. Сергіту сәті «Робот» Шалқаямыз артқа, аспанға қараймыз, Аспанға қараймыз, жұлдызды санаймыз. Басымызды енді алдыға иеміз, Қозғалмайды қол мен аяқ, денеміз.
--	--	--	--	--	---

	Үлестірмелі материалмен жұмыс (№ 8, 9) Цифрды заттардың санымен сәйкестендіру. Жұмысты топтық түрде ұйымдастыруға болады. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін педагог ұсақ заттармен жұмыс жасауды ұсынады (ұсақ заттарға: түймелер, текшелер, мозаика бөлшектері, ұсақ жапсырмалар) 9 санына А5 парағында басылған санның сұлбасы. Содан кейін сандар көрмесі ұйымдастырылады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	сәттерің болды ма? Қай тапсырмада? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.			Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 4. Штрихта 5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуы: Тында, орында. Бір, екі, үш, Көне, жина күш. Саусақтарды басайық, Жаттығуды жасайық. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. –Іс-әрекеттен не үйрендіңдер, не білдіңдер?
--	---	--	--	--	---

Ұлттық құндылықты қалыптастыру
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру
«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»


1 үзіліс – 14.30-14.40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Қазақтың ұлттық ойыны: «Тышқан мен қақпан»

Басты міндеттері: Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.



Қазақтың ұлттық ойыны: «Тышқан мен қақпан»

Ойынның міндеттері: Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.

Дағды: Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру, қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.

Ойынның ережесі : Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ аз да, екінші топ көп. Шеңберлердегі балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, қарама-қарсы бағытта жүреді. Жүргізушінің белгісі бойынша екі шеңбер де тоқтайды. Ішкі шеңберде тұрғандар қолдарын жоғары көтереді – қақпа құрайды. Қалған ойыншылар шеңберге кіріп-шығып жүгіреді. Кенеттен жүргізуші келесі белгіні береді, осы кезде ішкі шеңбер ойыншылары қолдарын лезде түсіреді. Шеңбер ішінде қалып қалған ойыншылар қақпанға түскен болып саналады. Олар ішкі шеңберде тұрғандарға қосылады да, ойыншылар қайтадан қол ұстасады. Осыдан кейін ойын жалғасады.

Әдістемелік нұсқаулар.

Мұғалім белгі берісімен қолдарын жаздырмастан жоғары көтеріп тұра қалады, осы кезде тышқан ойыншылар шеңбердің ішіне кіріп шығуы керек. Төрешінің белгісімен ойыншылар қолдарын түсіреді. Осы кезде шеңбердің ішінде қалған тышқандар ұсталған болып саналады. Олар шеңбердегі ойыншылардың қатарына қосылады. Ойын екі-үш тышқан қалғанша жалғасады. Содан кейін топтар орын ауыстырады. Ойынның соңында ұсталған тышқандар саналады. Көп тышқан ұстаған топ жеңіске жетеді.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу,
жүгіру, отыру, шеңбер кұру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті **уақыты: 14.40 – 15.10**

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Кітап-білім бұлағы. ҮІӨ міндеттері: әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойыншаәңгіме құрауға үйрету; -дыбыстарды түріне қарай ажырата алудағдыларын дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Дағды: Есте сақтау, түсіну дағдыларын дамыту. Ұлттық құндылықтар: Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы	2.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. ҮІӨ тақырыбы: Заттардың адам өміріндегі маңызы Заттар неден жасалады? ҮІӨ міндеттері: - заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; -заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру. Сурет бойынша және «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы байланыстырып	2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Отан.(Мұқағали Мақатаевтың өлеңі) ҮІӨ міндеттері: - өлең сюжетінің дамуын қадағалауға үйрету; -сұраққа толық жауап беруге жетелеу; Отанын сүйуге, мактан етуге тәрбиелеу. Дағды: Өз ойларын толық жеткізе білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Адамгершілікке, адалдыққа, елін, жерін	2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Мен білімді баламын. ҮІӨ міндеттері: -әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойыншаәңгіме құрауға үйрету; -дыбыстарды түріне қарай ажырата алудағдыларын дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Дағды: Суретке қарап сөйлем, әңгіме құрап айта алады. Қарама-қарсы сөздерді қолдана алуға дағдыландыру.	2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Түлкі мен қоян.(ертегі) ҮІӨ міндеттері: -кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыруға үйрету; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Дағды: Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже:
---	--	---	--	---	---

	түсіндіру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оқулықтарды күтіп ұстауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Балаларға кітаптан білім алатындығын, оны шығару үшін көп адам еңбек ететіндігі жайлы білімге ие. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: – Балалар, бүгін біз кітап, білім туралы көптеген мағлұмат аламыз. Қазақстан азаматтары білімді, мәдениетті, өнерлі болуы керек. Терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнеркәсібімізді білу үшін кітапты көп оқу керек. Кітап қағаз – ағаштан жасалады. Ағаш – табиғат байлығы. Кітап жасау үшін көптеген мамандық иелері еңбек етеді. 1. Біздің елімізде бірде - бір бала мектептен тыс қалмайды. Жалпыға бірдей білім беру туралы мемлекеттік маңызы бар «Білім туралы» заң қабылданған. 2. Алғашқы кітап басып шығару ісі қолмен атқарылған. Адамдар кітап болатын, әріп теретін машиналар ойлап тапты. Қазіргі кезде кітап болып шығару ісі жолға қойылған. 3. Елімізде кітап шығаруға, оны безендіруге көп көңіл бөлінеді. Оған қыруар қаржы жұмсалады. Қазіргі	сөйлеу дағдыларын жетілдіру; -тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру. Дағды: Балаларды заттарға ұқыптылықпен қарауға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Оларды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: заттардың неден жасалғанын суретке қарап ажыратады; қоршаған ортадағы күнделікті көріп жүрген заттарының қандай материалдан жасалғандығын; материалды тиімді пайдалану тәсілін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Төртіншісі артық» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Балалар, айналаға қараңдаршы, бізді нелер қоршап тұр? (Өрттүрлі заттар). Бізді қоршаған заттар бір ғана материалдан жасалған жоқ. Қолданылуына байланысты оларды әртүрлі материалдан жасайды, олар жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл, кедір-бұдыр немесе теп-тегіс болуы мүмкін. Әр заттың өзіндік мақсаты бар және ол бір нәрсеге қажет.	сүюге, табиғатты қастерлеуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сұраққа жауап беруді және еңбекшіл болуды үйренді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Шаттық шеңберін құру. Қазақстан – туған жерім, Көп қой сенде өзен, көлің. Нұрлана бер, гүлдене бер, Пейілі кең дарқан елім! – Біздің Отанымыз қалай аталады? Біз қай елде тұрамыз? – Біздің ұлтымыз қалай аталады? Біз қай тілде сөйлейміз? – Біздің туған еліміз, Отанымыз – кең-байтақ Қазақстан. Отан дегеніміз – туған жеріміз, Отан өз отбасыңнан басталады. Сен алысқа кетсең, үйіңді сағынасың. Туған жердің топырағы, гүлдері, ойнаған жерлерің есіңе түседі. Туған жерсіз адамның күні жоқ. – Қазақстанның жері кең, табиғаты бай, ормандары, таулары мен көлдері, шексіз даласы, қалалары – біздің мақтанышымыз. 25 қазан – Қазақстан Республикасының құрылған күні. Бұл – біз үшін үлкен мереке, қуанышты күн! Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді.	Ұлттық құндылықтар: Көркем шығармаларға деген қызығушылықты арттыру; Жолдастарын сөзін бөлмей тыңдай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжайды. Жаңа сөздерді қатыстырып, сөз тіркестері және сөйлемдер құрату арқылы сөйлеу тілін дамыту. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Педагог: – Балалар, көңіл күйлерің қандай? Өз көңіл күйлерін эмоциямен, ым-ишарамен, кимыл-қозғалыспен көрсетуді сұрайды. Педагог: – Менің де көңіл күйім өте жақсы. Өйткені білімге құмар, талантты, талапты балалармен бүгін тағы бірге боламын. – Балалар, білімді бала болу үшін не істеу керек? Түсіну деңгейі: Сендер өздеріңді білімді баламын деп айта аласыңдар ма? Тақтадағы суретке назар аударыңдар, суретке қарап әңгіме құраңдар. Балалар қайда жүр деп ойлайсыңдар?	ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады; ертегіні бейнелеуіш сөздер арқылы шығармашылықпен мазмұндайды Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: <i>Ғажайып жағдаят</i> – Балалар, бұл – сиқырлы қорапша. Оның ішінде не бар екен, ашып көрейік. Педагог сиқырлы қорапшаның ішінен екі анды алып көрсетеді. – Бұларды қалай атаймыз? (<i>Түлкі, қоян</i>) – Түлкі мен қоян туралы қандай ертегі білесіңдер? – Түлкі – қу, айлакер аң. Орманды, даланы кезіп жүреді. – Түлкінің терісі жұмсақ, үлпілдек. – Қоян керемет саққұлақ, сужүрек аң. – Балалар, бүгін «Түлкі мен қоян» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегіде кейіпкердің мінез-құлқын салыстыра сипаттайды. Ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады. Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады (соңындағы қосымшадан қараңыз). Түсіну деңгейі: Сөздік жұмысы: <i>қу</i> – зымиян, әккі <i>айлакер</i> – амал, айла тапқыш
--	--	---	---	---	---

	кезде барлық мектеп оқушыларына оқулықтар тегін берілуіде. 4. Оқулықты бүктеп, жыртып бүлдіруге болмайды. Өйткені, әр кітап – Отан байлығы, аға - апаларымыз бен әже - аталарымыздың маңдай тері. Түсіну деңгейі: Балалардың жауабы? -Балалар менің қолымда сендерге арналған кітап тұр. Сыртына, ішіне қарандар, қаншама қызықты әңгімелер, ертегілер, жұмбақтар, мақал мәтелдер, әдемі суреттер бар. Біз осының оның бәрін бірге оқимыз. Біздің бөлмеде кітаптар тұр. - Оның ішінде қандай кітап жақсы? Балалардың жауабы. -Сендерге үйде кім қандай кітаптар оқып береді? -Балалар, ақын Мәриям Хакімжанованың жазған мына өлеңін мен сендерге оқып беремін мұқият тыңдаймыз. Оқы, ойна! Бөбектерім, оқы, ойна! Оқу- білім саған пайда, Кітабыңның шетін жыртып, Сияменен бояп қойма. Қолыңды жу, тырнағыңды ал, Болсын таза бет орамал, Мұнтаздай боп мектепке бар. - Балалар, менің қолымдағы мына кітапқа қарандаршы. Мынау қандай кітап? - Сырты жаман, жыртылған ,	Мысалы, үстел жазу үшін немесе оған тамақтану үшін қажет. Адамдар орындықтарда отырады, электр немесе газ плитасында тамақ пісіреді. Сонымен қатар адамның күнделікті өмірдегі жұмысын жеңілдететін заттар бар. Бұл заттарды кімдер жасайды? – Оларды ересек адамдар жасайды. – Ал бұл заттарды жасау үшін материалдарды қайдан алады? – Әрине, табиғаттан алады. – Күнделікті көріп жүрген үй жиһаздары неден жасалады? – Ағаштан, темірден жасалады. «Көп ойла, сөз ойла» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Түсіну деңгейі: – Суреттегі заттарды атаңдар, не үшін қолданатынын, неден жасалғанын айтыңдар. Балалар заттарды атап, неден жасалғанын және не үшін қолданатынын айтады. Мысалы, киім матадан тігіледі, адамның үстіне киюіне арналған заттар. Еңбек құралдары темір мен ағаштан, пластиктен жасалады, олар еңбек етуге арналған заттар. Ыдыс фарфор, әйнектен жасалады, ас ішуге арналған заттар. Жиһаз – күнделікті	– Бүгін ақын Мұқағали Мақатаевтың «Отан» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді оқиды, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз) Түсіну деңгейі: Сөздік жұмысы: <i>Отан</i> – туып-өскен жеріміз <i>тәуелсіздік</i> – еркіндік, теңдік, егемендік <i>Сұрақ-жауап:</i> – Өлең қалай аталады? Саған ұнады ма? – Авторы кім? Өлең не туралы? – Біздің мемлекетіміз қалай аталады? – Біз тұратын қала немесе ауыл қалай аталады? – Сен қай елдің азаматысың? <i>Отан</i> сөзіне сөйлем құра. Сергіту сәті Қазақстан еліміз, Елін сүйіп ер жетер Біз болашақ гүліміз! <i>Дидактикалық ойын:</i> «Кім жалғастырады?» (баланың ойлау қабілетін дамыту). Шарты: педагог мақалдың басын айтады, балалар жалғастырады. Отан – оттан да (ыстық) Туған жер – алтын (бесік) Қолдану деңгейі: Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Суретте не бейнеленген?	Мектепте оқитын балаларды кім дейміз? Өздеріңнің аға, әпкелерің бар ма? Олар қайда оқиды? Әліппе-дәптермен жұмыс: <i>1-тапсырма.</i> Суреттегі балалардың іс-әрекетінің қайсысын жасай аласың, сол суретті белгіле. Өзің белгілеген сурет бойынша әңгімелеп бер. Көптілділік: <i>үйрету - учить - to teach</i> Тіл ұстарту: (л, р) Ла, -ла, -ла - ол білімді бала Ла, -ла, -ла - салынып жатыр қала Ла, -ла, -ла - жайнап тұр ғой дала Рет, -рет, -рет - бала салды сурет Тер, -тер, -тер - алып келдім дәптер Дар, -дар, -дар - келді біздің қыздар Тыр, -тыр, -тыр - біздің Қайсар батыр Қолдану деңгейі: «Р»-ға тілің келе ме? Қаламқасқа «тұр», - деші, Қарындашқа «жүр», - деші. «Қара қарындашты Қаламқас алып тұр», - деші, Ал енді өзің-ақ «Р-р-р-р», - деші. Сергіту сәті: Қаламсапқа кәнекей Өзімізді теңейік. Ақ қағазға жүгіріп, Жазу жазып көрейік. Сөз соңына келгенде Нүктені де қояйық. Керек болса егерде	Ертегінің мазмұны бойынша <i>сұрақ-жауап:</i> – Ертегі ұнады ма? Ертегі не туралы? – Ертегі қалай аталады? Түлкі қоянды көргенде не істеді? – Қоян түлкіге не деді? Түлкі қоянға не туралы айтты? – Ертегі қалай аяқталды? Қашанда қояндай сақ болайық. «Қандай жануар» ойыны (баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: ойынға хатқалта дайындалады. Хатқалтаның ортасы дөңгеленіп қиылған. Ойықтан көрінген аңдардың дене мүшелері арқылы қандай жануар екенін табу. Сергіту сәті «Сықырлы саусақтар» ойыны Таңғалу (екі қолдың басбармағын көтеру) Өзінді көрсету (бір саусақпен) Сәлемдесу (қолды жоғары көтеру) Қорқыту (сұқ саусағын көрсету) Жеңіс (екі қолды көтеру, шапалақтау) Педагог ертегіні екінші рет оқиды. Қайталап оқыған кезде бір бала бастап, әрі қарай екінші бала жалғастырып оқитын тәсілді қолданады. Балалардың әңгімелеуіне баға береді. Қолдану деңгейі:
--	---	--	---	---	---

	сызылған. Орнымыздан тұрып, мына кітап көрмесінің жанына келейік. Жаңа кітаптарды көрсетіп: - Сендерге қандай кітап ұнайды? Балалардың жауабы - Балалар, «кітабыңның шетін жыртып, сияменен бояп қойма» дегенді қалай түсінесіңдер? Балалардың жауабы Кітапты жыртсаң беті жоқ болады, сиямен боясаң оқи алмай қаласың. Оқуға қандай болып бару керек дейді? - Қолды жуып, тырнақты алып бару керек. - Балалар, «мұнтаздай» дегенді қалай түсінесіңдер? - Тап таза, ұқыпты. - Дұрыс. Кітаптың беті таза болу үшін арасына қағаз немесе жіп салып қою керек. Балалар, енді сендерге ақын Нәсіпбек Айтовтың мына өлеңін оқып берейін. Оқулық Саған білім жемісін Оқулығың береді. Талай адам сол үшін Маңдай терін төгеді. Оқулықты құрметте, Күтіп ұста, кірлетпе. Кішілерге табыс ет, Дақ түсірмей бір бетке. - Балалар, «білім жемісі» дегенді қалай түсінуге болады? Мысалы шие, өрік, алма ағаштары көп жеміс салады. Оның бірнешеуін жеп тоямыз. Ал кітаптың бір бетін оқығаннан көп білеміз, неғұрлым көп оқысақ,	тұрмысқа қажет заттар, темір мен ағаштан, пластиктен жасалған. «Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны. «Адамға күнделікті жұмысын жеңілдететін нәрселерді тап» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Ғажайып сәт. Педагог беті матамен жабылған затты алып шығып, балаларға не екенін табуды өтінеді. Балалар пікірлесіп, ойларын айтады. Бір баланы шақырып, матаны ашуды сұрайды, матаның астында әртүрлі заттар салынған бірнеше себет шығады. Балалар себеттерді қолдарымен ұстап көріп, неден жасалғанын айтады. – Себетті әртүрлі шыбықтардан, кептірілген өсімдік сабақтарынан, пластиктен және ағаш қабықтарынан жасайды. Педагог заттарды себеттен шығарып, былғары, жүн, киіз, ағашты көрсетеді, балаларды ұлттық бұйымдар – торсық, астау, сандықша, тұскиіз, тостаған тұрған үстелге шақырып, себеттен шыққан заттармен қандай байланысы бар екенін анықтауды тапсырады. Балалар былғарыны қолымен ұстап көріп, сол материалдан жасалған затты табады. Ұлттық бұйымдар мен заттарды	Балаға ат қой. Ол бізге нені көрсетіп, мақтаныш етіп тұр? 3. Мақалдың мағынасын түсініп ал. Отан көркі жерімен, Елдің көркі ерімен. 3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні қай уақытта шырқалады? Оны орындағанда қандай ережені сақтау керек? 4. Суреттегі үзік сызықтарды қос. Боя. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Әңгіме саған ұнады ма? Балаларды мадақтау.	Суретті де бояйық. Педагог балалардан оқу үшін қандай оқу құралдары қажет екенін сұрайды. Балалардың жауабын тыңдағаннан кейін оқу құралдары туралы әңгіме айтып береді.	Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Суретте не бейнеленген? Жұбыңмен кейіпкерлердің диалогін құр. 2. Жақсы көретін тағамдарымен сызып қос. 3. Ұйқасын тап. Кезіп жүріп өзекті, Ұстап алдым <i>(көзжесті)</i> 4. Суретті аяқтап сал. Боя. Педагог қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сикырлы қоржыннан шыққан ертегі кейіпкерлерінің қуыршақтары бойынша рөлге бөлініп, сахналайды. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Қуыршақ театрынан қандай әсер алдың? Балаларды мадақтау.
--	--	---	---	--	---

	соғұрлым көп білеміз. Ендеше білімнің жемісі көп оқу екен. Кітап шығару үшін кімдер еңбек етеді? Балалардың жауабы - «Мандай терін төгеді» дегенді қалай түсінесіңдер? - Көп жұмыс істеп терлейді. - Иә, балалар, сендерге қызықты кітап болып қолдарыңа жету үшін, оны жазады, теріп басады, суретшілер сурет салады. Қолдану деңгейі: - Балалар, сонымен біз не жайында білдік? - Екі өлеңнің ұқсастығы неде? - Екі өлең де кітап жайлы. - Кітапты шығару үшін кімдер жұмыс істейді? - Кітапты қалай ұстауымыз керек? Балалардың жауабы - Кітапты оқып біткен соң кімге сыйлаймыз? -Дұрыс. Сондықтан кітапты күтіп ұстауымыз керек.	салыстыра отырып, не неден жасалғанына зерттеу жұмыстарын жүргізуге Ер Төстік қатысады. Қолдану деңгейі: <i>Торсық – қазақ халқының қымыз, шұбат, іркіт құюға арналған ежелгі ыдысы. Торсық түйенің, бұғының, өгіздің мойын терісінен жасалады. Торсықтың бүйірі дөңгелек, мойны жіңішке әрі ұзын болып келеді. Аузына ағаштан тығын тығылады. тығынды қайыстан бау өткізіп, бір ұшын торсықтың мойнына бекітіп қояды.</i> Балалар осылайша себеттен шыққан материалдарды ұстап, көру арқылы, бұйымдарды сипаттап, табады. Шеберлер ағаштан жасалған күбі, астау, шара, тегене, тегеш, саптыаяқ, тостаған, ожау, шөміш, табақ сияқты ыдыстарды ұлттық ою өрнектермен әсемдеген. Педагог балаларға жүн, киіз, тұскиізді салыстырып, бұл заттардың байланысын табуды ұсынады. – Жүннен киіз жасалады, киізден түрлі тұрмысқа қажетті бұйымдар жасалады. Интербелсенді тақтадан киіз басу бейнебаяны көрсетіледі. https://youtu.be/Q0eBB_1ADIA Педагог бейнебаян			
--	--	---	--	--	--

		дыбыс ұлғайтқышын өшіріп, балалардан қандай әрекеттер жасалып жатқанын өздері айтып отыруды ұсынады. 1. Жүнді жуады. 2. Жүнді сабайды. 3. Ыстық сумен булайды. 4. Білекпен басады... Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Үлестірмелі материалдармен жұмыс 1. Арман заттарын шашып алыпты. Арманға заттарды ретімен жинап, өз орындарына орналастыруға көмектес. Сызықпен қос. 2. Қазақтың ұлттық бұйымдарын ата. 3. Олар неден жасалғанын Ер Төстікке айт. Оларды жасалған материалдарына қарай топтастыр. Сызып көрсет.			
--	--	--	--	--	--

2 үзіліс – 15.10 – 15.20

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.

Дыбыстық есту арқылы ойын:

Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

Міндеттері:

- балалардың сөздік қорын молайту;
- үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;
- балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу;
- заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінің қандай екенін қайталану;
- үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;

Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.

Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығулар артикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:

1. «Сабын көпіршігін үрле». Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктері алақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.

	тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді, тақпақ жаттайды; таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Сөздік ойын: «Мен бастаймын, сен қошта». Апта күндері. Апта деген атайдың Жеті бірдей ұлы бар. Біріншісі – дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі, Үшіншісі – сәрсенбі, Төртіншісі – бейсенбі, Бесіншісі – жұма, Алтыншысы – сенбі, Жетіншісі – жексенбі. Бүгін аптаның қай күні? Біріншісі қай күн? Жетіншісі қай күн? Түсіну деңгейі: «Тосын сый» бізге хат келіпті (ішінде алдын ала салынған отбасы суреті). Қандай керемет, мына суретте кім бар? Бала өз отбасы мүшелері туралы әңгімелейді. Жаңа сөздермен таныстыру. Аға – старший брат. А-а – аға. Мынау кім? Мынау – аға. Әпке – старшая сестра. Ә-ә – әпке. Мынау кім? Мынау – әпке. Іні – младший брат. Мынау кім? Мынау – іні. Сіңлі – младшая сестра сестры. Мынау кім? Сіңлі, сің-лі.	Білу деңгейі: Жұмбақ Жиын-терін болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз) Түсіну деңгейі: Балаларға әртүрлі жапырақтарды таратып береді. Күз мезгілінің ерекшелігі мен ағаш жапырақтарының түрлерін әңгімелейді. – Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? – Күзді неге «жомарт күз», «алтын күз» деп атаймыз? Қолдану деңгейі: Балалардың назарын сюжетті суретке аудару. Жұптық жұмыс барысында емен және тал ағаштарын күзгі жапырақтармен әсемдейміз. Педагог бүктеп қию әдісін көрсетеді. Ол жұмыс барысында жекелеген балаларға көмектеседі, сондай-ақ сақтық шараларын еске салып, бірлесе жұмыс істеуде тату болуды ескертеді. Сергіту сәті: «Балалық» Балалық-ау, балалық! Кел, бір ойнап тарайық! Бірім, бірім, бірім деп, Саусақты да санайық! Көзді тас қып жұмайық, Кім түрткенін табайық! Кел, жарыса шабайық!	Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Шаттық шеңберіне тұрғызу. Балабақша – базарлы үй, Ауылдағы ажарлы үй. Шаттығы бар шуақты үй, Өз үйіміз сияқты. (Ә. Қонарбаев) Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат», «Саңырауқұлақ», «Алтыбақан» – Балалар, бүгін бізге Айсұлу қуыршақ қонаққа келіпті. «Өз атыңды буынға бөл» ойын-жаттығуын ойнатады. Сендерден өзінің атын буынға бөліп беруін сұрап отыр. – Енді Айсұлу сөзі неше буыннан тұрады екен, ойлап көрелік: Ай-сұ-лу. – Бірінші буынын кім айтады? – Бірінші буыны – Ай. – Екінші буыны – -сұ. – Үшінші буыны – -лу. – Дұрыс, үш буыннан тұрады. – Себебі үш дауысты дыбыс бар. Балалар өз аттарын буынға бөліп айтып береді. Дауысты дыбыс жеке өзі ғана бір буын құрай алады. Мысалы: А-рай, А-сыл. Түсіну деңгейі:	тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Бірінші тапсырма: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау. Атам, әжем, Әкем, шешем. Әпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Түсіну деңгейі: Екінші тапсырма: Отбасы туралы қандай мақал білесіңдер? <i>Балалар мақалдарды естеріне түсіреді.</i> - Отан отбасынан басталады. - Баланың бас ұстазы – ата-ана. - Інісі бардың – тынысы бар, Ағасы бардың – жағасы бар. - Аға әдепті болса, іні әдепті, Апа әдепті болса, сіңлі әдепті. Қолдану деңгейі: Үшінші тапсырма: Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс. Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды және сөздерден сөйлем құрайды. Мынау – менің отбасым. Мынау – ата. Атамның аты Атам теледидар көреді.	туралы мақтанышпен айта білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Туған өлке, отан туралы; Отанды сүюді, елін қорғауды, тілін сүюді; Өзі тұратын қаласын, елді мекенін көркейтуге үлес қосуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Ө. Тұрманжановтың өлеңін оқиды. Көгінде күн нұрын төккен, Алтын дәнді даласы бар, Жерінде гүл жұпар сепкен, Ақ күмістей қаласы бар, Неткен сұлу, неткен көркем, Неткен сұлу, неткен көркем Осы менің туған өлкем! Осы менің туған өлкем! «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы өлеңнің мазмұны ашылады. – Иә, балалар, өзіміздің туып-өскен жеріміз «туған өлке», «атамекен» деп аталады. Біздің жеріміз кең-байтақ, еліміз бай, оның байлығын бүкіл тұрғылықты халқымыз пайдаланып, бақытты өмір сүруде. Туған өлкеміздің ауылы мен қалаларында өздерің секілді бақытты балалар тұрады. Әр адам өзінің туып-өскен жерін мақтан етеді. – Балалар, өздерің айтыңдаршы, біздің өлкеміздің табиғаты қандай?
--	--	--	---	---	---

	Қарындас – младшая сестра брата. Қарындас, қа-рын-дас. Мынау кім? Мынау – қарындас. Қолдану деңгейі: балаларды менің есімдігімен таныстырады. Өзі айтады: Менің қарындасым. Менің сіңлім. Қарындасың бар ма? Сіңлің бар ма? Менің сіңлім/қарындасым бар. Сенің ағаң бар ма? Менің ағам бар. Сенің әпкең бар ма? Менің әпкем бар. Сенің отбасыңда неше адам бар? Балалар сөздерді, сөйлемдерді жеке және хормен қайталайды. Дыбыстық жаттығу: (айнамен орындалады). Ә-ә-ә – әже Ә-ә-ә – әке І-і-і- ің-ің – сің-лі. Тақпақ жаттау.<i>Отбасы мүшелерін қайталап, тақпақты бірге қимылмен жасап, жаттауды ұсынады.</i> Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз, Басбармақ – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. Мақал-мәтілдерді жаттап ал.		«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап, айта білуге, шапшандыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. <i>Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын).</i> <i>Мысалы: үй-рек, бұр-кіт, қар-ға, тыр-на, тор-ғай, та-бақ, ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қай-шы, қа-лам, кі-тап.</i> Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады. Қолдану деңгейі: Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос. 2. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Сөздер неше буыннан тұратынын айт. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. Сергіту сәті Ұшты-ұшты құлын ұшты. Ұшты-ұшты мұрын ұшты. Ұшты-ұшты кептер ұшты. Ұшты-ұшты дәптер ұшты.	Мынау – менің әжем. Әжемнің аты Әжем ән айтады. Мынау – менің әкем. Әкемнің аты Әкем ойыншық берді. Мынау – менің анам. Анамның аты Анам тамақ пісіреді. Біз тату тұрамыз. Төртінші тапсырма: Диалог құру. Сұрақтарға жауап беру. Балалар бір-біріне сұрақтар қояды. Сенің ағаң бар ма? Ағаңның аты кім? Сенің әпкең бар ма? Әпкеңнің аты кім? т.с.с Бесінші тапсырма. Дидактикалық ойын: «Тыңда, есте сақта, қайтала». Сан тіркесімен отбасы мүшелерін айтады, балалар тыңдап алып, қайталаулары керек. Мысалы: <i>менің 2 әжем, 1 атам, анам, 3 інім бар.</i>	– Қандай көрнекті жеріміз бар? Түсіну деңгейі: Педагог осы үлгідегі сұрақтар қою арқылы өз өлкелерінің табиғаты мен көрнекті жерлері туралы сұрайды. Балалардың жауаптарын толықтырып отырады. Интербелсенді тактадан Қырағы көрсетіледі: – Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен Ер Төстік досы Қырағымын, бәрін байқаймын. Мен сендерді «Туған өлкем қандай көркем!» тақырыбында тарихи-өлкетану музейіне саяхатқа шақырамын. Үнтаспадан өлең оқылады: Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой! – Балалар, біз қай жерге саяхаттаймыз? – Түркістан қаласына. 1-слайд. Түркістан – ежелгі Ұлы Жібек жолы тармақтарының бірінде орналасқан киелі қала. Бұл жерде халық арасында құрмет пен қадірге ие болған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан. Кесенеде Абылай ханның, Бөгенбай батырдың және тағы басқа көптеген қазақ билеушілері мен қолбасшыларының мәйіті жерленген. Музейде алып «Тайқазан» бар, оны аңыз бойынша сол кездегі билеуші Әмір Темір жорыққа шыққан кезде, жауынгерлеріне тамақ
--	---	--	--	--	--

	Отан отбасынан басталады. Баланың бас ұстазы – ата-ана.		Ұшты-ұшты қарға ұшты. Ұшты-ұшты арба ұшты. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 4. Үзік сызықтарды бастыр. 5. Бастыр. Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Саусақ жаттығуы: Тында, орында. Алақанды ысқылап, Қыздырайық, балақай. Алақаның ысыды, Қарандаршы, алақай! Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Іс-әрекеттен не үйрендіңдер, не білдіңдер? Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	пісіру үшін соқтырған, ішіне 40 тайдың еті сыяды екен. Балаларға қазіргі Түркістан туралы туралы қысқаша айтып береді. Ұнтаспадан қобыз үні естіледі. Интербелсенді тақтадағы Қырағы балалардан ненің дауысын естігендерін сұрайды. – Қобыздың дауысы. – Мен сендерді Қорқыт ата кесенесіне саяхаттауға шақырамын! Қолдану деңгейі: 2-слайд. Қорқыт ата ескерткіші – сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Әрбір стелла әр тарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стелалар қобыз бейнесін де меңзейді. Түйісер түбіндегі орталық тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Қорқыт ата – ежелгі күйші, қобыз аспабын ойлап тапқан, жыршы. Қорқыт атаның күйлері бүгінгі күнге дейін жетті. Интербелсенді тақтадан қазақ ұлттық музыка аспаптары көрсетіледі. Балалар аспаптарды атап, ішінен қобызды тауып, сипаттайды. Қобыз – екі ішекті, ыспалы музыкалық аспап. Қылқобыз – қазақ халқының ұлттық аспаптарының ішіндегі ең
--	--	--	---	--

					көнесі. Ішегі жылқының қылынан жасалады, сондықтан үні өте сарынды, ұлттық аспаптардың ішінде маңызы өте зор аспап. Қырағы саяхатты қорытындылап, балалармен қоштасады. Топтық жұмыс. Дидактикалық ойын: «Менің туған өлкем». Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу) Үлестірмелі материалдармен жұмыс: 1. Қырағыға өзінің туған өлке туралы әңгімеле. Туған қалаңның (ауылыңның) көрікті жерлері мен ғимараттарының суреттерін сал. 2. Қырағыға суреттегі тарихи кешендер туралы әңгімеле. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қай жерде орналасқан? Кесененің ішінде нелер бар? Қорқыт ата ескерткіші қандай аспапты бейнелейді? Әр затты өз орнына сызықпен қос.
Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру <i>3 үзіліс – 15.50 – 16.00</i> Балалардың дербес іс-әрекеті Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу. Экологиялық тәрбие. Эмоционалды әрекет. Экологиялық ойын: Ойын арқылы балаларды табиғатпен таныстырады. Аз қимылды ойын: «Не қай жерде өседі» Басты міндеттері: Балалардың жылдамдығын жетілдіру, есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.					

		Аз қимылды ойын: «Не қай жерде өседі» экологиялық ойыны. Ойын міндеттері: Балаларды табиғатта болып жатқан процестерді түсінуге үйрету; көрсету жер бетіндегі барлық тіршіліктің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігі. Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру. Әдістемелік нұсқау: Ойын шарты: Мұғалім әртүрлі өсімдіктер мен бұталарды атайды, ал балалар таңдайды тек белгілі бір аймақта өсетіндер. Егер олар өссе – балалар қол шапалақтайды немесе олар бір жерге секіреді (кез келген қозғалысты таңдауға болады), егер жоқ болса – балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б. Ойынның педагогикалық маңызы. Тәрбиеші: «Тыйым салу белгілері» 1. Табиғатты ластама, қоқысты өзінмен бірге алып жүр. 2. Көбелектерді, инеліктерді және құстарды ұстамаңыз. 3. Табиғаттан артық нәрсені алмаңыз. 4. Құмырсқа илеулерін бұзбаңыз. 5. Ағаштар мен бұталардың бұтақтарын сындырмаңыз. 6. От жағуға болмайды. 7. Орманда шу шығармаңыз. 8. Орманда және шалғында гүлдерді жыртып алмаңыз. 9. Құстардың ұяларын бұзбаңыз. 10. Жабайы жануарлардың төлдерін үйге апармаңыз.			
4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 16.00 – 16.30					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ(ұйымдастырылған іс-әрекет)	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. ҮІӨ тақырыбы: Акробат болғым келеді. ҮІӨ міндеттері: заттар арасымен аттап өту жаттығуларын қайталау. Гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету. Дағды: Шапшандық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Салауаттыөмір сүруге баулу. Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: топтық әдіс және толассыз әдіс түрлерін, еңбектеу және	4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет. ҮІӨ тақырыбы: Күзгі жаңбыр. ҮІӨ міндеттері: күйші Тәттімбет шығармашылығы-мен таныстыру; музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету; әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту.	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. ҮІӨ тақырыбы: Ақылдылар. ҮІӨ міндеттері: допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру; -гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу. Дағды: Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету.	4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет. ҮІӨ тақырыбы: Күзгі жаңбыр. ҮІӨ міндеттері: күйші Тәттімбет шығармашылығы-мен таныстыру; музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету; әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту.	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. ҮІӨ тақырыбы: Бізбен бірге және бізден артық орында. ҮІӨ міндеттері: балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра лақтыру жаттығулары дұрыс жасауды үйрету. Секіру және жүгіру жаттығулары қайталату. Дағды: Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алу (машықтарын) қалыптастыруға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар:

	шұңқырға секіруәдістерін, сондай-ақ ойын барысында қарлығаштың ұшуын салған имитацияларын. Күтілетін нәтиже: жүрудің әртүрлі түрлерін; еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылғансаты тепкішектерімен еңбектеп жүруді; белгіленген жерден шұңқырға секіруді; гимнастикалық орындық үстінде басқа құм салынған қапшық (салмағы – 400 г) қойып жүруді; «Теңіз жағасында» релаксациясын. әртүрлі жүру түрлерімен қалай жүру керектігін (аяқты айкастырып жүру, отырыпжәне жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту керектігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Тізбекте бір-бірден жүру, кәдімгі жүріс және аяқты айкастырып жүру. Жартылай отырып, толық отырып жүру. Теріс қарап жүру: қолды сәйкес амплитудада ұстап, 4 метр жерге дейін жүру. Төрт тізбеке тұру. Таспамен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары (№1) Сұлу дене бітімі де денсаулыққа байланысты екенін түсіндіру. Кешенді орындау барысында бастапқы	Дағды: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Эстетикалық тәрбие беру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Күтілетін нәтиже: күйді тыңдайды, ажыратады, әндерді орындайды, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгертеді; күй жанрының ерекшеліктерін, музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Жеңіл би» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды. Орындарында тұрып серіппе жасап, шеңбердің ортасына жиналып, қолдарын шапалақтайды да, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды. Түсіну деңгейі: <i>Музыка тыңдау:</i> «Саржайлау» (Тәттімбет). Күй өнері туралы түсінік беру. Күй – халық музыкасы. Балаларға жұмбақ	Ұлттық құндылықтар: сапқа, тізбекке, шеңберге (оң-сол, алды-арты) қайта тұру; заттардың арасымен фитболды саусақпен жеңіл қозғалту шеберліктерін (машықтарын) күнделікті өмірде. Күтілетін нәтиже: жүрудің әртүрлі түрлерін алмастырып жүруді; еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеуді; бір-бірінен 5 м арақашықтықта тұрған заттардың арасынан фитболды домалатып жүруді; екі аяқпен заттар арасымен секіруді. ұлдар мен қыздар арасындағы гендерлік айырмашылықты; көлбеу қойылған саты тепкішектерімен қалай еңбектеп жүру; қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін қалай жетілдіру; заттардың арасымен фитболды саусақпен қалай жеңіл қозғалту керектігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Мен өте жақсымын» ойын-жаттығуы. Алдымен «Мен» дегенді сыбырлап, одан кейін «өте» дегенді, одан кейін «жақсымын» дегенді сыбырлап айту қажет. Соңында «Мен өте жақсымын!» сөйлемді толық айтады.	Дағды: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Эстетикалық тәрбие беру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Күтілетін нәтиже: күйді тыңдайды, ажыратады, әндерді орындайды, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгертеді; күй жанрының ерекшеліктерін, музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Жеңіл би» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды. Орындарында тұрып серіппе жасап, шеңбердің ортасына жиналып, қолдарын шапалақтайды да, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды. Түсіну деңгейі: <i>Музыка тыңдау:</i> «Саржайлау» (Тәттімбет). Күй өнері туралы түсінік беру. Күй – халық музыкасы. Балаларға жұмбақ	күш, ептілік секілді дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін; ұжым болып бірлесіп тапсырмаларды орындау дағдыларын және мейірімділік пен тәртіптілік нормаларын. Күтілетін нәтиже: әртүрлі жүру түрлерін алмастырып жүруді; допты бір-біріне бастан асыра лақтырып беруді; арқаннан бір бүйірмен екі аяқпен секіруді. малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қалай қағып алуды; бір бүйірмен арқаннан екі аяқпен қалай секіру керектігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Тізбекке бір-бірден тұрғызып, кәдімгі жүріс түрін орындатады. Орташа қарқынмен тізелерін жоғары көтертіп жүгірту. Жеңіл, ырғақпен жүреді. Денебітімдерін, бастарын түзу ұстайды. Теріс қарап жүру: қолды сәйкес амплитудада ұстап, 3 метрге дейін жүру. Түсіну деңгейі: <i>Жүппен ЖДЖ «Жүп фигура» ойын-жаттығуы.</i> Педагогтің нұсқауларын дұрыс және жұбы екеуі қимыл-қозғалыстарын үйлестіріп орындауға тырысады.
--	--	---	--	---	--

	калыпты дұрыс ұстап, педагогтің нұсқауларын дұрыс орындайды. Арқаларын бүкпей, төмен иіледі, алдыға тура қарайды. Түсіну деңгейі: Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату (1-2 – топтық әдіс, 3 – толассыз әдіс): Белгіленген жерге орындық үстінен секіреді (таспадан аса): табандарын белсенді қозғап,жерге түскенде тепе-теңдіктерін қалай сақтау керектігін түсіндіру. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 1-топ (1-2-тізбек) шұңқырғасекіреді, 2-топ (3-4-тізбек) көлбеу қойылған сатының тепкішектері арқылы төрттағандапөбектейді. Тепе-теңдік: (4 рет). Гимнастикалық орындық үстінде басқа құм салынған қапшық (салмағы – 400 г) қойып жүру шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Егер бастарын төмен түсірсе, қапшық жерге құлап кетеді, сондықтан тепе-теңдік сақтап, табандарын сырық үстіне қояды. Сырықтарды залға периметр бойынша орналастырады. Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш» (5 рет). Зал ішіне ойыншылардың санына қарай құрсауларды – «ұяларды» орналастырады. Ойыншылар – «қарлығаштар». Олар зал	жасырып, тапқырлықтарын сынайды. Ұзын мойын, екі ішек. Қатар-қатар тепкішек. Басып қалсаң бір-бірлеп, Күй шығады күмбірлеп. (<i>Домбыра</i>) Күйді домбыра аспабында орындайды. Күй тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдай отырып балалардың көз алдына не елестете алғанын сұрақ-жауап арқылы талдау жасау. Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерін көрсету. Қолдану деңгейі: Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет). Өткен оқу қызметінде үйренген әнді әрі қарай жалғастыру. Күз көріністерін елестете отырып әнді баяу, сазды етіп орындау. Таныс «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Шабандоздар биі» (ұнтаспада «Жұмыр қылыш» «Билеп үйренейік» жинағынан). Би элементтерін еске сақтауға, мәнерлеп орындауға дағдыландыру. Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен жүріп,	Түсіну деңгейі: «Кім зейінді?» ойын-жаттығуы. Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқа тұрады.Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды. Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауғатырысады. Сызық алдына екі тізбекке тұрады. Қолдану деңгейі: Саусақ гимнастикасы. Біздің топтың қыздары мен ұлдары бір-бірімен тату – саусақтарын бір-бірімен айқастырады. Шынашақтар дос болады – шынашақтарын әрі-бері қозғайды. 1, 2, 3, 4, 5 – қайтадан бастап сана. (Шынашақтан бастап әрбір саусақты бір-біріне тигізеді). 1, 2, 3, 4, 5 – біз санап болдық (қолдарын төмен түсіріп, білезіктерін сілкілейді).	жасырып, тапқырлықтарын сынайды. Ұзын мойын, екі ішек. Қатар-қатар тепкішек. Басып қалсаң бір-бірлеп, Күй шығады күмбірлеп. (<i>Домбыра</i>) Күйді домбыра аспабында орындайды. Күй тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдай отырып балалардың көз алдына не елестете алғанын сұрақ-жауап арқылы талдау жасау. Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерін көрсету. Қолдану деңгейі: Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет). Өткен оқу қызметінде үйренген әнді әрі қарай жалғастыру. Күз көріністерін елестете отырып әнді баяу, сазды етіп орындау. Таныс «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Шабандоздар биі» (ұнтаспада «Жұмыр қылыш» «Билеп үйренейік» жинағынан). Би элементтерін еске сақтауға, мәнерлеп орындауға дағдыландыру. Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен жүріп,	Қолдану деңгейі: Ойын: «Орындарыңды ауыстырыңдар». (6 рет). Зал ортасына арқан төсейді, осылайша зал екіге бөлінеді. Әр команда залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» деген белгі бойынша өз алаңдарынан қарама-қарсы алаңға шашырап жүгіреді. Ойыншылары толық екінші алаңға өткен команда жеңімпаз атанады. «Мейірімділік деген не?» ойын-тренингі Әрқайсысымыздың жүрегіміз мейірімге толы. Бір-бірімізге қарап, жылы сөздер айтайық. Мен бәріңе денсаулық тілеймін! Мен бәріңе мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!
--	--	---	--	---	--

	ішінде қолдарын сермеп жүгіріп жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» деген бұйрық бойынша «ұяларына келіп қонады». «Теңіз жағасында» релаксациясы. Өздерін теңіз жағасында жатырмыз деп ойлап, кілем үстіне жатады. Үш рет терең демалады, дем шығарады, сонан соң тып-тыныш жатады.	ән мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету.		ән мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету.	
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 16.30					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 16.30	Өнегелі-15 минут: Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды көректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы мектеп жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Ата-анаға кеңес: Әңгімелесу: «Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!» тақырыбында кеңес беру. Балалардың жеке ерекшеліктері туралы «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	Ата-анаға кеңес: Сұхбаттасу. «Егер сау болғың келсе» («Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!») -Таңертеңгілік жаттығу не үшін қажет? -Таңертең тұрғанда не істейміз? -Омыртқаның қисаюы деген не? -Омыртқа қисаймау үшін не істеу керек? -Жалпақтабан деген не? -Омыртқа қисаюынан және жалпантабандылықтан қандай жаттығу көмектеседі? -Таңертең тұрған кезде не істейміз? Адам табиғаттың бір бөлігі, сондықтан да өз өмірінде белгілі бір тәртіп сақтап, арнайы бір өмір салтына бейімделуі керек.	Ата-анаға кеңес: Әңгімелесу: («Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!») тақырыбында кеңес беру. Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа. Мынау – балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басыңды сыртқа шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды. Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, ток қосқышқа жанасуға болмайды. Мынау – үтік. Оның шнурынан тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады. Плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар – ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап не шүберек керек.	Ата-анаға кеңес: Қауіпсіздік кеңес: «Тұмаудан сақтау жолдары» үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замансыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес: Әңгімелесу: «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, (өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт. Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. -Қайшымен ойнауға, ауызға салуға жоламайды. -Қайшының үшкір жағымен ұсыну- әдепсіздік деп саналады. -Қолына сіріңке алма, өрт шығуы мүмкін. -Үшкір заттарды мұрныға, құлағыға салуға болмайды.

		Адамның бұл тәртібі күн тәртібі деп аталады. - Күн тәртібін сақтайтын балалар ақылды,сымбатты, дені сау болып өседі. Ұйқыға уақытында жатып, ерте ояну керек. Тазалық ережелерін сақтау керек.Уақытында тамақтану қажет. Денсаулықты сақтау үшін күн тәртібін орындау қажет.	Мынау – дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе! Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің? Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің?		
--	--	---	--	--	--

Мектепалды 0 сыныбының тәрбиешісі: Байзулгарипова Г.С.
Крискович А.С.

Шаруа мен аю

(орыс халық ертегісі)

Шаруа шалқан екпекші болып, орманға келіп жер жыртып жүрсе, оған аю жолыға кетеді.

– Ей, шаруа, мен сені құртамын! – дейді аю.

– Мені құрта көрмеші, аюжан, одан да бірігіп шалқан егейік. Шыққан егіннің сабағын түгелдей сен ал. Маған түбірін берсең де болады, – дейді шаруа.

– Жарайды, келістік. Бірақ осыдан алдап кететін болсаң, сені орманның маңына жолатпаймын, – деп ескертеді де аю орманға кіріп кетеді.

Шалқан кереметтей ірі болып жетіледі. Күз түсе шаруа шалқанды қазуға барады. Мұны сезген аю орманнан шыға келеді.

– Кәне, шалқанды бөліске салайық, менің үлесімді бер, – дейді.

Шаруа қарсылық көрсетпейді:

– Мақұл, аюжан, бөлсек, бөлейік; сабағын сен ал, маған түбірі де болады, – дейді.

Сөйтіп, шаруа жапырақ, сабақтарының бәрін аюға жинап береді.

Шаруа өзіне тиесілі шалқандарды арбаға тиеп, қалаға сатуға алып келе жатады.

Осы кезде аю жолығып:

– Қайта кетіп барасың? – деп сұрайды.

– Түбірлерімді сатайын деп қалаға кетіп барамын, – дейді ол.

– Кәне, түбірдің дәмін татып көрейінші, – дейді аю.

Шаруа шалқан ұсынады. Аю оны апыл-ғұпыл жеп алып:

– А-а! Сен мені алдап соққан екенсің! Түбірдің тәтті екенін айтпадың. Енді отын аламын деп орманға жолаушы болма! Маңына келсең, талқаныңды шығарам! – деп айғайды салады-ай кеп.

Келесі жылы шаруа дәл сол жерге бидай егеді. Бидай піскен кезде шаруа оруға келсе, дер сәтін күткен аю оны тосып отыр екен.

– Ә-ә... енді алдауыңа көне қоймаспын, кәнеки, менің үлесімді бер, – дейді аю. – Енді басын сен аласың, түбін мен аламын.

Шаруа келіседі. Сабанын аюға беріп, өзі дәнін қаптап алады.

Тағы да өз ақымақтығынан алданғанын білген аю бұл маңайдан біржола кетіп қалыпты.

БЕКІТЕМІН
УТВЕРЖДАЮ
Мектеп директоры:
Директор школы:
Кудайбергенова К.Д.

Мектепалды 0 сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мәдениет ауылының ЖОББМ»КММ

Сынып/Топ: Мектепалды 0


Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 21.10- 24.10.2024-2025 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі		Дүйсенбі 21.10.24	Сейсенбі 22.10.24	Сәрсенбі 23.10.24	Бейсенбі 24.10.24	Жұма 25.10.24 25 қазан – Республика күні
14.00 Балаларды қабылдау		«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту,музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру.				
Ата-аналармен немесе баланын басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу		«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту,музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. «Ұлттық ойындарды бала тәрбиесінде ұтымды пайдалана білу жолдары» туралы әңгімелесу				
4-апта дәйексөзі: «Отаным – алтын бесігім!» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері», «Егер сау болғың келсе»						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҮІӨ уақыты:	14.00-14.30 14.40-15.10	Дүйсенбі 21.10.24	Сейсенбі 22.10.24	Сәрсенбі 23.10.24	Бейсенбі 24.10.24	Жұма 25.10.24

	15.20-15.50 16.00-16.30	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Құрастыру Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	25 қазан – Республика күні
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 14.00-14.30						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: 10 саны ҮІӨ міндеті: -10 санымен таныстыру. 0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға, реттік санын айтуға дағдыландыру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. -топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Дағды: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Ұлттық құндылықтар: Балалардың жылдамдықтарын, ойшылдық, сауаттылық қасиеттерін дамыту. Шығармашылық еңбек етуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтижелер: 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды;	1. Сауат ашу негіздері– тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Дыбыстық талдау. ҮІӨ міндеттері: -дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру. -дауысты және дауыссыз дыбыстарды сәйкес қызыл, көк түстермен белгілей алу қабілеттерін дамыту. -тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Дағды: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады; сөздерді буынға бөледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Артығын тап» ойынын ұйымдастыру.	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: 10 саны ҮІӨ міндеті: -0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға дағдыландыру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Дағды: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Ұлттық құндылықтар: Еңбекқорлық пен танымдық іс- әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Балалардың логикалық ойлауын, ой-өрісін дамыту. Күтілетін нәтижелер: 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды; заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды	1.Математика негіздері– ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Қанша?Реті бойынша нешінші?(сол жақтан оң жаққа қарай) ҮІӨ міндеттері: -«Қанша?», «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарына жауап беру, реттік санын айтуды үйрету. Санды цифрмен сәйкестендіруді, тура және кері санауды бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -бір-біріне деген достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Дағды: Нешінші,қанша сұрағына дұрыс жауап бере білуге дағдыландыру. Логикалық ойын ұштау. Саусақтың ұсақ моторикасын жетілдіру. Ұлттық құндылықтар: Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Күтілетін нәтижелер:		

	заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; 10 заттан тұратын топтарды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Теру парағымен жұмыс. – Ойын алаңына 9 баладан тұратын команда келді. Бірақ балалар өз орындарын таба алмады. Педагог оларға өз орындарын табуға көмектесуді ұсынады. Теру тақтасында (тақта) балалар нөмірлері бойынша топпен тұрады. Педагог жалғастырады: – Міне, тағы бір бала келді. – Оған қандай нөмір береміз? Балалар оны оныншы деп айтады, бірақ, кейбіреуі бұл санды қалай жазуды білмейді. Біз оны оқып және жазып үйренеміз. Бірақ бұл сан үшін бізге екі цифр қажет: 1 және 0. – Ешкім (ештеңе) болмаған кезде олар: жоқ, немесе НӨЛ деп айтады. Педагог цифрды көрсетеді. – Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен? Өлең оқиды. Аспандағы Ай, Цифраға ұқсас қай? Толған кезде ол, Аумай қалған «Нөл».	1. Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. (аю) 2. Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. (сауысқан) 3. Мысық, түлкі, аю, қасқыр. (мысық) 4. Колғап, көйлек, шалбар, етік. (көйлек) 5. Май, шай, нан, қант, қасық. (қасық) Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дауысты дыбыстар деген не? 2) Дауыссыз дыбыстар деген не? – Балалар, біз бүгін үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйренеміз. Педагог балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді. 1. Ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек. 2. Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек. 3. Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау. Педагог дыбыстық талдау барысында сызбада дауысты дыбыстарды қызыл дөңгелекпен, дауыссыз дыбыстарды көк дөңгелекпен белгілейтінін естеріне түсіреді. Жұмбақ жасыру. Аяз қысып, Өрнек сызып,	қалай сәйкестендіру керектігін; 10 заттан тұратын топтарды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Ойындық сергіту. «Сандық жүгірткі». Бұл ойынға 1-ден 9-ға дейінгі цифрлары бар карточкалар қажет. Карточкаларды еденге ретсіз орналастыр. Балалардан карточкалар бойымен жүгіріп, сандарды өсу ретімен атауын сұраңыз. Егер бала қателессе, онда ол ойынды кері бастайды. Топтардағы практикалық жұмыс. 10 санын үшбұрыш түрінде орналастыру арқылы шеңберлермен бейнелеуге болады. 10 шеңберді санап, үшбұрыш тұрғызыңыз.  Түсіну деңгейі: Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суреттегі отбасы мүшелерін сана. Боялмаған адамды боя. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя. 10 саны қалай шықты? (10 бұл – 9 және 1.)	Оң жақ-сол жақ туралы ұғымдарды, мезгіл туралы ұғымдарды; үлкен және кіші заттарды ажыратуды; Дайын пішіндерді дұрыс ұяшықтарға орналастыруды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Сандық эстафета» ойын жаттығуы. Топтық жұмыс. Педагог балаларды екі командаға бөледі және қатарға тұруларын сұрайды. 1-ден 10-ға дейінгі цифрды бар карточкаларды әзірлейді. Әр бала карточканы қораптан алып, оны командаға қайтарып, содан кейін келесі балаға беруі керек. Барлық 10 карточканы бірінші болып әкелетін команда жеңіске жетеді. Түсіну деңгейі: Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Сол жақтан оң жаққа қарай саусақтарды және жануарларды сана. «Реті бойынша нешінші?» – деп сұрақ қой. Орналасқан ретіне қарай сонша нүкте санын сал. Реті бойынша нешінші? Педагог саусақтардағы суреттерді қарап, сол жақтан оңға қарай кім бейнеленгенін атауды сұрайды. «Нешінші?»	
--	---	---	---	--	--

	«0» дегенде өздерің, Көріп тұр ғой көздерің. Үйлеспесе айналмас, 0-сіз 1-ің 10 болмас. Педагог нөлді бірліктің жанына қойып сұрайды: – Бұл санды жазу үшін қанша сан қолданылды? (2 сан). 10 санын көрсетеді. Түсіну деңгейі: Дәптермен жұмыс 1-тапсырма. Әр бағандағы текшелерді сана. Цифрды қажетті карточкамен сызып қос. Педагог тапсырмаға арналған баспалдаққа назар аударуды ұсынады. – Қатарды, текшелерді, цифрмен және карточкамен сызып қос, онда нүктелер саны қанша болса, сонша текшелер болады. 2-тапсырма. Санақты бастайтын баланы қоршап сыз. Неше бала бар? Цифрды белгіле. – Шеңберге қанша бала тұрды? Санауды бастайтын баланы қоршап сыз. Неше бала бар? Цифрды белгіле. Ойыншыларды ретімен сызып қос. Қатарда 10 бала тұрады. Балалар ойыншыларды рет-ретімен байланыстырады. Педагог балалардың жейделеріндегі цифрды атауды сұрайды. Балаларды қатарға ретімен тұрғызу арқылы, топта цифры бар карточкалармен ұқсас	Терезені торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Сырғанап балалар ойнайды. /Қыс/ Түсіну деңгейі: – Қыс сөзіне дыбыстық талдау жасайық. Педагог тақтаға қыс сөзінің сызбасын іледі. – Балалар, мен қыс сөзіндегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал сендер дыбысты анықтап, тиісті дөңгелектермен белгілеп отырыңдар. – Қыс сөзінде неше буын бар? – Дұрыс айтасыңдар, бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. – Қыс сөзінде барлығы неше дыбыс? – Үш дыбыс екен. – Бірінші дыбысы қандай дыбыс? – Бірінші дыбысы – «қ» дыбысы. – «Қ» дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? – «Қ» дыбысы – дауыссыз дыбыс. – Қандай түспен белгілейміз? – Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап қыыс сөзін оқиды. – «Ы» дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба?	2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексازдан жаса. Тапсырманы орындамас бұрын QR код арқылы жүктелген анимацияны көруге болады, онда санның цифрмен таңбалану тәртібі туралы бейне көрсетіледі. Сандардың суреттерімен және олардың таңбаларымен танысу. Балалар цифрларды саусақпен сурет бетінде, содан кейін ауада жазып таңбалайды. Саусақпен цифрдың үстінен жүргізіп шығуды ұсынады. Ермексازдан жасау. Сергіту сәті. Балалар мәтін бойынша кимылдар жасайды. Иығынды көтер, Шегірткедей секір. Түрлі түсті етікпен 10 рет секір. Ал енді оң аяқпен Соқпақ жолмен, Одан кейін сол аяқпен Соқпақ жолмен секір. Иықтарын көтереді, Екі аяқпен 10 рет секіру. Оң аяқпен 10 рет секіру. Сол аяқпен 10 рет секіру. Қолдану деңгейі: 3-тапсырма. Фигуралардың ішіндегі торкөздерді сана. Оларды торкөздердің санына сәйкес түспен боя.	қатарда сол жақтан оңға қарай, содан кейін оң жақтан солға қарай деген сұрақ қояды. Балалар саусақтарға қанша кейіпкер салынса, сонша нүктелерді салады. 2-тапсырма. Тотықұстарды сана. «Реті бойынша нешінші?» – деп сұрақ қой. Цифрды қоршап сыз. Педагог тотықұстарды санауды, олардың түсін атауды ұсынады. Балаларға бір-біріне «Нешінші?» деген сұрақ қоюды ұсынады. Содан кейін төмендегі суреттегі тотықұс нөмірін тандайды. Бұл жағдайда олар қандай реттік тәртіпте санағандарын атайды. Қолдану деңгейі: 3-тапсырма. Әр балада қанша асықтан бар? Сана. Сонша дөңгелекті боя. Педагог әр балада қанша асық бар екенін есептеуді ұсынады. Сонша дөңгелекті бояйды. Сергіту сәті: «Сандармен секір». 1-ден 10-ға дейінгі үлкен цифры бар кілемшелерді жай. Балаларға кілемшелерден цифрларды тура және кері ретпен санап секіруді сұраңыз. Мысалы, олар 1 цифрдан бастап секіруі мүмкін, содан кейін 2 цифрына және т.б. 10-ға жеткенше. Содан кейін	
--	--	--	--	---	--

	жұмысты ұйымдастыруға болады. «Сана» ойын жаттығуы. Педагог ойыншыларды 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұл есеп тура санау деп аталады. Кері тәртіппен санауды сұрайды. 10-нан 1-ге дейінгі цифрды көрсетеді. Бұл есеп кері санау деп аталады. Содан кейін педагог ойыншыларды ретімен санауды сұрайды: бірінші, екінші, үшінші... оныншы. Және кері санауды сұрайды оныншы, тоғызыншы, сегізінші, ... бірінші. Қолдану деңгейі: 3-тапсырма. Сырымның отбасы мүшелерін ата. Оның достарының әрқайсысына есімдер ойлап тап. Сана. Реті бойынша нешінші болса, сонша нүкте сал. Қай саусақта кім бейнеленгенін атайық. Сонша нүкте сал. Сол жақтан баста. Бұл отбасының бірінші мүшесі. Бір нүкте қой. Екінші – екі нүкте және т. б. «Дұрыс көрсет» ойын жаттығуы. Сан мен цифрдың сәйкестік арақатынасы үшін сандық суреттермен жұмыс (№8, №9 парақтар). Педагог суретті көрсетеді, балалар цифры бар карточканы көрсетеді.	– Дұрыс айтасындар, дауысты дыбыс. – Дауысты дыбыс, өйткені [ы] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог «қыссс» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. – Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр? – Дұрыс айтасындар, «с» дыбысы естіліп тұр. – «С» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – «С» дыбысы дауыссыз дыбыс. Сызбада қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Қыс – 1 буын, 3 дыбыс. Қолдану деңгейі: 1. Бұл жылдың қай мезгілі? Дыбыстық талдау жаса. – Балалар, «қар» сөзіне дыбыстық талдау жасайық. «қар» сөзінің сызбасын іледі, балалар дәптердегі сызба бойынша жұмыс жасайды. Педагог балаларға сызбадағы әр төртбұрышты көрсете отырып, «қар» сөзін оқиды. – Балалар, мен «қар» сөзіндегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал	Балалар тапсырма бойынша торкөздерді санына сәйкес бояйды. 4-тапсырма. Қажетті санға дейін толтыру үшін әр бағаннан бір дөңгелектен боя. Тура және кері санауды дауыстап жүргізеді. «Реті бойынша сапқа тұр» ойын жаттығуы. 0-9 цифрлары мен 10 цифры бар карточкаларды шығаруды, ретімен құрастыруды ұсынады Ойын жаттығуы «Цифрды жина» (№5, №6, №7 парақтар). Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	олар 10 цифрынан секіруден бастай алады және 1-ге жеткенше кері тәртіпте санау жасап секіреді. «Сапқа тұр» ойыны. 0-9 және 10 сандары бар карточкаларды шығаруды, ретімен құрастыруды ұсынады. Балалар өздерінің реттік нөмірін атайды. – Бірінші, екінші ... оныншы. Педагог қорытынды жасайды, балалардан не үйренгенін сұрайды. Балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	
--	---	---	--	--	--

	– Адамның қолында қанша саусақ бар? (10 саусақ). «Санамақ саусақтар» ойыны. Бұл ойын үшін әр қолда саусақ үлгісі және карточкаларда 1-ден 9-ға дейінгі цифрлар болуы керек. Балалардан әр қолының саусақтарын көрсетуін сұра, содан кейін көрсетілген саусақтарға сәйкес келетін карточкадағы цифрды көрсетуін сұра. 4-тапсырма. Қай себетте текшелер көп? Белгіле. Қай себетте кішкентай текшелер аз? Қоршап сыз. Текшелерді түсі, өлшемі, саны бойынша боя. Педагог заттардың қасиеттерін қайталайды: түсі, пішіні, мөлшері, саны. Әрі қарай, балалар тапсырманы орындайды: осы қасиеттер көрсетілген тапсырма бойынша текшелерді бояйды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	сендер дыбысты анықтап, тиісті дөңгелектермен белгілеп отырыңдар. – «Қар» сөзінде неше буын бар? – Дұрыс айтасыңдар, бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. – «Қар» сөзінде барлығы неше дыбыс? – Үш дыбыс екен. – «Қар» бірінші дыбыс қандай дыбыс? – Иә, бірінші дыбыс – «қ» дыбысы. – «Қ» дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? – Қандай түспен белгілейміз? – Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап қааар сөзін оқиды. – «А» дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбыс. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог «қаррр» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. – Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр? – Дұрыс айтасыңдар, «р» дыбысы естіліп тұр. – «Р» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – «Р» дыбысы – дауыссыз дыбыс. – Сызбада қандай түспен белгілейміз?			
--	--	--	--	--	--

		– Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Қар сөзінде –1 буын, 3 дыбыс бар. Сергіту сәті: Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым, Алға қарай бір адым. Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық. Жұмыс дәптерімен жұмыс 2. Суреттегілер дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл қарындашпен, дауыссыз дыбыстан басталса, көк қарындашпен боя. 4. Штрихта. 5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында. Алақанды ысқылап, Қыздырайық, балақай. Алақаның ысыды, Қараңдаршы, алақай! Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балалардың жетістіктерін ауызша бағалайды, мақтайды.			
--	--	---	--	--	--

(ұйымдастырылған іс-әрекет)	ҰІӨ тақырыбы: Отбасым-бақыт мекенім. ҰІӨ міндеттері: -тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету; -дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту; -Туған өлке, Отанды сүюге баулу. Дағды: Есте сақтау, түсіну дағдыларын дамыту. Ұлттық құндылықтар: Отбасының қаншалықты маңызды екендігін ұғындыру. Отбасында үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету. Отбасы мүшелеріне қамқорлық жанашыр сезімдерін дамыту. Отбасындағы өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Дыбыстарды ажырата біледі. Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілерді қолданып жеткізеді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: (Ұ) Шаттық шеңбері. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар Отбасы мыналар: Ең жақын адамдар Әке мен анам бар, Бір туған апам бар, Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін еремін. Әр адамның өз отбасы болады. Олар кез келген істі	зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. ҰІӨ тақырыбы: Менің Отаным-Қазақстан. ҰІӨ міндеттері: -Мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға өздері тұратын туған қала, балабақша орналасқан шағынаудан, көше туралы түсіндіру. Балалардың нақты мекенжайын, тұрғылықты жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. -Отан деген сөздің мағынасын түсіндіре білуге, және Қазақстанда тұратын ұлт өкілдері туралы әңгімелей алуға баулу. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы зейіндерін дамыту; -туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу. Дағды: Қазақстан Республикасы туралы мәлеметтерді оқу іс-әрекеттерінде қолдана білу дағдыларын арттыру. Ұлттық құндылықтар: Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру. Патриоттық сезімге тәрбиелеу, балалардың ой-өрісін кеңейту және Отанға деген махаббатты арттыру. Туған жерінің табиғатын, елін, жерін, отбасын сүю.	ҰІӨ тақырыбы: Елордам-Астана. (Батырбай Сейбадуллаевтың өлеңі)\ Арыстан мен тышқан. (қазақ халық ертегісі) ҰІӨ міндеттері: -өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -туған жерін қадірлеуге тәрбиелеу. Дағды: Өлеңді мәнерлеп оқуға, ойларын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: - Астанадағы әсем көрікті жерлерді көре білуге, әсемдікті сезіне білуге баулып, мақтаныш сезімдерін ояту; -өз еліне деген сүйіспеншілікке, патриоттыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: өлең тыңдау, қарапайым сұрақтарға жауап беру; Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Шаттық шеңберін құру. Күннің нұрын алақанға саламын, (алақанды алақанға қояды) Жүрегіме басып ұстай аламын. (алақанын жүрегінің тұсына қояды) Жарық, жылы, нәзік әрі мейірлі (екі қолын жанына қарай жаяды)	ҰІӨ тақырыбы: Нағыз дос. ҰІӨ міндеттері: -сөздерді буынға бөлуді үйрету; -сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Дағды: Суретке қарап сөйлем, әңгіме құрап айта алады. Қарама-қарсы сөздерді қолдана алуға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Бір-біріне деген сүйіспеншілігін арттыру, өзара татулық сезімдерін дамыту. Күтілетін нәтиже: Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын сөздерді сөйлегенде қолданады; әңгімені әрі қарай өрбіте алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: (Ұ) Шаттық шеңбері: Біздің топта балалар, Тату-тәтті ойнайды. Дос көңілі әрқашан Тек жақсылық ойлайды. Педагог: Балалар, сендерге жалғыз ойнаған немесе серуендеген ұнай ма? Балалар өз ойларын ортаға салады, пікір алмасады. Жалғыз ойнасақ, жалғыз серуендесек, жалғыз тамақтансақ, көңілсіз екен. Сондықтан біз жалғыз	
---	--	---	--	--	--

	бірігіп атқарады, бір біріне көмектеседі. Отбасында біз үлкендерді сыйлауға, кішілерге көмек көрсетуге, оларға қамқор болуға үйренеміз. 1-тапсырма. Сурет бойынша әңгіме құра. 1. Анасы не істеп тұр? 2. Әкесі қандай жұмыспен айналысып жатыр? 3. Атасы мен әжесі не істеп отыр? 4. Бөлмеде тағы кім бар? 5. Бұлар қандай отбасы деп ойлайсындар? – Сенің ата-анаңның аты-жөні кім? – Олар қайда және кім болып жұмыс істейді? – Сен үйде анаңа қалай көмектесесің? – Үлкен аға, әпкелеріңнің тілін аласың ба? – Іні-қарындастарыңа қалай қамқорлық көрсетесің? – Сен отбасындағы адамдарды қалай қуантасың? – Сенің әжең, атаң ертегі, әңгіме, аңыз айтып бере ме? – Педагог балалардың пікірлерін, жауаптарын жинақтап толықтырады. Түсіну деңгейі: Дидактикалық ойын: «Ол қандай?» Шарты: Педагог бір балаға допты лақтырады да, сұрақ қояды. Допты алған бала сұраққа жауап беріп, допты қайта лақтырады.	Күтілетін нәтиже: Біздің Отанымыз туралы қойылған сұрақтарға жауап береді; Қазақстан Республикасы-тәуелсіз ел екенін түсінеді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Ұнтаспадан Е. Хасанғалиевтің орындауындағы «Атамекен» әнін тыңдайды. Сөздік жұмыс: Атамекен – ата-бабадан ұрпаққа мұра болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен. Балалар да өз ойларын ортаға салады: – Атамекен дегеніміз – туған жеріміз. Ол – менің атам, менің ата-бабаларым мекен еткен жер. Енді сол жерде мен туып-өсіп жатырмын. Педагог М.Әлімбаевтың «Туған жерім тамаша» өлеңін оқиды. Туған жердің жырларын Кең өлкенің қорларын Қызғалдақтай терейік. Жүр, аралап, келейік! Саккұлақ пен Қырағы сұрақтар қояды. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы өлеңнің мазмұны ашылады. – Біздің Отанымыз қалай аталады? – Біздің Отанымыз – Қазақстан.	Болып кетер сонда дереу жан-жағым. (3 рет үрлеп, бір-біріне жылулық сыйлайды) Педагог балаларға бейнетаспадан Астананың көрікті жерлерін көрсетеді. – Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Бүгін біз Батырбай Сейбадуллаевтың «Астана» өлеңімен танысамыз. Астана – еліміздің бас қаласы. Біз Астана туралы жырлап, мақтан етеміз. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп, ұйқас сөздермен жүрекке жеткізеді. Педагог «Астана» өлеңін оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Түсіну деңгейі: Сөздік жұмысы: киелі – қастерлі бақ – бұл жерде: бақыт, береке, құт ынтымақ – бірлік, ауызбіршілік Сұрақ-жауап: – Өлең шумақтарында не жайында айтылған? – Астана қандай қала? Бейнежазбадан не көрдің? – Астананың негізгі белгісі (символы) қалай аталады? – Астана қаласына бардың ба? Қандай көрікті жерлерін көрдің?	қалмас үшін бізге дос, жолдас керек. 1-тапсырма. Досың туралы әңгімеле. Сенің ең жақын досың кім? Оның жас нешеде? Досың қайда тұрады? Неліктен сен оны жақын досым деп санайсың? Түсіну деңгейі: Ойын-жаттығу: «Сөйлемді аяқта». Мен өз досымды адал деп санаймын, өйткені ... Мен өз досыммын ... бөлісемін. Мен өз досыма көмектесемін және ... Әліппе-дәптермен жұмыс: 2-тапсырма. Мақалдардың мағынасын түсініп ал. Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды. Дос бәрінен де қымбат. 3-тапсырма. Досыңның суретін сал. Сергіту сәті: Біз балалар бағында Тұрамыз өте көңілді. Көп болсақ та достықпен Өткіземіз өмірді. Қолдану деңгейі: 4-тапсырма. Досыңмен бос уақытыңды қалай өткізетінін сызба бойынша әңгімеле. Педагог балалармен бірге шартты белгілерді талқылайды. Педагог әңгімені тыңдауды ұсынады. Арман ойыншық құлыншағын алып, аулаға ойнауға шықты. Ауладағы	
--	--	---	---	--	--

	– Сенің әкең қандай? (Мықты, еңбекқор, батыл, мейірімді, кішіпейіл) – Сенің анаң қандай? (Мейірімді, ақылды, көңілді, әдемі) – Сенің атаң қандай? (Ақкөңіл, дана, мейірімді) – Сенің әжең қандай? (Сабырлы, қамқор т.б) – Балалар, әжеміз, атамыз, анамыз, әкеміз тіпті аға-әпкелеріміз сендерді «Күнім, айым, жұлдызым, құлыным!» - деп ғажап нәрселерге теңеп еркелетеді. Қолдану деңгейі: Сергіту сәті: Керілеміз, созыламыз, Терең алып тынысты. Оңға бір, солға бір, Жалғаймыз біз жұмысты. Жаңылтпаштан жаңылмайық: Уықтардың барлығын Уыққапқа сал, күнім. Уыққапқа салған соң, Уыздан жеп ал, күнім. 2-тапсырма. Дидактикалық ойын «Сөйлемді аяқта». Менің отбасым ... Менің атам ... Менің әжем ... Менің әкем ... Менің анам ... Менің ағам, інім ... Менің қарындасым, әпкем, сіңлім ... 3-тапсырма. Мақалдың мағынасын түсініп ал.	– Қазақстан сөзі «Қазақ» және «стан» сөздерінен құралған, яғни Қазақ елі деген мағына береді. Біздің жеріміз кең-байтақ. Қазақстан аталу себебі: жергілікті халық – қазақ. Біздің еліміз – көпұлтты ел. Қазақстанда тұратын басқа да көптеген ұлт өкілдері Қазақстанды өзінің Отаны деп санайды. Түсіну деңгейі: Қазақ халқында елімізді, жерімізді жаудан қорғаған батырлар көп. Олар: Қаракерей Қабанбай батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Қарасай батыр, Наурызбай батыр, Саурық батыр. (Батырлар бейнеленген портреттерін көрсетіп, әрқайсысының аты-жөндерін қайталап айту қажет). – Қазақстан жерін ежелден қоныстанып келе жатқан ел – қазақ халқы. Қазақ халқы – ержүрек, достыққа адал, бауырмал, қонақжай халық. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Осы күн Мемлекеттік мереке – «Тәуелсіздік күні» деп аталады. Дүниежүзіндегі мемлекеттер Қазақстанды тәуелсіз Республика деп таныды. Мемлекетіміздің дербестігін білдіретін рәміздеріміз бар.	– Бәйтерек сөзіне сөйлем құра. Сергіту сәті Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын кең аспан. Педагог «Астана» өлеңін мәнерлеп екінші қайтара оқып береді. Балалармен бірге символдар мен суреттерді талқылайды. Мнемокестедегі суреттер арқылы тапқақты жаттатады. Өлеңді 2-3 рет жоғары, орта, төмен дауыспен қайталатады. Қолдану деңгейі: 1. Астана туралы не білесің? Астананың көрікті жерлерін ата. 2. Арман Астананың көрікті орындарына қалай жетеді? Сызып көрсет. 3. Есінде сақта. Жері байдың – елі бай. Педагог балалармен тапсырманы талқылайды, суреттерді көрсетеді, бірінен кейін бірі келетін ретін анықтайды. Балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Өлең не туралы? Еліміздің елордасы қалай аталады? – Астананың көрікті жерлерін ата. Балаларды мадақтау.	тентек бала Қайсар Арманның құлыншағымен ойнап жүріп, аяғын сындырып қойды. Құлыншақты Арманға қайтарып берді. Ал Арманның досы Қуаныш Қайсарға бұл істеген ісі жөн емес екендігін айтты да, ... (Балалар әңгімені өздері жалғастырып айтады.) Тіл ұстарту: Ша-ша-ша – пісіп тұр алша. Ос-ос-ос – бәрі бірге дос. (Т) Дидактикалық ойын: «Досыңды тап». Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың балалары көздерін таңып, өз достарын табуы керек. Олар өз досын қолын, шашын, киімдерін қолмен ұстап, сипау арқылы табады. 5-тапсырма. Досыңа не сыйлар едің? Белгіле. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды. (Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысын бағалап қорыту.	
--	---	--	---	---	--

	Мақалдың мазмұнын талдау. Ана алдында - құрмет, Ата алдында - қызмет. Педагог мақалды қайталату арқылы жаттатып, мағынасын түсіндіреді. 4-тапсырма. Суретке қарап, отбасыңмен өз уақытыңды қалай өткізетініңді айт. Немен айналысқан ұнайды? Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды. (Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысын бағалап, қорытындылайды.	Отанымыздың бас қаласы қалай аталады? – Астана. Педагог Т. Жексенбайдың астана туралы өлеңін оқиды. Отанымның төрінде, Ту ұстаған – Астанам, Сарыарқаның өрінде. Әсем қалам, бас қалам. – Өлеңде не туралы айтылған? – Астана қаласы туралы. Педагог С. Оспановтың өлеңін оқиды. Жап-жасыл ағашы, Ақ басты тауы бар – Қып-қызыл алмасы. Алматы қаласы. – Өлеңде қандай қала туралы айтылған? – Алматы қаласы туралы айтылған. – Астана қаласының символы не? Қолдану деңгейі: – Астана қаласының символы – «Астана-Бәйтерек» монументі. Монумент ұзын темірлі құрылымдардан, керемет үлкен шардан тұрады. Құрылым биіктігі 105 метрді құрайды. – Алматы қаласының символы не? – Алма. Астана қаласы және Алматы қаласының көрікті жерлерінің суреттерін қарастыру. Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).	ҰІӨ тақырыбы: Арыстан мен тышқан.(қазақ халық ертегісі) ҰІӨ міндеттері: -сахналық қойылымға қатысуға жетелеу; -кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету. Дағды: Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады; ертегіні бейнелеуіш сөздер арқылы шығармашылықпен мазмұндайды Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Шаттық шеңберін құру. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, Күн жасайықшы. – Мынау ненің суреті? (Күннің) – Күн жарқырап шыққанда адамдарға шуағын шашады. Таңертең тұрған кезде ата-аналарың «Қайырлы таң!» – деп айта ма? Кәне, біз де қайырлы таң тілейік. Қайырлы таң, көздерім, сендер ояндыңдар!		
--	--	---	---	--	--

		«Отан – отбасынан басталады» деген мақалдың мағынасы ашылады: Отан – біздің отбасымыз, үйіміз, балабақшамыз, туған жеріміздің табиғаты, ауылымыз, қаламыз. Үлестірмелі материалдармен жұмыс: 1. Суреттер бойынша Отан туралы әңгіме құрап айт. 2. Суретке қара. Біздің елімізде қандай ұлт өкілдерінің тұратынын ата. 3. Саққұлақ пен Қырағы Отанымыздың көрікті жерлерін аралады. Олар қай қалаларда болды? Ата. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. ҮІӨ тақырыбы: Менің мекенжайым ҮІӨ міндеттері: -балаларға өздері тұратын туған қала, балабақша орналасқан шағынаудан, көше туралы түсіндіру. -схеманы пайдаланып, көрсетілген мекенге жетуді үйрету, түрлі өмірде кездесетін жағдаяттан шыға білу қабілеттерін дамыту; -көмекке келуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Дағды: Балалардың нақты мекенжайын, тұрғылықты	Қайырлы таң, саусақтарым, сендер ояндыңдар! Балалар көздерін, саусақтарын уқалайды. – Балалар, мына сиқырлы сандықта жануарлар бар екен. Олар қандай жануар екенін білу үшін жұмбақтың шешуін табайық. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Айбарлы түсі бар, Қанжардай сұсы бар, Күжірейген жалды, Білсең айт бұл анды? (Арыстан) Үй ішін аралап, Түнде көп жортады. Қаптарды жарады, Мысықтан қорқады. (Тышқан) Түсіну деңгейі: Ертегі не туралы деп ойлайсыңдар? – Суреттегі жануарларды ата. Арыстан қандай аң? – Бүгін біз «Арыстан мен тышқан» атты қазақ халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Ертегіні слайд арқылы көрсетеді, әңгімелейді. Педагог балаларға ертегіні оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы:		
--	--	--	--	--	--

		жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық құндылықтар: Өз үй –іші,отбасына деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: -өз мекен-жайы мен тұрғылықты қаласының немесе ауылының атын, ондағы сәулетті, мәдени орындары туралы айта білу; -ауылының атын, ондағы сәулетті мәдени орындарды біледі; -кез –келген істің адам еңбегі арқылы келеіндігі, ауылдың көркеюіне өздерінің үлесі бар екенін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Шеңберге тұрады. «Баспана» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Е. Елубаевтың өлеңі бойынша әр жануардың баспанасы және адамның баспанасы қалай аталатынын біледі. Педагог қала немесе ауылда әр адамның үйін мекенжай арқылы табатындығын түсіндіреді. Сөздік жұмыс: Адам тұратын үй, мекеме, кәсіпорынның орналасқан жері «мекенжай» деп аталады.Балалар өздері тұратын қала/ауылдың	қайырымдылық – жақсылық жасау, көмек көрсету кәдеге асу – «бір кезде мен де жақсылық жасаймын» деген мағынада Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Ертегі қалай аталады? Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Тышқанды арыстан қалай ұстап алды? – Тышқан арыстанға не деді? Арыстан тышқанның уәдесіне неге күлді? – Арыстан тұзаққа қалай түсті? Оған тышқан қандай көмек жасады? Тіл ұстарту жаттығуы: Аң-аң-аң – аң патшасы арыстан. Сергіту сәті Орманға біз барамыз, Ағаштарды аралап, Арыстан болып ақырып, Тышқанша біз жүреміз. Қолдану деңгейі: Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Суреттерді қара. Арыстан тышқанға не айтты? Тышқан арыстанға қалай көмектесті? 2. Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт. Жұбыңмен кейіпкерлердің диалогін құр. 3. Суретте қандай аң жасырынып тұрғанын тап. Ата.		
--	--	---	--	--	--

		атын және көшелерін атайды. Балалар өз қаласының/ауылының көрікті жерлерін атайды, сол туралы әңгімелейді. Педагог: Біз ата-аналарыңның көмегімен сызылған картамен жұмыс жасаймыз. Әр баланың аты жазылған, шартты белгілер орналасқан, балабақшаға, мектепке келетін жолы сызылған парақшаларды алып, баланың өзіне айтқызады, балабақшаға келе жатқан жолда қандай ғимараттар бар, олар жолдың қай шетінде орналасқан, тұратын аудандары қалай аталатыны жайлы әңгімелеп, парақшаны тақтаға іледі. Педагог төмендегі жетекші сұрақтар арқылы балалардың өз мекенжайы туралы айтқызады. Өздерің тұратын көше қалай аталады? Әр бала өзі тұратын көшенің атын айтады. Көшелерінде қандай үйлер бар? Үйлердің жанында қандай дүкендер (ғимарат, шаштараз, дәріхана т.б.) бар? Түсіну деңгейі: Ғажайып сәт. Есік қағылып, қуыршақ Айсұлу кіреді. – Сәлеметсіңдер ме, балалар, менің атым – Айсұлу, мен адасып	Педагог балалардың суретте қандай аң жасырынып тұрғанын табуына көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізеді. Жұмбақ ойын: «Айна» Педагог бір кейіпкердің қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады. Педагог ертегіні сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлге бөлінеді. Ертегіні драмалауда сиқырлы қоржыннан текшелер таңдап алады. Безендірілген сахна алаңында театр костюмдерін шығарып, кигізеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң балалар көрермендерге иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Ертегіден қандай әсер алдың? Балаларды мадақтау.	
--	--	--	---	--

		кеттім, маған көмектесіңдерші. – Айсұлу, неге адасып кеттің? – Өйткені мен өзім тұратын үйді білмеймін. Балалар айтыңдаршы, сендер осы балабақшада, мектепте тұрасыңдар ма? – Жоқ! Таңертең ата-анамыз алып келеді, ал түсте үйге қайтамыз. – Сендер қай үйде тұратындарыңды қалай білесіңдер? – Әр үйдің өз нөмірі бар. – Айсұлу адасып кетіпті, оған мекенжай туралы білетінімізді айтып берейік, көмектесейік. – Өзіміз тұратын үй мекенжай деп аталады. – Неліктен біз мекенжайымызды білуіміз керек? – Мекенжай хат, сәлемдеме жіберуге, қонаққа келуге, жедел жәрдем, өрт сөндіру мәшинесі немесе полиция көмекке мұқтаж адамдарға келуі үшін қажет. – Біздің мектеп қай жерде орналасқан? Мектептің жанында қандай ғимараттар бар? Қандай көшелердің қиылысында орналасқан? Қолдану деңгейі: Балалар мектептің қайда және оның жанында орналасқан ғимарат, үй,			
--	--	--	--	--	--

		дүкендерді атайды. Педагог балаларға осы айтылған мекенжай бойынша жоспар құруды ұсынады. Балалар өз беттерінше пайымдаулар айтып, жоспар құрады: 1. Қала/ауыл ____ 2. Көше ____ 3. Үй нөмірі ____ Сергіту сәті: «Айгөлек» әнінің музыкасын қосады. Балалар педагогпен қосылып, би қимылдарын жасайды. Есік қағылып, әже (қуыршақ) кіреді. Айсұлу «Әже!» – деп қуанып құшақтайды. Педагог пен балалар Айсұлуға мекенжайды білу керектігін, қай жерде тұратыны есте сақтау керектігін тағы түсіндіреді. Әже балаларға рақметін айтып, Айсұлуды ертіп, қоштасып, шығып кетеді. – Айсұлудың орнында болсаңдар, онда не істейсіңдер? Балалар өз беттерінше пайымдап, қалталарына телефон номері жазылған, мекенжай жазылған қағаз салып жүру керектігін не болмаса ата-аналарының телефондарының номерін есте сақтау қажеттігін, ұялы телефон ұстап жүру керектігін айтады. Үлестірмелі материалдармен жұмыс			
--	--	---	--	--	--

		1. Айсұлу қай үйде тұрады? Желаякқа Айсұлудың үйін схема бойынша сызып көрсет. 2. Арманның үйі көпқабатты, терезелері тіктөртбұрышты. Арманның үйін тауып белгіле. Қырағыға өзін тұратын үй туралы әңгімеле.			
2 үзіліс – 15.10-15.20					
Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары					
Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.					
Ұлттық құндылықты қалыптастыру					
Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында					
Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар. Дыбыстық есту арқылы ойын: Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Міндеттері: -балалардың сөздік қорын молайту; -үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру; -балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу; -заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінін қандай екенін қайталату; -үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту; Дағды: балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту, үйренген дыбыстарды дұрыс айтуға, артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру;			Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар. Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығулар артикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар: 1. «Сабын көпіршігін үрле». Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктері алақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін. 2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле» (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлгілдек немесе мақтаны үрлеуге болады). 3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді». Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз. 4. «Көңілді маймыл». Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз. 5. «Шарларды үрлеу». Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз. 6. «Жылан қалай ысқырады». Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс).		

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 15.20-15.50

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Мен және менің достарым. ҮІӨ міндеттері: -қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Дағды: сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Топтағы балаларды атымен атауды үйрету, «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін үйрету; адамдармен өзара түсінісіп, қарым қатынас жасай білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды	3.Құрастыру - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Жәндіктер. Жануарлар әлемі. Жапырақтар. ҮІӨ міндеттері: табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету; -кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту; -кіндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету; Дағды: Табиғатта өзін ұстау ережесіне дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Жәндіктер, жануарлар әлемі, жапырақтар. әлеміне деген қызығушылығын арттыру және оларды қорғауға үйрету. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Табиғатты бақылай білуге қабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: -табиғи материалдардың түрлерімен танысады және олардан жәндіктерді құрастыра алады; -кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындай білуге үйренеді;	3. Сауат ашу негіздері- тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Дыбыстық талдау. \ Дыбыстық талдау. [ң] ҮІӨ міндеттері: -балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту. -сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту. -ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Дағды: сөздерді буынға бөліну арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру Ұлттық құндылықтар: Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. Күтілетін нәтиже: Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін біледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Заттың жекеше түрін айт» ойынын балалармен ұйымдастыру. 1. Ұлдар – ұл. 2. Торғайлар – ... (торғай) 3. Көбелектер – ... (көбелек) 4. Таулар – ... (тау) 5. Жапырақтар – ... (жапырақ) Өткен тақырыптарды қайталау.	3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы. ҮІӨ міндеттері: мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету; -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Дағды: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жайсөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Балаларға мамандықтардың пайдалы жақтарын айта отырып, олардың бәрі адам мүддесі, қоғам мен халыққа қызмет етуші екендігін түсіндіріп, жалпы мамандыққа және оны игеріп ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген маман адамдарға деген құрметтеу, ардақтау және мақтаныш ете білу сезіміне тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: -жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, жаңылтпашты қайталайды; -қарапайым сұрақтарды түсінеді;	
---	---	--	---	---	--

	дұрысайтады. Сөйлемдер құрастырады; дос, тату, достар сөздерін түсінеді,өзі және достары туралы айтады, қарапайым сұраққа жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: «Менің отбасым» тақырыпты қайталау. Сөздік ойын: «Мен бастаймын, сен қошта». Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпазанықталады. Түсіну деңгейі: Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Балаларға мектептің суретін көрсетіп, сұрақтар қояды. Мынау не? Бұл – мектеп. Балалар қайда келді? Балалар мектепке келді. Балалар не істеп жүр? Мектеп ауласында ойнап жүр. Саған мектепте көңілді ме? Иә, балабақшада көңілді.Мектепте балалар көп. Олар бір-бірімен дос. Дос, дос-ы-ң, се-н-і-ң до-сың. Ме-н-і-ң до-сым. Арман, сен кіммен ойнайсың? Арман, Арлан сенің досың ба? Иә. Менің досым – Арлан. Арман, Арлан – достар. Достар қалай ойнайды? Достар тату ойнайды.	-табиғи материалдармен ұқыпты жұмыс жасайды, еңбек ете білуге дағдыланады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Жапырақтардан жасалған үлгіні көрсетіп талдау жасау және балалармен не жасағысы келетінін таңдау; жапырақтарды өзі жасайтын бейнелерге сәйкес таңдап алады. Орындалу реті: алдымен көбелектің екі қанатын орналастырады; -төменгі қанатын кіші жапырақтардан орналастырамыз; ортасына ұзынша жапырақты қойып денесін және мұрттарын жасаймыз. Жапырақтарды бір-біріне желіммен немес ермексазбен бекіту жолдарын көрсетеді. Осы тәсілмен инеліктің жасалу жолдары түсіндіріледі. Инеліктің қанатын жасауға жұқа, ұзынша жапырақтар таңдалады. Түсіну деңгейі: Педагог аю, қоян, түлкі т.б. аңдар бейнесін жасау ретімен таныстырады, ол үшін әр аңның бет бейнесінің ерекшелігіне назар аударады: түрлі түсті қағаздан бет бейнелерді қиып алудың	«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді? 2) Буында неше дауысты дыбыс болады? Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Түсіну деңгейі: «Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Педагог балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды жалғастырады. Педагог доп, шар сөздерінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі. Екі бала тақтада доп, шар	-мамандық атауларын қазақша атайды, жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: «Мамандықтар». Мамандықтарды суреттермен таныстырады. Жаңа сөздермен таныстыру. Мынау – ұшқыш. Мынау кім? Мынау – ұшқыш. Мынау – ғарышкер. Мынау кім? Мынау – ғарышкер. Мынау – дәрігер. Мынау кім? Мынау – дәрігер. Мынау – құрылысшы. Мынау кім? Мынау – құрылысшы. Мынау – сатушы. Мынау кім? Мынау – сатушы. Балалар сөздерді қайталайды. Түсіну деңгейі: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш. Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер. Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құ-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер- ғарышкер. Қолдану деңгейі: Ойын: Кім не істейді? Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады.	
--	--	---	---	---	--

	Біз Арман екеуміз дос-пыз, та-ту ойнаймыз. Біз-дің до-сы-мыз көп (балалар қайталайды). Мақал-мәтелді түсіндіреді. «Адам досымен, ағаш тамырымен мықты» . Жаңа сөздерді естерінде сақтату: дос – друг, достар – друзья, тату – дружно, біздің достарымыз – наши друзья Қолдану деңгейі: Дидактикалық ойын: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле». Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу. <i>Менің атым – Наргиз.</i> <i>Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле.</i> <i>Біз тату ойнаймыз.</i> <i>Менің атым – Арман.</i> <i>Мен бес жастамын.</i> <i>Менің достарымның аттары – Арлан, Нұрым. Біз достарымызбен татуымыз.</i> Сергіту сәті. Зеңгір көктем, нұрын төккен, Ортақ біздің гүліміз, Жайнап өскен, жайдары өскен, Біз өмірдің гүліміз. Бал достыққа, жолдастыққа Шақырады әніміз. Тыныштықта, нұр құшақта Бақыттымыз бәріміз.	жолдары көрсетіліп, түсіндіріледі; оларды киндер қораптарына жапсыруда орындарын нақты табуға бағыт беріледі; ермексаз, жұқа түссіз қағаздар, гуашь бояулар т.б. пайдалануға болады; дайын болған аңдармен үстел үсті театрын құрып, ертегі құрастырып айтуға ұсыныс жасалады. Қолдану деңгейі: «Не қалай дауыстайды?» ойынын ұсынады. Педагог қалдық заттардан алуан түрлі ойыншықтарды жасауға болатынын көрсетіп әңгімелейді. Киндерден жасалған «аңдар» бейнесіне талдау жасайды, кім қандай аңды жасайтындықтарын таңдауды сұрайды. Сергіту сәті. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық Қалтамызға салайық.	сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. Қалған балалар орындарында талдау жасайды, қателескендер тактамен тексеріп, қателерін түзейді. – Шар сөзін баяу айтып, сөздегі әр дыбыстық дыбысталуына назар аударындар. – Шар сөзінде неше буын бар? – Дұрыс айтасындар, бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. – Шар сөзінде барлығы неше дыбыс? – Үш дыбыс екен. – Шшшар бірінші дыбыс қандай дыбыс? – Иә, бірінші дыбыс – ш дыбысы. – Ш дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? – Қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап шааар сөзін оқиды. – А дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дұрыс айтасындар, дауысты дыбыс.. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог «шаррр» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. – Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр?	Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды. «Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді? <i>Балалар Менің</i> есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды. Менің әкем құрылысшы болып істейді. Менің анам дәрігер болып істейді. Жаңылтпашпен таныстыру. Ұшқыш меңгергенді Дәрігер меңгере ала ма? Дәрігер меңгергенді Ұшқыш меңгере ала ма? Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Аяқты нық басамыз. Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып аламыз. Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз.	
--	---	--	--	---	--

			– Дұрыс айтасындар, «р» дыбысы естіліп тұр. – «Р» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – «Р» дыбысы дауыссыз дыбыс. -Сызбада қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Шар – 1 буын, 3 дыбыс. Қолдану деңгейі: <i>Доп – 3 дыбыс, 1 буын.</i> Сергіту сәті Биле, биле, балақай Бір, екі, үш, төрт Біз билейміз күш көп. Бес, алты, жеті, сегіз Ән менен би егіз. Қолдармен биле, аяқты серме. Билейік айнала, бос тұрма қайтала! Доп сөзінің дыбыстық талдауын анықта. Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында. Саусақтар шықты қыдырып, Балетке келді жүгіріп. Залдың шамы сөнеді, Бишілер билеп береді. Балет қандай тамаша! Қол соғайық таласа. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. ҰІӨ тақырыбы:		
--	--	--	--	--	--

			Дыбыстық талдау. [ң] ҰІӨ міндеттері: - Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту; - графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту; - дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дағды: сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру Ұлттық құндылықтар: Сабакқа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. Күтілетін нәтиже: Дыбыстық талдау жасай алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы іс-әрекетті бастайды. Педагог қойған сұрақтардың жалпы атауын балалар жылдам, әрі дұрыс айтып отырулары керек. 1. Астана, Алматы, Тараз – ... (қалалар) 2. Ертіс, Еділ, Жайық, Іле – ... (өзендер) 3. Ту, гимн, елтаңба – ... (рәміздер) 4. Мұғалім, дәрігер, аспазшы – ... (мамандар)		
--	--	--	--	--	--

			5. Кітап, дәптер, портфель – ... (мектеп құралдары) Түсіну деңгейі: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше», «Ине», «Төбешік», «Түтікше» «Кім білгіш?» дидактикалық ойыны Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, ш, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текше; - дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады. «Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны. Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады. 1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б. 2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.		
--	--	--	--	--	--

			– Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б. Қолдану деңгейі: 3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б. Педагог бір баланы тақтаға «тал» сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында жасайды. «Тал» сөзінің дыбыстық талдауы. «Тал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. Сергіту сәті: Кәнеки, отырып бәріміз, Бақшада бұлбұлдар сайрайды, Желкеге қолды қоямыз. Аспанда ақ бұлттар ойнайды. Арқаны кеңге сап жатамыз, Қызылды-жасылды көбелек, Көз жұмып қиялға батамыз. Ұшудан қанаты талмайды. Табиғат көрікті тамаша, Көреміз төгілген күн нұрын, Қиялмен көз жұмып қараса. Керемет ерекше күн бүгін. Бұлақтың сыңғырын естиміз, Ақырын қозғалып орнынан,		
--	--	--	---	--	--

			Гүлдерді иіскейміз таласа. Кәнеки, тұрады кім бұрын? Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Қай түстің атында н дыбысы естіледі? Белгіле. 2. Дыбыстық талдау жаса. 4. Үзік сызықтарды бастыр. Нелердің суреті шықты? 5. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп кайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында. Партадағы саусақтар Ортанғы мен сұқ саусақ Адымдайды, жүреді . Түйекұсты салады. Өнерлі бұл саусақтар Төңкеріліп аспанға, Сурет сала біледі. Қоян да бола қалады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.	
--	--	--	---	--

Ұлттық құндылықты қалыптастыру
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру

3 үзіліс – 15.50-16.00

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Экологиялық тәрбие. Эмоционалды әрекет.

Экологиялық ойын: Ойын арқылы балаларды табиғатпен таныстырады.

Аз қимылды ойын: «Не қай жерде өседі»

Басты міндеттері: Балалардың жылдамдығын жетілдіру, есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.



Аз қимылды ойын: «Не қай жерде өседі» экологиялық ойыны.

Ойын міндеттері: Балаларды табиғатта болып жатқан процестерді түсінуге үйрету; көрсету жер бетіндегі барлық тіршіліктің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігі.

Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.

Әдістемелік нұсқау:

Ойын шарты: Мұғалім әртүрлі өсімдіктер мен бұталарды атайды, ал балалар таңдайды тек белгілі бір аймақта өсетіндер. Егер олар өссе – балалар қол шапалақтайды немесе олар бір жерге секіреді (кез келген қозғалысты таңдауға болады), егер жоқ болса – балалар үндемейді.

Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Тәрбиеші: «Тыйым салу белгілері»

1. Табиғатты ластама, қоқысты өзіңмен бірге алып жүр.
2. Көбелектерді, инеліктерді және құстарды ұстамаңыз.
3. Табиғаттан артық нәрсені алмаңыз.
4. Құмырсқа илеулерін бұзбаңыз.
5. Ағаштар мен бұталардың бұтақтарын сындырмаңыз.
6. От жағуға болмайды.
7. Орманда шу шығармаңыз.
8. Орманда және шалғында гүлдерді жыртып алмаңыз.
9. Құстардың ұяларын бұзбаңыз.
10. Жабайы жануарлардың төлдерін үйге апармаңыз.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 16.00 - 16.30

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӨ(ұйымдастырылған іс-әрекет)	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. ҰІӨ тақырыбы: Бізбен бірге және бізден артық орында. ҰІӨ міндеттері: балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра лақтыру жаттығулары дұрыс жасауды үйрету. Секіру	4. Музыка-шығармашылық ойын әрекет. ҰІӨ тақырыбы: Сабантойды тойлаймыз. ҰІӨ міндеттері: -қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып,	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. ҰІӨ тақырыбы: Біз – болашақ әскерміз!\nБіздің стадион ҰІӨ міндеттері: -заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру	4. Музыка-шығармашылық ойын әрекет. ҰІӨ тақырыбы: Сабантойды тойлаймыз. ҰІӨ міндеттері: -қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып,	
--	--	--	---	--	--

	және жүгіру жаттығулары қайталату. Дағды: Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алу (машықтарын) қалыптастыруға дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: күш, ептілік секілді дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін; ұжым болып бірлесіп тапсырмаларды орындау дағдыларын және мейірімділік пен тәртіптілік нормаларын. Күтілетін нәтиже: әртүрлі жүру түрлерін алмастырып жүруді; допты бір-біріне бастан асыра лақтырып беруді; арқаннан бір бүйірмен екі аяқпен секіруді. малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қалай қағып алуды; бір бүйірмен арқаннан екі аяқпен қалай секіру керектігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Тізбекке бір-бірден тұрғызып, кәдімгі жүріс түрін орындатады. Орташа қарқынмен тізелерін жоғары көтертіп жүгірту. Жеңіл, ырғақпен жүреді.	жоғары-төменгі қозғалысын ажырату; -музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау; -ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу. Дағды: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды нақтылы орындай білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін ояту. Күтілетін нәтиже: -дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды; -қарапайым музыкалық терминдерді; -пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов). Шығарманың 1-бөлімінде балалар зал ішінде шеңбер бойымен екеуден қол ұстасып, жай жүреді. Әуеннің 2-бөлімі орындалғанда зал ішінде біреуден жеңіл секіре басып шашырап жүреді.	жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. Дағды: екі аяқпен бірдей итерілуді, баяу жүгіріс дағдыларын, кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту. Ұлттық құндылықтар: шапшаңдық секілді дене сапасын және кез келген іс-әрекетті ақылға салып, талдап шеше білу машықтарын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: кинезиологиялық гимнастика, алысқа доп лақтыру; жүру түрлеріне сәйкес қол қозғалы амплитудасы, секірулерді ретпен орындау, қолды алдымен төмен, сосын жоғары-артқа жіберу қимылы; екі аяқпен бірдей итерілуді, баяу жүгіріс дағдыларын, кеңістікті бағдарлау дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Бір-бірден тізбекке сап түзеп, жай жүрісті орындайды. Тізесін жоғары көтеріп, сосын арт жағына жіліншегін сілкіп жүгіреді. Артпен жүру, сүйем қадам аттап жүруді орындайды.	жоғары-төменгі қозғалысын ажырату; -музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау; -ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу. Дағды: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды нақтылы орындай білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін ояту. Күтілетін нәтиже: -дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды; -қарапайым музыкалық терминдерді; -пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов). Шығарманың 1-бөлімінде балалар зал ішінде шеңбер бойымен екеуден қол ұстасып, жай жүреді. Әуеннің 2-бөлімі орындалғанда зал ішінде біреуден жеңіл секіре басып шашырап жүреді. Әуен рет 2-3 рет қайталанады.	
--	---	---	--	---	--

	Денебітімдерін, бастарын түзу ұстайды. Теріс қарап жүру: қолды сәйкес амплитудада ұстап, 3 метрге дейін жүру. Түсіну деңгейі: Жұппен ЖДЖ «Жұп фигура» ойын-жаттығуы. Педагогтің нұсқауларын дұрыс және жұбы екеуі қимыл-қозғалыстарын үйлестіріп орындауға тырысады. Қолдану деңгейі: Ойын: «Орындарыңды ауыстырыңдар». (6 рет). Зал ортасына арқан төсейді, осылайша зал екіге бөлінеді. Әр команда залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» деген белгі бойынша өз алаңдарынан қарама-қарсы алаңға шашырап жүгіреді. Ойыншылары толық екінші алаңға өткен команда жеңімпаз атанады. «Мейірімділік деген не?» ойын-тренингі Әрқайсысымыздың жүрегіміз мейірімге толы. Бір-бірімізге қарап, жылы сөздер айтайық. Мен бәріңе денсаулық тілеймін! Мен бәріңе мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!	Әуен рет 2-3 рет қайталанады. Балалармен сабантой туралы әңгіме өткізіп, ол мерекенің қандай кезде болатынын, не үшін тойланатыны туралы мәлімет беру. Түсіну деңгейі: Музыка тыңдау: «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова). Күйді тыңдай отырып алған әсерлерін ортаға салу, күйдің мағынасын түсіндіру. Д. Нұрпейісова туралы мәлімет беру, портретін көрсету. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Сабантой» (Е. Хасанғалиев). Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Өнді бір-бірін тыңдай отырып, айғайламай, дауысқа күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету. Қолдану деңгейі: Билер: «Көңілді қолшатырлар биі» (педагогтің таңдауымен ұнтаспада). Би элементтерін мәнерлеп орындауға үйрету. Еске сақтауға, ырғақты сезіне орындауға қалыптастыру. Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» – қазақтың ұлттық ойыны.	Жүру мен жүгірудің әр түріне сәйкес қол қимылының амплитудасын сақтауға басты назар аудару. Кинезиологиялық гимнастика «Бірінші бол!» (3 рет). Жүргізушіні алмастырып жүгіру. Аты аталған ойыншы ең алдыға тұра қалып, жүргізуші болып, жүгірісті басқа бағытта жалғастырады. Басқа баланың аты аталғанда сол бала жүргізуші болады. Осылайша олар ауысып отырады. Қолдарын кеудесіне дейін жоғары қарай алдыға қозғалтып, ішке тартып, шынтағымен артқа шығару керектігіне назар аударту. Нұсқау: қысқа қадамдар жасап, аяқ басымен аттап жүгіру. Түсіну деңгейі: «Кімнің добы алысқа ұшады?» (3 рет). Допты алдыға-жоғары бағытында, бүгілген қолдарын жазып барып, шұғыл лақтыруға тырысады. Допқа қайтадан барып алып келу үшін Белгі берілген кезде оңжақ (сол жаққа) айнала жүгіріп барып, допты сол жолымен алып келіп, қатардың артына, қауіпсіз жерге тұра қалады.	Балалармен сабантой туралы әңгіме өткізіп, ол мерекенің қандай кезде болатынын, не үшін тойланатыны туралы мәлімет беру. Түсіну деңгейі: Музыка тыңдау: «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова). Күйді тыңдай отырып алған әсерлерін ортаға салу, күйдің мағынасын түсіндіру. Д. Нұрпейісова туралы мәлімет беру, портретін көрсету. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Сабантой» (Е. Хасанғалиев). Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Өнді бір-бірін тыңдай отырып, айғайламай, дауысқа күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету. Қолдану деңгейі: Билер: «Көңілді қолшатырлар биі» (педагогтің таңдауымен ұнтаспада). Би элементтерін мәнерлеп орындауға үйрету. Еске сақтауға, ырғақты сезіне орындауға қалыптастыру. Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» – қазақтың ұлттық ойыны. (Күй «Адай») Құрманғазы, ұнтаспадан).	
--	--	---	---	---	--

		(Күй «Адай» Құрманғазы, үнтаспадан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларды ептілікке, батырлыққа, табандылыққа баулу. Ұлттық ойынға қызығушылықтарын арттыру.	Бастапқы қалыпқа дұрыс келу: Үш саусағын доптың артында, шынашақ пен басбармағын доптың екі жағына орналастырады. Лақтыру техникасына басты назар аудару: қолдарын айналмалы қозғалысқа келтіріп, алдымен төмен апарып барып, жоғары-алға серпіп лақтырады. Қауіпсіздік ережелерін естен шығармау. Қолдану деңгейі: «Секіргіштер». Екі тізбекке қайта сап құрады. Бірінші ойыншы бір орыннан ұзындыққа секіреді. Екінші ойыншы сол жерден әрі қарай дәл солай секіреді. Сөйтіп барлық ойыншылар секіріп болған соң, қашықтықтарын салыстырады. Команданың барлық ойыншылары бір орыннан ұзындыққа секіреді. Барлығы секірген соң жүргізуші әр команданың секіру қашықтықтарын қосып, ұзаққа секірген команданы анықтайды. Сөйтіп, олар жеңіске жетеді. «Кегельдерді жина!» Әр тізбектің алдына әрбір метр сайын кегельдер орналастырылған. Соңғы	Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларды ептілікке, батырлыққа, табандылыққа баулу. Ұлттық ойынға қызығушылықтарын арттыру.	
--	--	--	--	--	--

			кегельден соңжалаушалар қойылған. Белгі бойынша бірінші ойыншы бірінші (өзіне жақын) тұрған кегельді жүгіріп барып алыпкеліп, орнына тұра қалады. Келесі ойыншы сол сәтте жүгіре кетеді де, келесі кегельді алыпкеледі. Ойын жалғасқан сайын, қашықтық ұзара береді. Соңғы ойыншы жалаушаны алып келіп, орнына тұра қалып, жалауды көтереді. Тыныс алу жаттығуы «Спортпен айналысасак, жылдам өсеміз» – аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары көтеріп, демалады. «Күннен-күнге бойымыз өсіп жатыр» – қолды төмен түсіріп, табанды жерге толық басып, дем шығару.		
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 16.30					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 16.30	Өнегелі-15 минут: Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы мектеп жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Ата-анаға кеңес: Әңгімелесу: «Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!» тақырыбында кеңес беру. Балалардың жеке ерекшеліктері туралы «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	Ата-анаға кеңес: Сұхбаттасу. «Егер сау болғың келсе» («Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!») -Таңертеңгілік жаттығу не үшін қажет? -Таңертең тұрғанда не істейміз? -Омыртқаның қисаюы деген не? -Омыртқа қисаймау үшін не істеу керек? -Жалпақтабан деген не?	Ата-анаға кеңес: Әңгімелесу: («Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!») тақырыбында кеңес беру. Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа. Мынау – балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басынды сыртқы шығаруға немесе терезе алдына	Ата-анаға кеңес: Қауіпсіздік кеңес: Күзгі каникул кезіндегі оқушылардың өзін ұстау және қауіпсіздік ережесі Каникулға арналған нұсқаулық Үйде жалғыз қалғанда, өзін ұстау ережесі № 1 нұсқаулық 1. Есікті тек жақсы танитын адамдарға ғана ашу керек.	

		-Омыртқа қисаюынан және жалпантабандылықтан қандай жаттығу көмектеседі? -Таңертең тұрған кезде не істейміз? Адам табиғаттың бір бөлігі, сондықтан да өз өмірінде белгілі бір тәртіп сақтап, арнайы бір өмір салтына бейімделуі керек. Адамның бұл тәртібі күн тәртібі деп аталады. - Күн тәртібін сақтайтын балалар ақылды,сымбатты, дені сау болып өседі. Ұйқыға уақытында жатып, ерте ояну керек. Тазалық ережелерін сақтау керек. Уақытында тамақтану қажет. Денсаулықты сақтау үшін күн тәртібін орындау қажет.	шығып отыруға болмайды. Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, тоқ қосқышқа жанасуға болмайды. Мынау – үтік. Оның шнурынан тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады. Плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар – ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап не шүберек керек. Мынау – дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе! Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің? Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің?	2. Үйдің кілтін «Көрінетін жерге» тастама. 3. Егер де сіз үйдің кілтін жоғалтып алсаңыз, тез арада ата-анаңызға хабар беріңіз. Көшелерде жүрудің жеке қауіпсіздік ережесі № 2 нұсқаулық 1. Егер де көшеде соңыңыздан біреудің қалмай келе жатқанын байқап қалсаңыз, адамдар көп шоғырланған жерлерге мысалы: дүкенге, автобус аялдамасына қарай жүгіріңіз. 2. Егер де бөгде адамдар сізді күшпен алып кеткісі келгенін байқаған болсаңыз, қарсылық көрсетіп, айқайлап, «Көмектесіңіздер! Мені біреу әкетіп бара жатыр!» деген сөздерді айтып, көмекке шақырыңыз. 3. Бөгде үлкендердің қандай да бір ұсыныстарына келіспеңіз. Бөгде адамдармен сөйлеспеңіз, бөгде адамның көлігіне отырмаңыз. 4. Егер де үйде үлкендер болмаса, таныс емес адамдарды үйіңізге шақырмаңыз. 5. Қас қарайғанша далада ойнамаңыз. 6. Күдікті заттарды қолға ұстап көрмеңіз, күдікті нәрселерге жоламаңыз. Тауып алған жағдайда	
--	--	---	--	---	--

				үлкендерге, полицияға дереу хабарлаңыз Жолда жүру ережесі № 3 нұсқаулық 1. Жол жиегінен оң жақпен ғана өтіңіз. Егер де тротуар жоқ болса, онда жолдың сол жақ жиегімен көлік қозғалысан қарай жүріңіз. 2. Жолдан жаяу жүргінші жолынан немесе бағдаршам орналасқан жерден өтіңіз. Жолдан бағдаршамның жасыл көзі жанғанда ғана өтіңіз. 3. Жолдан өтер кезде алдымен солға, содан кейін оңға қараңыз. 4. Егер де бағдаршам жоқ болса, жолдан көшенің қиылысынан өтіңіз. 5. Велосипедпен жүру барысында жол бойына шықпа.	
--	--	--	--	---	--

Мектепалды 0 сыныбының тәрбиешісі: Байзулгарипова Г.С.
Крискович А.С.